

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қыркүйектегі N 899 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы"

1 бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік сот орындаушысы - бұл мемлекеттік қызметте тұрған және өзіне заңмен жүктелген атқару құжаттарын орындау жөніндегі міндеттерді орындайтын лауазымды тұлға;
- 2) толық мәжбүрлі орындау - сот орындаушысының іс жүргізуінде болған кезеңінде, сот орындаушысы борышкерге Заңның 38-бабының тәртібімен ерікті түрде орындау үшін ұсынған мерзімді қоспағанда, атқару құжатын толық көлемде орындау;
- 3) сот орындаушысы - осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, бірдей құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттік сот орындаушысы және жеке сот орындаушысы;
- 4) жеке сот орындаушысы - атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша өкілетті мемлекеттік органмен (бұдан әрі - өкілетті орган) берілген жеке сот орындаушысының лицензиясы негізінде заңды тұлға құрмай атқару құжаттарын орындау үшін жеке практикамен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы.

2-бап. Атқарушылық іс жүргізу міндеттері

Атқарушылық іс жүргізу міндеттері азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот шешімдері, ұйғарымдары мен қаулылары, мүлікті өндіріп алу бөлігінде қылмыстық

істер жөніндегі үкімдер мен қаулылар негізінде атқару құжаттарын міндетті түрде және уақтылы орындау, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда өзге де органдардың шешімдері мен қаулыларын орындау болып табылады.

3-бап. Атқарушылық іс жүргізу негізгі қағидалары

Атқарушылық іс жүргізу:

- 1) заңдылық;
- 2) атқарушылық іс-әрекеттерді жүргізу және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану уақытылы және айқын болуы;
- 3) адамның ары мен намысын құрметтеу;
- 4) борышкер мен оның отбасы мүшелерінің өмір сүруіне қажет мүліктің минимуміне қол тиеушілік;
- 5) өндіріп алушы талабының көлемі мен мәжбүрлеп орындату шараларының сайма-сайлығы;
- 6) өндіріп алушылар арасында өндірілетін сомаларды бөлудің пропорционалдылығы;
- 7) атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындау бойынша шығындарды борышкер есебінен орнын толтыру;
- 8) сот орындаушының әрекеттері мен қаулыларына сотқа шағымдануға еркіндік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнама

1. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңның және атқарушылық іс жүргізу туралы өзге де нормативтік құқықтардың алдында басымдықта болады және халықаралық шарттан, оны қолдану Қазақстан Республикасының заңын шығару қажет етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

5-бап. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың қолданылу тәртібі

1. Атқарушылық іс жүргізу атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде қолданылып жүрген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бюджетке төленетін салық төлемдері мен өзге де міндетті төлемдердің берешегін, айыппұлдар төлеуді кешіктіргені үшін өсімдерді және бюджетке төленетін салық және өзге де міндетті төлемдер туралы заңнаманы бұзғаны үшін өзге де санкцияларды өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізу осы Заңда белгіленген тәртіппен және салық пен кеден заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған, таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе

жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Шетелдіктерге, азаматтық жоқ тұлғалар мен шетелдік ұйымдарға қатысты соты мен өзге де органдардың актілерінің орындау осы Заңға сәйкес жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің атқарушылық құжаттарына қатысты атқарушылық іс жүргізу, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан өзгеше туындамаса, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап. Атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын тұлғалар

1. Осы Заңның 8-бабында аталған атқару құжаттарын орындау сот орындаушыларына жүктеледі.

2. Заңмен көзделген жағдайларда атқару құжаттарын орындау сот приставтарының жәрдемдесуімен жүзеге асырылады.

3. Өзге органдар, ұйымдар мен лауазымды тұлғалар осы заңда тікелей нұсқаудың болуына байланысты ғана атқару құжаттарын мәжбүрлі орындау жөніндегі атқару әрекеттерін жүзеге асырады.

4. Атқарушылық іс жүргізу органдары қызметкерінің қызметтік іс-әрекетіне, заңнамалық актілермен тікелей уәкілеттік берілген тұлғалардан басқа, ешкімнің араласуға құқығы жоқ. Атқарушылық іс жүргізу органдары қызметкерінің іс-әрекетіне заңға қайшы араласу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

7-бап. Атқарушылық іс жүргізу тілі

Атқарушылық іс жүргізу органдарының тілін сот орындаушысы Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес айқындайды.

8-бап. Атқару құжаттарының тізбесі

1. Мыналар атқару құжаттары болып табылады:

1) сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары, бұған осы баптың 1-тармағының 3 және 4-тармақшасында көзделген жағдайлар кірмейді;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес берілетін сот бұйрықтары;

3) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және төрелік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары;

4) аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары;

5) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған сот қаулылары;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қаулысы;

7) талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы прокурордың қаулысы;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өзге де органдардың қаулылары.

2. Атқару құжаты жоғалған жағдайда атқару құжатын берген орган Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беретін оның дубликаты өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

3. Атқарушылық іс жүргізу қозғалған атқару құжаты атқарушылық іс жүргізу материалдарында болады. Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізудің қозғалғаны туралы қаулыны орындау үшін аталған атқару құжатының көшірмесімен қоса жібереді.

9-бап. Сот орындаушысының қаулысы

1. Атқару құжаттары орындауға қойылған күннен бастап сот орындаушысы қабылдаған атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша шешім қаулымен ресімделеді

2. Сот орындаушысының қаулысында:

1) мемлекеттік сот орындаушылары аумақтық бөлімінің немесе жеке сот орындаушысы қызметі аумағының атауы және олардың мекенжайы;

2) қаулының шығарылған күні;

3) қаулы шығарған тұлғаның лауазымы, тегі және аты-жөні;

4) қаулы шығарылған атқарушылық іс жүргізудің атауы мен нөмірі;

5) қаулы шығарылған мәселе;

6) қабылданған шешімнің заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтемесі бар негіздемесі;

7) қаралатын мәселе бойынша қабылданған шешім;

8) қаулыға шағымдану тәртібі көрсетілуге тиіс.

3. Сот орындаушысы өз бастамасы бойынша немесе атқарушылық іс-жүргізуге қатысатын тұлғалардың өтініші бойынша қаулыда жіберіп алынған жаңылыс жазуларды немесе айқын арифметикалық қателерді түзетуге құқылы. Аталған түзетулер бұрын шығарылған қаулыға өзгерістер енгізу туралы қаулымен енгізіледі.

Мемлекеттік сот орындаушысы қаулысының күшін жою аумақтық бөлім басшысының тиісті қаулысымен жүргізіледі.

Жеке сот орындаушысы қаулысының күшін жоюды жеке сот орындаушысының өзі жүргізеді.

4. Сот орындаушысының қаулысы қаулыда көрсетілген мерзімде орындалуға жатады және азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес сотқа шағымданылуы мүмкін.

2-тарау. Атқарушылық іс жүргізудегі мерзімдер 10-бап. Атқару құжаттарын орындауға беру мерзімдері

1. Атқару құжаттары мәжбүрлеп орындатуға мынадай мерзімдерде:

1) сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқару парақтары - үш жыл ішінде;

2) аралық соттардың немесе төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары - үш жыл ішінде;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулылары - егер заңмен өзге мерзімдер белгіленбесе, бір жыл ішінде;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қаулысы, - бір жыл ішінде;

5) прокурордың қаулылары - үш ай ішінде берілуі мүмкін.

2. Аталған мерзімдер:

1) мүлікті өндіріп алу бөлігінде сот актілері негізінде берілген атқару парақтарын орындау кезінде - сот актісі заңды күшіне енген не сот актісін орындаудың мерзімін ұзарту немесе оған мәулет беру кезінде белгіленген мерзім аяқталғаннан кейінгі күннен бастап, ал сот актісі дереу орындалуға тиіс болған жағдайларда - ол шығарылғаннан кейінгі күннен бастап;

2) аралық соттардың немесе төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілген атқару парақтарын орындау кезінде - шешім күшіне енген күннен кейінгі күннен бастап;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулыларын орындау кезінде - қаулы шығарылған күннен бастап;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қаулыларын орындау кезінде - мәжбүрлеп орындату туралы шешім қабылданғаннан кейінгі күннен бастап;

5) қалған атқару құжаттарының барлығы бойынша - олар берілгеннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

3. Мерзімді төлемдер өндіріп алу туралы шешімдер (алимент өндіріп алу туралы, мертiктірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен келтірілген зиянды өтеу туралы және басқа істер бойынша) атқару құжаттары төлем жасауға берілген барлық уақытта күшін сақтайды. Мұндай жағдайларда мерзім әрбір төлем үшін жеке есептеледі.

11-бап. Атқару құжатын беру кезіндегі мерзімінің үзілуі

1. Атқару құжатын орындауға беруге арналған мерзім:

1) атқару құжатын орындауға беру;

2) атқару құжатын борышкердің ішінара орындауы арқылы;

3) борышкерді іздестіру кезінде үзіледі.

2. Үзілістен соң мерзімінің өтуі қайтадан басталады, бұл орайда үзіліске дейінгі еткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді.

3. Үзілістен кейінгі жаңа мерзім атқару құжаты бойынша өндіріп алу толық немесе ішінара жүргізілмей, ол өндіріп алушыға қайтарылған күннен бастап, не өндірушінің борышкердің тұратын жерін анықтаған немесе өндірушінің борышкердің тұратын жерін анықтағандығы туралы хабарлаған күннен бастап есептеледі.

12-бап. Атқару құжатын орындауға беру үшін өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру

1. Атқару құжатын орындауға ұсынуға арналған мерзімді өткізіп алған өндіріп алушы сот актісін шығарған сотқа немесе орындалатын жердегі сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасауға құқылы.

2. Атқару парағын орындауға берілген мерзімді өткізіп алу себептерін сот дәлелді деп таныған жағдайда мерзім қалпына келтірілуі мүмкін.

3. Қалған атқару құжаттары бойынша өтіп кеткен мерзім қалпына келтіруге жатпайды.

3-тарау. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар

13-бап. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың құрамы

Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар болып мыналар танылады:

- 1) атқарушылық іс жүргізудің жақтары (өндіріп алушы және борышкер);
- 2) атқарушылық іс жүргізу жақтарының өкілдері;
- 3) сот приставы;

4) атқарушылық құжатта көрсетілген талаптарды орындауға жәрдемдесетін өзге тұлғалар (ішкі істер органдарының бөлімшелері және қызметкерлері, аудармашы, куәгерлер, маман, сот орындаушымен қамауға алынған мүлікті қорғауға немесе сақтауға берілген тұлға және басқалар)

14-бап. Атқарушылық іс жүргізудегі тараптар

1. Өндіріп алушы мен борышкер атқарушылық іс жүргізуге тараптар болып табылады.

2. Өз пайдасына немесе мүдделеріне атқару құжаты берілген жеке немесе заңды тұлға өндіріп алушы болып табылады.

3. Атқару құжатында көзделген талаптарды орындауға міндетті жеке немесе заңды тұлға борышкер болып табылады.

4. Атқарушылық іс жүргізуге бірнеше өндіріп алушы немесе борышкер қатыса алады (бірге қатысушылар). Олардың әрқайсысы атқарушылық іс жүргізуге дербес қатысады. Бірге қатысушы атқарушылық іс жүргізуде өз мүдделерін қорғауды басқа

бірге қатысушыға тапсыруы мүмкін, ол келіскен жағдайда, бұған атқару құжаты бойынша борышкерге оның өзі ғана жасай алатын міндеттер (жеке міндеттер) жүктеген жағдайлар қосылмайды.

15-бап. Атқарушылық іс жүргізуге тараптарының құқықтары мен міндеттері

1. Атқарушылық іс жүргізуге тараптарының атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға, көшірмелерін алуға, қосымша материалдар беруге, өтініш білдіруге, атқарушылық әрекеттер жасауға қатысуға, атқарушылық әрекеттер процесінде ауызша және жазбаша түсініктер беруге, атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдері мен пікірлерін айтуға, атқарушылық іс жүргізуге қатысушы басқа тұлғалардың дәлелдері мен өтініштеріне қарсылық білдіруге, бас тартуын мәлімдеуге, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне немесе шешімдеріне шағым жасауға құқығы бар.

2. Атқарушылық іс жүргізуге тараптар өздеріне берілген барлық құқықтарды адал пайдалануға, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың талаптарын орындауға міндетті.

3. Борышкер сот орындаушысына атқарушылық іс жүргізу кезеңінде жұмыс орнының немесе тұратын орнының өзгеруі туралы, сондай-ақ жаңа кіріс көздерінің пайда болуы туралы хабарлауға міндетті.

16-бап. Атқарушылық іс жүргізудегі құқықтық мұрагерлік

Борышкер қатардан шыққан (азамат қайтыс болған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, талаптан бас тартылған, борыш ауысқан) жағдайда сот орындаушысы шешім шығарған сотқа борышкерді оның құқықтық мұрагерімен ауыстыру туралы ұйғарым шығару жөнінде ұсыныс жіберуге құқылы. Құқықтық мұрагер үшін ол атқарушылық іс жүргізуге кіріскенге дейін жасалған барлық іс-әрекеттер борышкер үшін міндетті болатындай дәрежеде міндетті болады.

17-бап. Атқарушылық іс жүргізуге тараптар өкілдерінің қатысуы

1. Жеке тұлғалар атқарушылық іс жүргізуге дербес немесе өкілдері арқылы қатыса алады. Атқарушылық іс жүргізуге жеке тұлғаның өзінің қатысуы оны өз өкілі болуы құқығынан айырмайды. Егер атқару құжаты бойынша борышкерге оның өзі ғана орындай алатын міндеттер жүктелсе, онда борышкер оларды орындау кезінде өкіл арқылы әрекет етуге құқылы емес.

2. Ұйымдардың атқарушылық іс жүргізуге қатысуы олардың өздеріне заңдармен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен және құрылтай құжаттарымен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін органдары не аталған органдардың өкілдері арқылы жүзеге асырылады.

Ұйым атынан өкілдік ететін тұлғалардың өз лауазымдық жағдайлары мен өкілеттіктерін растайтын құжаттары болуға міндетті.

3. Өкілдің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхатпен куәландырылады.

18-бап. Өкілдің өкілеттіктері

1. Атқарушылық іс жүргізудің өкілі атқарушылық іс жүргізумен байланысты барлық іс-әрекеттерді өкілдік берушінің атынан жасауға құқылы.

2. Өкілдік беруші беретін сенімхатта өкілдің мынадай іс-әрекеттер жасауға:

- 1) атқару құжатын ұсынуға және кері қайтарып алуға;
- 2) өкілеттіктерді басқа тұлғаға беруге (қайта сенім білдіруге);
- 3) сот орындаушысының әрекеттеріне шағым жасауға;
- 4) ұйғарылған мүлікті (соның ішінде ақшаны) алуға;
- 5) бітімгершілік келісім жасасуға өкілеттіктері арнайы ескертілуге тиіс.

19-бап. Өкіл бола алмайтын тұлғалар

1. Он сегіз жасқа толмаған немесе қорғаншылықта не қамқоршылықта болатын тұлғалар атқарушылық іс жүргізуде өкіл бола алмайды.

2. Судьялар, тергеушілер, прокурорлар, өкілді органдардың депутаттары, атқарушылық іс жүргізу органдарының, сот кеңсесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының аппаратының қызметкерлері, тиісті ұйымдардың уәкілі немесе заңды өкілдері ретінде атқарушылық іс жүргізуге олардың қатысу жағдайларын қоспағанда, атқарушылық іс жүргізуде өкіл бола алмайды. Тұлға, егер мүдделері өзі өкілдік ететін тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғаларға осы іс бойынша заң көмегін көрсетіп жатса немесе бұрын көрсеткен болса, сондай-ақ егер ол атқарушылық іс жүргізу органының қызметкерімен туыстық қатынаста болса, өкіл бола алмайды.

20-бап. Заңды өкілдер

1. Атқарушылық іс жүргізуде кәмелетке толмаған тұлғалардың, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін заңды өкілдері - олардың ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары немесе қамқоршылары қорғайды, олар өз өкілеттіктерін куәландыратын құжаттарын табыс етеді.

Заңды өкілдер әрекет жасау құқығына заңда көзделген шектеулері бар өкілдік берушіге тиесілі барлық сондай әрекеттерді өкілдік берушінің атынан жасайды.

2. Сот хабарсыз кетті деп таныған тұлға қатысатын атқарушылық іс жүргізуге оның өкілі ретінде, хабарсыз кеткеннің мүлкі басқаруға берілген және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл ретінде тағайындалған тұлғалар қатысады.

3. Қайтыс болған немесе қайтыс болды деп белгіленген тәртіппен жарияланған тұлғаның мұрагері қатысуға тиіс атқарушылық іс жүргізу бойынша, егер мұраны әлі ешкім қабылдамаған болса, өсиетті орындаушы немесе мұраны сенімгерлікпен басқарушы мұрагердің өкілі ретінде қатысады.

4. Заңды өкілдер атқарушылық іс жүргізуге қатысуды өздері өкіл ретінде таңдап алған басқа тұлғаға тапсыруы мүмкін.

21-бап. Атқарушылық іс жүргізуге аудармашының қатысуы

1. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар атқарушылық әрекеттер жасау кезінде өз бастамасы бойынша немесе сот орындаушысының ұсынысы бойынша аудармашы шақыруы мүмкін. Кәмелетке толған, әрекетке қабілетті, іске мүдделі емес, атқару әрекеттерін жүргізу үшін қажетті дәрежеде тіл меңгерген кез келген тұлға аудармашы бола алады.

2. Аудармашының өз еңбегі үшін сыйақы алуға құқығы бар. Оған төленген сыйақы атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылады.

3. Алдын ала біле тұрып бұрыс аударма жасаған жағдайда аудармашы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікке тартылады, бұл туралы оған сот орындаушы ескертеді.

22-бап. Атқарушылық іс жүргізуге куәгерлердің қатысуы

1. Атқарушылық әрекеттер кемінде екі куәгердің қатысуымен жасалуы мүмкін.

2. Мынадай жағдайларда:

1) өндіріп алушының немесе борышкердің талабы бойынша;

2) үйге орналастыру және үйден шығару туралы шешімдерді, борышкердің мүлкін пайдалануға тыйым салуға, алып қоюға және беруге, оның тұрғын үйін, үй-жайлары мен қоймаларын ашуға, тексеру жүргізуге байланысты әрекеттерді орындау кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда куәгерлердің қатысуы міндетті.

Өзге жағдайларда куәгерлер сот орындаушысының бастамасы бойынша қатысуы мүмкін.

3. Кәмелетке толған, әрекетке қабілетті, атқарушылық әрекеттердің нәтижесіне мүдделі емес кез келген азаматтар куәгерлер ретінде шақырылуы мүмкін.

4. Куәгерлер қатысатын атқарушылық әрекеттер басталар алдында сот орындаушысы куәгердің атқарушылық әрекеттерге қатысу тәртібін түсіндіреді.

5. Куәгер өзінің қандай атқарушылық әрекеттер жүргізу үшін шақырылып отырғанын, олар қандай атқару құжаты негізінде жасалатынын білуге хақылы. Куәгер жүргізілген әрекеттер жөнінде ескертпелер жасауға хақылы. Куәгердің ескертпелері тиісті атқарушылық әрекет актісіне енгізілуге тиіс.

6. Куәгер жүргізілуіне өзі қатысқан іс кезіндегі атқарушылық әрекеттердің фактісін, мазмұны мен нәтижелерін куәландырады.

7. Куәгер міндеттерін атқаруына байланысты көрген шығындардың орнын толтыруды, сондай-ақ ала-алмаған еңбек ақысын өтеуді немесе уақыт жоғалтқаны үшін ақшалай өтемені талап етуге куәгер құқылы.

8. Куәгерлерге төленетін ақша сомасы атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылады.

23-бап. Атқарушылық іс жүргізуге маманның қатысуы

1. Атқарушылық әрекеттер жасау кезінде туындаған, арнаулы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін, сондай-ақ тыйым салынған мүлікті бағалауды, сатуды, тасымалдауды, сақтауды жүргізу үшін сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуге тараптарының өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша маман тағайындауы мүмкін. Қажет болған жағдайда бірнеше маман тағайындалуы мүмкін. Сот орындаушысы бұл жөнінде қаулы шығарады.

2. Қорытынды беру немесе қажетті әрекеттерді жүргізу үшін қажет арнаулы білімі бар іске мүдделі емес тұлға маман ретінде тағайындалуы мүмкін.

3. Мамандардың атқарушылық әрекеттер жасауға байланысты жүргізілетін жұмысты орындағаны үшін сыйақы алуға құқығы бар. Бұл сыйақы және мамандар тартуға жұмсалған басқа да шығыстар атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылады.

24-бап. Сот орындаушылардың ішкі істер органдарымен қарым-қатынасы

Ішкі істер органдарының қызметкерлері оларға заңмен берілген өкілеттіктердің шегінде сот орындаушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда атқарушылық іс жүргізу барысында сот орындаушыларына көмек беруі тиіс, сондай-ақ атқарушылық әрекеттерді жүргізу қолдану орындарында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін тартылуы мүмкін.

4-тарау. Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар жөнінде атқарушылық әрекеттер жасау. Шет мемлекеттердің сот және өзге құжаттарын орындау

25-бап. Соттар мен өзге де органдардың шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік ұйымдар жөніндегі актлерін орындалуы

Соттар мен өзге де органдардың шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік ұйымдар жөніндегі актлері осы Заңға сәйкес орындалады.

26-бап. Халықаралық және шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін орындау

Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік соттардың, сондай-ақ төрелік соттардың шешімдерін орындау тәртібі Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттармен және осы Заңмен белгіленеді. Шетелдік сот шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының соты берген атқару парағы шешім заңды күшіне енген сәттен бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға берілуі мүмкін. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда барынан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

5-тарау. Атқарушылық іс жүргізудегі хабарлама және шақыру

27-бап. Атқарушылық іс жүргізудегі хабарлама және шақыру

1. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар атқарушылық әрекеттер туралы және мәжбүрлеп орындау шаралары туралы хабарлама алады немесе сот орындаушысына не атқарушылық іс жүргізу жасалатын жерге шақыру қағазын, қолына тапсыру туралы тапсырыс хатын, телефонограмма, жеделхат алғаны туралы, өтініш түскен жағдайда, ұялы байланыс немесе электронды пошта арналары арқылы қысқа мәтінді хабарламалар жолымен, және сонымен қатар хабарлана отырып, хабарламаны немесе шақыруды белгіге алуды қамтамасыз ететін байланыстың өзге де құралдарын пайдалана отырып, шақырылады.

2. Атқару құжаты дереу орындалатын жағдайларда, сондай-ақ мүлікке тыйым салынған және өзге де қамтамасыз етудің шаралары қабылданған кезде сот орындаушысы атқарушылық әрекеттерді жасауға және атқарушылық іс жүргізуге қатысушыларға бұл туралы алдын ала хабарландырусыз мәжбүрлеп орындау шараларын қолдануға құқылы.

3. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушына жолданған хабарландыру, егер атқарушылық іс жүргізуге қатысушы немесе оның өкілі өзге мекенжайды көрсетпесе, атқару құжатында көрсетілген мекенжайға жіберіледі. Хабарландыру атқарушылық іс жүргізуге қатысушының жұмыс орны бойынша жіберілуі де мүмкін.

4. Ұйымға жолданған хабарландыру оның заңды мекенжайы бойынша немесе оның өкілінің немесе филиалының мекенжайы бойынша жіберіледі. Хабарландыруды көрсетілген ұйымның мекенжайы бойынша сот орындаушысы жазбаша нысанда жіберуі мүмкін.

5. Сот орындаушысына келуден жалтарған тұлғалар сот орындаушысының қаулысы негізінде күштеп келтірілуі мүмкін.

28-бап. Шақыру қағазының, өзге де хабарламаның мазмұны

1. Шақыру қағазында, өзге де хабарламада:

1) аумақтық бөлімнің немесе жеке сот орындаушысы кеңсесінің атауы және мекенжайы;

2) адресаттың атауы;

3) адресаттың кім ретінде хабараланатынын немесе шақырылатынын көрсету;

4) адресат сол бойынша хабарланатын немесе шақырылатын атқарушылық іс жүргізудің атауы немесе нөмірі;

5) атқарушылық әрекет жасаудың немесе мәжбүрлеп орындау шарасын қолданудың күні, уақыты және орны қамтылуға тиіс.

2. Егер адресатқа шақыру қағазымен, өзге де хабарламамен бірге сот орындаушысы қаулысының көшірмесі жолданса, онда осы баптың 1-бөлігінің 4) және 5)-тармақтарында көзделген мәліметтерді хабарламада көрсетпеуге болады.

3. Шақыру қағазында немесе өзге де хабарламада адресаттың шақыру бойынша келмей қалуының салдарлары көрсетіледі.

29-бап. Шақыру қағазын, өзге де хабарламаны жеткізу

1. Егер шақыру қағазы, өзге де хабарлама почта арқылы немесе сот орындаушысы оны жеткізуді тапсырған тұлға арқылы жеткізілсе, онда адресатқа оның жеткізілген күні мен уақыты аумақтық бөлімге немесе жеке сот орындаушысының кеңсесіне қайтарылуға тиісті құжатта белгіге алынады.

2. Егер шақыру қағазы, өзге де хабарлама байланыстың өзге де түрімен жеткізілсе, онда адресатқа оның жеткізілген күні мен уақыты белгіленген әдіспен белгіге алынады.

30-бап. Шақыру қағазын, өзге де хабарламаны тапсыру

1. Азаматқа жолданған шақыру қағазы, өзге де хабарлама аумақтық бөлімге немесе жеке сот орындаушысының кеңсесіне қайтарылуға тиісті тапсырылғаны туралы хабарламаға оның жеке қолы қойылып тапсырылады. Ұйымға жолданған шақыру қағазы, өзге де хабарлама ұйымның қызметкеріне тапсырылады, ол тапсыру туралы хабарламаға шақыру қағазын, өзге де хабарламаны алғандығына өзінің тегін, аты-жөні мен лауазымын көрсете отырып қол қояды.

2. Егер шақыру қағазын, өзге де хабарламаны жеткізуші тұлға шақырылатын азаматы оның тұрғылықты жері бойынша таба алмаса, онда шақыру қағазы, өзге де хабарлама онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біреуіне оның келісімімен тапсырылады. Бұл жағдайда адресат хабарланған болып есептеледі.

3. Адресат болмаған жағдайда шақыру қағазын жеткізуші тұлға тапсыру туралы хабарламаға адресаттың қайда кеткені және оның қайтып келуінің қашан күтілетіні туралы белгі соғады немесе мұндай мәліметтердің болмауы туралы белгі жасайды.

31-бап. Атқарушылық іс жүргізу кезіндегі мекенжайдың өзгеруі

Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар атқарушылық іс жүргізу кезінде өз мекенжайын өзгерткені туралы сот орындаушысына хабарлауға міндетті. Мұндай хабарлама болмаған жағдайда шақыру қағазы, өзге де хабарлама белгілі соңғы мекенжайына жіберіледі және ол бұл мекенжай бойынша енді тұрмайтын немесе болмайтын болса да, хабарланған болып есептеледі.

32-бап. Шақыру қағазын, өзге де хабарламаны қабылдаудан бас тартудың немесе алуға келмей қалудың салдарлары

1. Адресат шақыру қағазын, өзге де хабарламаны алудан бас тартқан жағдайда оны жеткізуші тұлға шақыру қағазына, өзге де хабарламаға тиісті белгі соғады, ол аумақтық бөлімге немесе жекеше сот орындаушысының кеңсесіне қайтарылады.

2. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар, егер:

1) адресат шақыру қағазын, өзге де хабарламаны алудан бас тартса;

2) адресат почта хабарламасын алғанына қарамастан, өзінің мекенжайына жолданған шақыру қағазына, өзге де хабарламаға келмесе хабарланған болып есептеледі.

6-тарау. Мәжбүрлеп орындату шаралары

33-бап. Мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану негіздері

Сот орындаушысы осы Заңмен белгіленген тәртіппен өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқару құжаты мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға негіз болып табылады.

34-бап. Атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

1. Сот орындаушысы атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

2. Атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мыналар:

1) борышкердің мүлкіне тыйым салу, оның өзіндегі немесе басқа да жеке немесе заңды тұлғалардағы ақша мен бағалы қағаздарды қоса алғанда (соның ішінде банкілердегі және банкілік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы);

2) борышкердің өзінде не басқа жеке немесе заңды тұлғаларда бар мүлкін алып қою ;

3) борышкердің белгілі бір әрекеттер жасауына тыйым салу;

4) борышкердің оған меншік құқығы негізінде тиесілі мүлікті, соның ішінде ақша, пайдалануына тыйым салу не оларды сот атқарушысы белгілеген шекте пайдалануға нұсқау беру;

5) борышкер мүлкіне сүргі салу;

6) құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;

7) басқа тұлғалардың борышкерге мүлік, соның ішінде ақша, беруіне немесе оған катысты өзге де міндеттемелер орындауына тыйым салу болып табылады.

3. Қажет болған жағдайларда орындауды қамтамасыз етудің бірнеше түріне жол берілуі мүмкін.

4. Қамтамасыз етудің бір түрін басқа түрімен ауыстыру туралы мәселені сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуге тараптардың өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша қарайды. Қамтамасыз етудің бір түрін басқа түрімен ауыстыру туралы мәселені қарау бұрын белгіленген қамтамасыз ету шараларының қолданылуын кідіртпейді.

5. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту немесе мәулет беру атқару құжаттарын орындауды қамтамасыз ету жөнінде бұрын белгіленген шараларды жоюға әкеп соқпайды.

6. Жеке сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша шараларды азаматтық іс жүргізу заңнамасымен бекітілген тәртіппен алынатын соттың санкциясы арқылы қолданады.

35-бап. Борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу

1. Борышкер сот актісі немесе сот актісі болып табылатын атқару құжатындағы бар талаптарды дәлелді себептерсіз белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда:

1) мемлекеттік сот орындаушысы өндіріп алушының өтініші бойынша немесе өз бастамасымен борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға құқылы.

Мемлекеттік сот орындаушысының борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулысын аумақтық бөлімнің басшысы бекітеді;

2) жеке сот орындаушысы борышкер үшін Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеуді бекіту туралы ұсынысты сотқа жолдайды.

2. Аталған қаулының көшірмесі борышкерге және орындау үшін көші-қон процестерін басқару жөніндегі уәкілетті органдарға және Қазақстан Республикасының шекара қызметі органдарына жіберіледі.

3. Егер атқару құжаты сот актісі болып табылмаса және сот актісінің негізінде берілмесе, онда өндіріп алушы немесе сот орындаушысы борышкер үшін Қазақстан Республикасынан шығуды уақытша шектеуді белгілеу туралы ұсыныспен сотқа жүгінуге құқылы.

36-бап. Борышкердің мүлкін декларациялау

1. Сот орындаушысы ерікті түрде орындау үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін борышкерден ондағы бар мүлікті декларациялауды, сондай-ақ кірістер көзі туралы мәліметті хабарлауды талап етуге міндетті. Декларацияның нысанын уәкілетті орган бекітеді.

2. Декларацияда борышкер сонымен қатар өзіне есептелетін барлық мүлдіктік талаптардың негіздемесін және дәлелдерін көрсетуге міндетті.

3. Осы бапта аталған мәліметтерді беруден бас тарту не көрінеу жалған мәліметтерді беру борышкердің деректерін атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің республикалық тізілімінде орналастыруға әкеп соғады, сондай-ақ сот актілерін қасақана орындамау болып табылады.

37-бап. Атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізілімі

1. Уәкілетті орган атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің республикалық тізілімін жүргізеді. Тізілім уәкілетті органның ресми сайтында орналастырылады.

Борышкерлерді тізілімге енгізу үшін мәліметтерді сот орындаушылары атқару құжатын ерікті түрде орындау үшін мерзім өткеннен кейін үш күн ішінде жібереді.

2. Аталған мәліметтер:

1) борышкердің, тегін, атын, әкесінің атын не борышкер ұйымның атауын;

2) атқару құжатын берген органды, берілген күнін және борышкер орындамаған міндеттің мазмұнын;

3) аталған мәліметтерді жіберген сот орындаушысының тегін, атын, әкесінің атын және оның қызмет аумағын қамтиды.

3. Атқарушылық іс жүргізу аяқталғаннан кейін бес күн ішінде атқару құжаты орындалғаннан кейін сот орындаушысы уәкілетті органға орындалу туралы ақпаратты

жібереді, ол атқару құжатын орындаған тұлғаны атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізілімінен шығарып тастау үшін негіз болып табылады.

2 бөлім. Атқарушылық әрекеттерді жасау тәртібі

2.1-бөлімше. Атқарушылық әрекеттерді жасаудың жалпы ережесі

7-тарау. Атқарушылық іс жүргізуді қозғау және жалпы шарттары

38-бап. Атқару құжатын іс жүргізуге қабылдау

1. Сот орындаушысы, егер осы Заңда және басқа Қазақстан Республикасының заң актілеріне өзгеше көзделмесе, өндіріп алушының өтініші бойынша атқару құжатының негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғайды.

2. Өтінішке өндіріп алушы не оның өкілі қол қояды. Өкіл өтінішке оның өкілеттігін куәландыратын сенімхатты немесе өзге де құжатты қоса береді. Өтініште атқару құжаттарында бар талаптарды орындауды қамтамасыз ету мақсатында борышкердің мүлкіне тыйым салу туралы, сондай-ақ борышкер үшін осы Заңда көзделген шектеулерді белгілеу туралы өтінім болуы мүмкін.

3. Сот орындаушысы сот, басқа орган (лауазымды тұлға) атқару құжатын сот орындаушысына жіберген жағдайларда өндіріп алушының өтінішісіз атқарушылық іс жүргізуді қозғайды.

4. Сот орындаушысы өзіне заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқару құжаты келіп түскеннен кейін үш тәуліктен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғап, бұл туралы қаулы шығарады.

Сот орындаушысы сонымен бір мезгілде борышкерге атқару құжатын алған күннен бастап бес күн ішінде (дереу орындалуға тиіс атқару құжаттарын қоспағанда) ерікті орындау қажеттігі туралы ұсынысты жібереді немесе тапсырады және борышкерді ерікті орындау үшін мерзім аяқталу бойына одан осы Заңда көзделген атқару санкциясын немесе жеке сот орындаушысының қызметіне төлемді және атқарушылық әрекеттерді жасау жөніндегі шығыстарды өндіріп ала отырып мәжбүрлеп орындату туралы сақтандырады.

Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде осы Заңда көзделген шараларды қабылдайды.

5. Атқарушылық іс жүргізуді қозғалғаннан кейін борышкердің өндіріп алушының алдындағы кез келген міндетін орындау сот орындаушысы не оны міндетті хабарлау арқылы ғана өткізілуге тиіс.

39-бап. Атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту

1. Сот орындаушысы атқару құжаты оған түскен күннен бастап үш күндік мерзімде, егер:

1) атқару құжаты өндіріп алушының өтінішісіз берілсе не, атқарушылық іс жүргізу өндіріп алушының өтінішісіз қозғалуға жататын жағдайларды қоспағанда, өтінішке өндіріп алушы немесе оның өкілі қол қоймаса;

2) атқару құжаты атқарушылық әрекеттердің жасалған жері бойынша берілмесе;

3) атқару құжатын орындауға қойған мерзім өтіп кетсе және сот оны қалпына келтірмесе;

4) құжат атқару құжаты болып табылмаса не атқару құжатына қойылатын талаптарға сәйкес келмесе;

5) атқару құжаты бұрын орындауға қойылған болса және атқарушылық іс жүргізу осы Заңның 48-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған болса;

6) сот актісі, атқару құжаты болып табылатын немесе соның негізінде, дереу орындалуға жататын атқару құжаттарын қоспағанда, атқару құжаты берілетін органның (лауазымды тұлғаның актісі) заңды күшіне енбесе, атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Егер өндіріп алушы жеке сот орындаушысының ағымдағы шотқа орындау жөніндегі шығыстарды жабу үшін қажетті соманы енгізбесе, онда жеке сот орындаушысы ол үшін соманы енгізуге он күндік мерзімді белгілейді. Егер аталған мерзімде өндіріп алушы ағымдағы шотқа соманы енгізбесе, онда атқару құжаты орындауға қойылмаған болып есептеледі және өндіріп алушыға қайтарылады.

2. Атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы сот орындаушысы қаулысының көшірмесі аталған қаулы шығарылған күннің келесі күнінен кешіктірілмей, барлық түскен құжаттардың қосымшасымен өндіріп алушыға, сондай-ақ атқару құжатын берген сотқа немесе органға (лауазымды тұлғаға) жіберіледі.

Жеке сот орындаушысы құжатты өндіріп алушыға қайтарады. Қайтару туралы қаулыда атқару құжатын қайтарудың негіздері көрсетілуге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының 1)-4) және 6)-тармақшаларымен қарастырылған жағдайларды жою атқарушылық құжатты сот орындаушысына осы Заңмен бекітілген тәртіпте қайта жолдауға (тапсыруға) кедергі болмайды.

4. Сот орындаушысына кемшіліктері жойылғаннан кейін немесе белгіленген мерзімнен кешірек келіп түскен атқару құжатының берілген күні болып оның қайтадан келіп түскен күні саналады.

5. Қайтару туралы қаулыда аталған кемшіліктер жойылмай келіп түскен атқару құжаты орындалуға тиіс емес және ол жіберген органға немесе тұлғаға қайтарылады.

40-бап. Атқарушылық әрекеттерді орындау мерзімдері

1. Мерзімді өндіріп алу туралы атқару құжаттарын қоспағанда, сондай-ақ, заңнамалық актілермен өзгеше мерзімдер белгіленген жағдайлардан басқа, атқару

құжаттары бойынша сот орындаушыларының орындауы атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі ай мерзімде аяқталуға тиіс.

2. Құрылыстарды бұзуға, технологиялық операцияларды жүргізуге байланысты атқару құжаттары бойынша, сондай-ақ мамандарды тарта отырып мүлікті бағалауды, сараптама жүргізуді, мүлікті сату, борышкердің мүлкін іздестіруді талап ететін мүліктік өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша орындау төрт ай мерзімде аяқталуға тиіс.

3. Осы Заңда көзделген негіздер бойынша атқару құжаттарын орындау тоқтатыла тұрған, мерзімі ұзартылған, мәулет берілген не кейінге қалдырылған уақыт атқарушылық іс жүргізу мерзіміне кірмейді.

41-бап. Мерзімді кейінге қалдыру, ұзарту, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту, берілген сомаларды индекстеу

Атқарушылық әрекеттер жасауды қиындататын немесе мүмкін болдырмайтын мән-жайлар болған ретте сот орындаушысы, өндіріп алушы немесе борышкер істі қараған сот алдына немесе орындалатын жердегі сот алдына орындау мерзімін кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ ұйғарылған сомаларды индекстеу туралы мәселе қоюға құқылы.

42-бап. Атқарушылық әрекеттерді кейінге қалдыру

Атқарушылық әрекеттер жасауға кедергі келтіретін мән-жайлар болған ретте сот орындаушысы оларды өз бастамасы бойынша немесе өндіріп алушының өтініші бойынша он күнге дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады, бұл жөнінде тиісті қаулы шығарылады, оны мемлекеттік сот орындаушылары үшін аумақтық бөлімнің басшысы бекітеді. Атқарушылық әрекеттерді кейінге қалдыру туралы сот орындаушысы өндіріп алушы мен борышкерге, сондай-ақ олардың өкілдеріне, олар атқарушылық іс жүргізуге қатысқан жағадайда, хабарлауға міндетті.

43-бап. Сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру міндеті

Атқарушылық іс жүргізу:

1) егер сот белгілеген құқық қатынасы құқықтық мұрагерлікке жол берсе, борышкер қайтыс болған, ол қайтыс болды деп жарияланған немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылған;

2) борышкер болып табылатын заңды тұлға қайта құрылған немесе заңда белгіленген тәртіппен дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс жүргізуді қозғау жөнінде шешім қабылданған;

3) борышкер немесе өндіріп алушы әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

4) борышкер атқару құжатын сот тәртібімен даулаған;

5) әкімшілік жаза қолданған органдардың (лауазымды, тұлғалардың) әрекеттеріне сотқа шағым берілген;

6) сот немесе атқару құжатын бергенде негізге алынған шешімнің орындалуын тоқтата тұру құқығы заңнамамен берілген лауазымды тұлға қаулы шығарған;

7) сотқа атқару құжаты бойынша өндіріп алынатын мүлікті тізімдемеден шығару туралы (тыйым салудан босату) талап қойылған;

8) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру туралы немесе қаржы ұйымдарын консервациялауды жүргізу бойынша шешім қабылдаған;

9) сот банкті, жинақтаушы зейнетақы қорының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы іс қозғаған;

10) борышкер немесе өндіріп алушы борышкер мүлкін бағалау нәтижелеріне сотта дауға салған;

11) өндіріп алушы өтініш жасаған жағдайларда тоқтатыла тұруға тиіс.

Осы баптың 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда тізімдемеден шығару (мүлікке тыйым салудан босату) туралы талап қойылған мүліктің бөлігінде ғана атқарушылық әрекеттер тоқтатыла тұрады не оны бағалау нәтижелері дауланады.

44-бап. Сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру құқығы

Атқарушылық іс жүргізу сол сияқты:

1) сот орындаушысы, өндіріп алушы немесе борышкер сот актісін түсіндіру туралы не орындау мерзімін ұзарту және оған мәулет беру туралы, сот актісін орындау әдісі мен тәртібін өзгерту туралы өтініш жасаған;

2) борышкер ұзақ уақыт бойы қызмет бабындағы іссапарда болған;

3) борышкер емдеу мекемесінде болған;

4) сот орындаушысының әрекетіне өндіріп алушы, борышкер сотқа шағым берген;

5) борышкер не өндіріп алушы елді мекен шегінен тыс жерде, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында мерзімді әскери қызмет өткеруіне байланысты жүрген;

6) өндіріп алушы жеке сот орындаушысы тағайындаған атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы ағымдағы шотқа енгізбеген жағдайларда да тоқтатыла тұруы мүмкін.

45-бап. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру мерзімдері

Атқарушылық іс жүргізу:

1) осы Заңның 43-бабының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда - борышкердің құқықтық мұрагері айқындалғанға, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі борышкерге қорғаншы немесе қамқоршы тағайындалғанға, заңды тұлғаны тарату, заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді (борышкерді) банкрот деп жариялау туралы шешім белгіленген тәртіппен қабылданғанға дейін;

2) осы Заңның 44-бабының 2), 3), 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда - борышкер не өндіріп алушы қызмет бабындағы іссапардан, мерзімді әскери қызметтің

аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа әскерлері мен әскери құралымдарынан қайтқанға, емдеу мекемесінен шыққанға дейін;

3) осы Заңның 43-бабының 4), 5), 7) және 10) тармақшаларында және 44-бабының 1), 4)-тармақшаларында көзделген жағдайларда - сот акті заңды күшіне енгенге дейін;

4) осы Заңның 43-бабының 11)-тармақшасында көзделген жағдайда - өндіріп алушыдан өтініш түскенге дейін;

5) осы Заңның 43-бабының 6) тармақшасында көзделген жағдайда - қадағалау тәртібімен іс жүргізу аяқталғанға немесе сот не өзге де органның шешімін тоқтата тұрудың күшін жою туралы тиісті лауазымды тұлғаның өкіміне дейін;

6) осы Заңның 44-бабының 1) тармақшасында көзделген жағдайда - орындалуға жататын қаулының түсіндірмесі келіп түскенге дейін;

7) осы Заңның 44-бабының 6) тармақшасында көзделген жағдайда - өндіріп алушы ағымдағы шотқа атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы енгізгенге дейін тоқтатыла тұрады.

46-бап. Борышкерге іздеу салу

1. Борышкердің жүрген жері белгісіз болған жағдайда сот орындаушы ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы арқылы борышкерді іздестіруді жариялау туралы ұсыныспен сотқа жүгінуге міндетті. Бұл ретте атқару құжатының түпнұсқасы өндіріп алушыға қайтарып беріледі, ол атқару құжатын борышкердің жүрген жері анықталған кезде мәжбүрлеп орындатуға беруге құқылы, ал көшірмесі борышкер іздестірілетін кезеңде сот орындаушысының бақылауында болады.

2. Борышкерді іздестіруді соттың ұйғарымы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ішкі істер және қаржы полициясы органдары жүзеге асырады.

3. Борышкерді іздеу жөніндегі шығыстар атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатады және сот арқылы борышкерден жергілікті бюджетке өндіріп алынуға тиіс.

4. Борышкерді іздеу жөніндегі шығыстар іздеуді жүзеге асыратын ішкі істер органы немесе қаржы полициясының мәлімдемесі негізінде айқындалады.

47-бап. Атқарушылық іс жүргізуді жаңғырту

Атқарушылық іс жүргізу өндіріп алушының өтініші бойынша немесе сот орындаушысының бастамасы бойынша оның тоқтатыла тұруын туғызған мән-жайлар жойылғаннан кейін жаңғыртылады.

48-бап. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтатудың негіздері мен салдары

1. Атқарушылық іс жүргізу, егер:

1) өндіріп алушы өндіріп алудан бас тартса;

2) өндіріп алушы мен борышкер бітісу келісімін жасаса және оны сот бекітсе;

3) егер шешіммен белгіленген талаптар немесе міндеттер өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін өлген тұлғаның құқықтық мұрагеріне көше алмаса;

4) борышкерді белгілі бір әрекеттерді жасауға міндеттейтін атқару құжатын орындауға мүмкіншілігін жоғалтса (белгілі бір әрекеттерді жасаудан тартыну);

5) тиісті органның атқару құжатын бергенде негізге алынған шешімінің күші жойылса;

6) өндіріп алушы немесе борышкер болып табылған заңды тұлғаны тарату аяқталса;

7) атқару құжатының өндіріп алу немесе өзге де талабы толық көлемінде орындалса ;

8) заттарды өндіріп алушыға беру туралы атқару құжатын орындау кезінде өндіріп алушы борышкерден алып қойылған заттарды алудан бас тартса, тоқтатылады.

2. Атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда бұл туралы сот орындаушысы бір тәуліктің ішінде қаулы шығарады. Атқару құжатына не оның көшірмесіне мемлекеттік сот орындаушысы тиісті белгі соғып, сотқа немесе құжатты берген басқа органға, ал жеке сот орындаушысы - өндіріп алушыға жібереді. Сонымен бір мезгілде орындауды қамтамасыз ету шараларының күші жойылуға тиіс. Осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасы негізінде тоқтатылған, орындалғаннан кейінгі атқару санкциясы және орындау жөніндегі шығыстар мен жеке сот орындаушысының қызметіне төлем сомасы өндіріп алынуға тиіс атқару құжаттары бойынша орындауды қамтамасыз ету шараларының күші санкцияны өндіріп алғаннан кейін ғана жойылуға тиіс. Атқару құжатының орындауға берілу мерзімін сот қалпына келтірген не сот орындаушысының ол бойынша іс жүргізу тоқтатылған атқару құжатын орындау жөніндегі әрекеті заңсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, тоқтатылған атқарушылық іс жүргізуді қайта бастауға болмайды.

49-бап. Атқару құжаттарын өндіріп алушыға қайтару

1. Өндіріп алу жүргізілмеген немесе толық көлемде жүргізілмеген атқару құжаты сот орындаушысының қаулысы бойынша мына жағдайларда:

1) өндіріп алушының өтініші бойынша;

2) егер борышкердің өндіріп алынуы мүмкін мүлкі, соның ішінде ақша, бағалы қағаздары немесе табыстары жоқ болса және оның мүліктерін немесе табыстарын анықтау бойынша сот орындаушысы қолданған, заңда көзделген барлық шаралар нәтиже бермеген кезде;

3) егер өндіріп алушы шешімінің орындалуы кезінде борышкердің сатылмаған мүлкін алудан бас тартса;

4) егер сот борышкерге қатысты іздеу жарияласа;

5) орындау жөніндегі шығыстарды жабу үшін қажетті аванстық сомаларды жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізбеуге байланысты жекеше сот

орындаушысының атқару құжатын орындауы мүмкін болмағанда өндіріп алушыға қайтарылады.

2. Атқару құжатын өндіріп алушыға қайтару заңда белгіленген атқарудың ескіруі мерзімінің шегінде осы құжатты орындауға қайталап ұсынуға кедергі болмайды.

3. Мемлекет өндіріп алушы болып табылатын атқару құжаты сотқа қайтарылады.

50-бап. Атқарушылық іс жүргізудің аяқталуы

Атқарушылық іс жүргізу:

1) осы Заңның 46-бабында аталған негіздер бойынша атқару құжаты қайтарылған;

2) осы Заңның 48-бабында аталған негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған;

3) соттың немесе құжат берген басқа органның талабы бойынша атқару құжаты орындалмай қайтарылған жағдайларда аяқталды деп есептеледі.

51-бап. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру немесе тоқтату, атқару құжатын өндіріп алушыға қайтару немесе оны тарату комиссиясына жіберу туралы мәселелерді қарау

1. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, тоқтату, атқару құжатын қайтару немесе оны тарату комиссиясына жіберу туралы мәселелерді сот орындаушысы қарайды.

Бұл жөнінде атқарушылық іс жүргізуге тараптарына және олардың өкілдеріне хабарланады, алайда олардың келмей қалуы аталған мәселелерді шешуге кедергі болмайды.

2. Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, тоқтату, атқару құжатын қайтару немесе оны тарату комиссиясына жіберу туралы қаулы шығарады, оны мемлекеттік сот орындаушылары үшін аумақтық бөлімнің басшысы бекітуге тиіс.

3. Сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, тоқтату, атқару құжатын қайтару немесе оны тарату комиссиясына жіберу туралы қаулысына сотқа шағымданылуы мүмкін.

52-бап. Орындалуға тиісті атқару құжатын түсіндіру

Атқару құжаты түсініксіз болған жағдайда оны орындауға алған сот орындаушысы, сондай-ақ өндіріп алушы немесе борышкер атқару құжатын бергенде негізге алынған шешімді немесе өзге де акті түсіндіру үшін сотқа немесе атқару құжатын берген органға жүгінуге құқылы.

53-бап. Атқарушылық әрекеттер жасалатын жер

1. Атқарушылық әрекеттерді борышкердің тұрғылықты жері бойынша немесе жұмыс орны бойынша не оның мүлкі тұрған жер бойынша сот орындаушысы жүргізеді. Егер заңды тұлға борышкер болса, орындау оның органы немесе мүлкі орналасқан жерде жүргізіледі.

2. Борышкерге белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін атқару құжаттарын орындауды осындай әрекеттер жасалатын жердегі сот орындаушысы жүргізеді.

3. Жекелеген атқарушылық әрекеттерді жасау және (немесе) мемлекеттік сот орындаушысының өкілеттігі қолданылмайтын аумақта мәжбүрлі орындаудың жекелеген шараларын қолдану қажет болған жағдайда ол тиісті мемлекеттік сот орындаушысына атқарушылық әрекеттерді жасау және (немесе) мәжбүрлі орындау шараларын қолдануды тапсыруға құқылы. Тапсырма осы Заңның 9-бабына сәйкес мемлекеттік сот орындаушысының қаулысымен ресімделеді және оны аумақтық бөлімнің басшысы бекітеді.

4. Егер атқару құжатын орындау процесінде борышкер, борышкер мүлкі сот орындаушысының өкілеттігі қолданылмайтын аумақта болғаны анықталса:

1) мемлекеттік сот орындаушысы бұл жөнінде дереу қаулы шығарады және қаулы шығарылғаннан кейін атқару құжатын және атқарушылық іс жүргізудің бүкіл материалдарының көшірмесін борышкердің жаңа тұрғылықты жері, оның жаңа жұмыс орны, жаңа орналасқан жері бойынша не борышкер мүлкінің жаңа тұрған жері бойынша мемлекеттік сот орындаушысына үш күннен кешіктірмей жіберіп, бұл жөнінде өндіріп алушыға хабарлайды. Атқару құжатының көшірмесі атқарушылық іс жүргізуде қалады;

2) жеке сот орындаушысы атқару құжатын өндіріп алушыға қайтарады, бұл туралы тиісті қаулы шығарады.

54-бап. Атқарушылық әрекеттер жасалатын уақыт

1. Атқарушылық әрекеттер жұмыс күндерінде 6.00 сағаттан 22.00 сағатқа дейін жасалады. Атқарушылық әрекеттерді осы шекте жасаудың нақты уақытын сот орындаушысы белгілейді. Атқарушылық іс жүргізуге тараптары атқарушылық әрекеттер жасаудың өздеріне қолайлы уақытын ұсынуға құқылы.

2. Демалыс және мереке күндерінде, сондай-ақ түнгі уақытта атқарушылық әрекеттерге кейінге қалдыруға болмайтын немесе оларды борышкердің кінәсінен басқа күндерде және осы Заңда белгіленген уақытта жасау мүмкін болмаған жағдайларда ғана жол беріледі.

55-бап. Атқарушылық іс жүргізудегі шет қалдыру

1. Егер сот орындаушысы, аудармашы, маман атқарушылық іс жүргізудің нәтижесіне жеке өзі тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе өзге де мән-жайлар, атап айтқанда, тараптармен, олардың өкілдерімен әділ қарайтынына күмән туғызатын туыстық қатынаста болса, олардың атқарушылық іс жүргізуге қатысуына болмайды және олар шет қалдыруға тиіс.

2. Шет қалатындай мән-жайлар болған жағдайда осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалардың өздері, жекеше сот орындаушысын қоспағанда, шет қалуын мәлімдеуге міндетті. Шет қалу атқарушылық әрекеттер жасау басталғанға дейін дәлелденіп жазбаша түрде мәлімделуге тиіс. Егер шет қалуға негіз туындаса және ол жөнінде атқарушылық әрекеттер жасау басталып кеткеннен кейін белгілі болса, оған орындау процесінде жол беріледі.

3. Мемлекеттік сот орындаушысының шет қалуы туралы мәселені аумақтық бөлім басшысы шешеді, бұл жөнінде тиісті дәлелді қаулы шығарылады.

Аудармашының немесе маманның шет қалуы туралы мәселені сот орындаушысы шешеді, бұл жөнінде аумақтық бөлім басшысы бекітетін тиісті дәлелді қаулы шығарылады.

Осы баптың 1-тармағында аталған негіздер болған жағдайда жеке сот орындаушысы өндіріп алушыға атқару құжатын қайтарады, бұл туралы қаулы шығарады.

4. Сот орындаушысын шет қалдырудан бас тартылу туралы қаулыға белгіленген тәртіппен сотқа шағым берілуі және наразылық келтірілуі мүмкін. Шағым беру немесе наразылық келтіру атқарушылық әрекеттер жүргізуді тоқтатпайды.

2-2-бөлімше. Мүліктік сипаттағы атқару құжаттарын орындау

8-тарау. Борышкердің мүлкінен өндіріп алу

§ 1. Негізгі ережелер

56-бап. Борышкердің мүлкінен өндіріп алу тәртібі

1. Борышкер мүлкінен өндіріп алу алып қойылған мүлікті және (немесе) оны мәжбүрлеп сатуды не өндіріп алушыға беруді қамтиды.

2. Атқару құжаттары бойынша өндіріп алу, егер атқару құжатында өзгеше тәртіп белгіленбесе, бірінші кезекте борышкердің ақша қаражатына, соның ішінде банктерде және банктік операциялардың жеке түрімен айналысатын ұйымдарда тұрған ақша қаражатына да қолданылады.

3. Борышкердің бухгалтерлік (кассалық) құжаттары бойынша көрсетілген қолма-қол ақша сомаларынан өндіріп алу борышкердің келісіміне қарамастан, олардың сақталу орнына тәуелсіз түрде олар ұсынылғаннан немесе табылғаннан соң дереу жүргізіледі.

Борышкердің қолма-қол ақша сомалары, соның ішінде борышкер кассасының сейфінде сақталатын және осы кассаның оқшауланған бөлмесінде немесе борышкердің өзге де бөлмелерінде сақталатын ақша сомалары, егер олардың борышкерге тиесілі екендігі анық белгілі болса, табылғаннан кейін дереу алып қойылуға тиіс.

4. Борышкерде берешекті өтеу үшін жеткілікті ақша қаражаты болмаған жағдайда ол борышкерге тиесілі басқа мүліктен өндіріп алынады. Өндіріп алушының және борышкердің келісімімен сот орындаушысы, мемлекеттік тіркеуге тиісті мүлікті қоспағанда, мүлікті алдын ала бағалап, оны сатпай сол қалпында беруге құқылы.

5. Борышкер мүлкінен жеке сот орындаушысының орындау және қызметіне төлеу жөніндегі шығыстар ескеріле отырып, атқару құжатын орындау үшін қажетті мөлшер мен көлемде өндіріліп алынады. Борышкердің басқа мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, өндіріп алу борышкердің атқару құжаты бойынша құны өндіріп алу мөлшерінен асатын

мүлкіне қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда, мүлікті сатқаннан кейін түскен сома, атқару құжаты бойынша өндіріп алынған сомалар мен орындау жөніндегі шығыстар, сондай-ақ жеке сот орындаушысының қызметіне төлеу жөніндегі сома шегеріле отырып, борышкерге қайтарылады.

6. Атқару құжатында аталған белгілі бір заттарды өндіріп алушыға берген кезде сот орындаушысы бұл заттарды борышкерден алып қояды да, өндіріп алушыға оларды беру актісін жасай отырып береді.

7. Жеке сот орындаушы мүліктен өндіріп алуды, азаматтық іс-жүргізу заңнамасымен бекітілген тәртіпте алынатын, сот санкциясы арқылы жүзеге асырады.

57-бап. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер мүлкінен өндіріп алу.

1. Борышкерде берешекті өтеу үшін жеткілікті ақша сомасы болмаған ретте (борышкердің банктік шотына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын банктің тиісті ақпараты бар болса), егер заңда бұл мүлікке қатысты шектеулер белгіленбесе және заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) мүлікті жауапкершілігі көзделсе, оған тиесілі кез келген басқа мүліктен, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) мүлкінен өндіріліп алынуы мүмкін.

2. Егер орындау барысында борышкер - заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мүлкі берешекті өтеу үшін жеткіліксіз болатыны анықталса, ал азаматтық заңнамада борышкерді дәрменсіз (банкрот) деп тануға жол берілсе, сот орындаушысы өндіріп алушыға бұл туралы хабарлауға міндетті.

3. Белгіленген тәртіппен дәрменсіз (банкрот) деп танылған борышкердің мүлкінен өндіріп алу банкроттық туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Атқару құжатын орындау кезінде заңды тұлға қайта құрылған жағдайда сот орындаушысы борышкердің құқықтық мұрагерлігін белгілейді және шешім шығарған сотқа борышкерді оның құқықтық мұрагерімен ауыстыру туралы ұсыныс жібереді. Заңды тұлға қайта құрылған кезде құқықтық мұрагерлік болмаған жағдайда атқару құжаты өндіріп алушыға қайтарылады.

58-бап. Кепілге салынған мүліктен өндіріп алу

1. Борышкерге қойылған кепілмен қамтамасыз етілмеген барлық талаптарды толық қанағаттандыру үшін оның қалған мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда өндіріп алу кепіл ұстаушының азаматтық заңнамада белгіленген құқықтары сақтала отырып, кепілге салынған мүліктен жүргізілуі мүмкін.

2. Борышкерде кепілге салынбаған мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда борышкердің мүлкіне кепілдік құқығы жоқ өндіріп алушылардың талаптарын қанағаттандыру үшін кепілге салынған мүлік, қамтамасыз етілген облигациялар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлікті және ипотекалық тұрғын үй қарызының міндеттемесі бойынша қамтамасыз ету болып табылатын жылжымайтын мүлікті қоспағанда, олардың талаптары сот ұйғарымы негізінде кепіл ұстаушының талаптарына басым болатын кепіл ұстаушылар болып табылмайтын өндіріп алушылардың мүдделеріне

өндіріп алынуы мүмкін. Кепілге салынған мүлікті өндіріп алу туралы сот ұйғарымы кепіл ұстаушыны, өндіріп алушыны және борышкерді сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарландыра отырып, сот орындаушысының өтініші бойынша сот отырысында шығарылады. Бұл жағдайда мүлікті сату кепілге салынған мүлікті сату ережелері бойынша жүзеге асырылады.

Кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті өзінде қалдыру туралы мәлімдеуге құқылы. Бұл жағдайда ол кепіл ұстаушының талаптарының алдында басымдықта болып табылатын талаптарды өзінде қалдырылған мүліктің құнынан аспайтын мөлшерде белгілі бір тәртіппен қанағаттандыруға міндетті.

3. Егер өндіріп алушының (өндіріп алушылардың) талаптарын қанағаттандыру мақсатында өндіріп алынуы мүмкін өзге мүлік болмаса немесе мұндай мүлік жеткіліксіз болса, кепіл ұстаушының талаптарының алдында басымдығы жоқ осы өндіріп алушылардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында кепілге салынған мүлікті, ипотекалық тұрғын үй қарызының міндеттемесі бойынша қамтамасыз ету болып табылатын жылжымайтын мүлікті қоспағанда, өндіріп алуға жол беріледі. Бұл жағдайда кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға сот ұйғарымы бойынша жол беріледі.

Кепіл ұстаушының кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды және кепіл затына өндіріп алуды талап етуге құқығы бар. Егер кепіл ұстаушы осындай талап қойса, онда кепілге салынған мүлікті сату кепіл ұстаушының құқықтары сақтала отырып, кепіл затын сату ережелері бойынша жүзеге асырылады. Кепіл ұстаушының кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау туралы және кепіл затына өндіріп алу туралы талаптары түспеген жағдайда кепіл құқығы тоқтатылады және сот бұл мүлікке мүлікті сатудың жалпы ережелері бойынша өндіріп алу туралы ұйғарым шығарады.

59-бап. Борышкердің басқа тұлғалардағы ақшалай сомалары мен басқа мүлкінен өндіріп алу

1. Борышкердің басқа тұлғалардағы ақшалай сомаларынан, сондай-ақ басқа мүлкінен өндіріп алу кезінде сот орындаушысы оларға тыйым салады және мәжбүрлеп өндіріп алуға шаралар қолданады.

2. Борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшалай сомаларынан өндіріп алуды сот орындаушысы инкассолық өкім ұсыну арқылы жүзеге асырады. Инкассолық өкімге жеке сот орындаушысының не аумақтық бөлімнің мөрімен расталған атқару құжаттарының көшірмелері қоса тіркеледі. Жеке сот орындаушысы не аумақтық бөлім басшысы атқару құжаттары көшірмелерінің дұрыстығы үшін жауаптылықта болады.

3. Борышкердің банк шотында теңге түріндегі ақшалай сомалары болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп белгілеген тәртіппен анықталған валюта айырбастаудың төлем жасалатын күнгі нарықтық бағамын қолдана отырып, сот

орындаушысы теңгемен есептеп ұсынған инкассолық өкімдер негізінде өндіріп алу борышкердің банк шоттарынан шетелдік валютамен жүргізіледі.

4. Инкассолық өкімді кері қайтарып алу аумақтық атқарушылық іс жүргізу органы басшысының немесе өндіріп алушы келіскен жағдайда жеке сот орындаушысының жазбаша келісімімен жүргізіледі.

60-бап. Ортақ мүліктен үлеспен өндіріп алу

1. Борышкердің ортақ мүліктегі үлесінен өндіріп алу кезінде сот орындаушысы мүліктің ортақ меншік иелеріне хабарлауға және борышкердің ортақ мүліктегі үлесін басым сатып алу құқығын ұсынуға міндетті. Үлестің құны маманның жазбаша қорытындысы негізінде хабарламада көрсетіледі.

2. Тыйым салынған ортақ меншік иесі басым сатып алу құқығын іске асыра алатын мерзімнің барысы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен айқындалады және борышкердің мүлкіне тыйым салу туралы ортақ меншік иесін хабарлаған күннен бастап өте бастайды.

3. Ортақ меншік иелерін олардың тұрғылықты (болатын) жерінің белгісіздігі, тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы және басқа да дәлелді себептер салдарынан хабарлау мүмкін болмаса, ортақ мүліктегі үлесті сату мүлікті тізімдегеннен кейін 30 күннен ерте емес жүргізілуі мүмкін.

4. Борышкердің мүлкінің мөлшері туралы құжаттар болмаған және (немесе) ортақ мүліктегі борышкердің балама үлесіне нақты мүлікті айқындау мүмкіндігі болмаған кезде ортақ мүлікті бөлу, сондай-ақ осы мүліктегі үлесті айқындау және борышкердің үлесін еншілеу сот орындаушысының өтініші не өндіріп алушының талап-арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

5. Ортақ мүліктегі борышкердің мүлкін сату осы Заңда көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

61-бап. Өндіріп алынуға болмайтын мүлік

1. Азаматтарға қатысты атқару құжаттарын орындау кезінде заңнамада өндіріп алуға тыйым салынған мүліктен өндіріп алуға болмайды.

2. Өндіріп алуға болмайтын ақша сомалары мен өзге де мүлік тізбесі азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3. Сауда-саттық ұйымдастырушыларының сауда-саттық жүйелерінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған "репо" операциялары бойынша оның нысанасы болып табылатын мүлікке тыйым салу осы "репо" операциялары жабылғаннан кейін ғана қолданылуы мүмкін.

§ 2. Борышкердің мүлкіне тыйым салу

62-бап. Борышкердің мүлкіне тыйым салу

1. Сот орындаушысы атқару құжатын орындауды қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде борышкердің атқару құжатында бар талаптарды ерікті орындауы үшін белгіленген мерзім ішінде борышкер мүлкіне, заңмен көзделген жағдайларда сот санкциямен, тыйым салуға құқылы. Бұл ретте сот орындаушысы борышкер мүлкін өндіріп алудың кезектілік ережесін қолданбауға құқылы.

2. Борышкердің мүлкіне тыйым салу мүлікке билік етуге тыйым салудан, сондай-ақ борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақша сомаларын пайдалануға және оларға билік етуге тыйым салынғанын хабарлаудан тұрады, бұл жөнінде борышкердің мүлкіне тыйым салу туралы қаулы шығарылады.

3. Борышкерге меншік, шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқығында тиесілі мүлікке, оның қайда және іс жүзінде кімнің пайдалануында екендігіне қарамастан (азаматтық заңнамада белгіленген шектеулер ескеріле отырып) тыйым салынуы мүмкін.

Банктерде және банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналасқан ақшаға және өзге де мүлікке қамауды сот орындаушы тек сотының санкциясымен сала алады.

Сауда-саттық ұйымдастырушыларының сауда-саттық жүйелерінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған "репо" операциялары бойынша оның нысанасы болып табылатын мүлікке тыйым салу азаматтық іс жүргізу барысында осы "репо" операциялары жабылғаннан кейін ғана қолданылуы мүмкін.

4. Егер борышкер мүлкінің басқа тұлғаларда болуы олардың арасында жасалған шартқа байланысты болған жағдайда, басқа тұлғалардың шарттан туындайтын құқықтарын сақтау мүмкіндігі туралы және мүлікті алып қою туралы мәселені қуынымдық іс жүргізу тәртібімен сот шешеді.

5. Сот орындаушысының тыйым салынған мүлікке билік етуге немесе оны пайдалануға салған тыйымын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

63-бап. Мүлікке тыйым салу тәртібі

1. Мүлікке өндіріп алуды қолдану кезінде сот орындаушысы оның борышкерге тиесілі екендігін, шынайы құнын және ондағы ауыртпалықты анықтайды. Мемлекеттік тіркеуге жатпайтын мүліктің кімге тиесілі екенін анықтау қиын болған және бұл мүлік борышкерге тиесілі деп жорамалдауға негіз болған жағдайда, сот орындаушысы оның тиесілігі анықталғанға дейін мүлікке уақытша тыйым салуға құқылы. Бұл ретте, борышкер, егер мүлік оған тиесілі болмаса, алып қойылған мүліктің тиесілігін анықтайтын қажетті дәлелдерді сот орындаушысына беруге міндетті.

2. Мүліктің борышкерге тиесілі екенін анықтап, сот орындаушысы немесе оны тізімдемеге енгізеді, өндіріп алу мөлшеріне қарай бүкіл мүлікке немесе оның бір бөлігіне тыйым салады және жылжымайтын мүлікті, жылжымалы мүлікке кепілдікті

мемлекеттік тіркеудің тиесілі органдарына және нотариуске тыйымды тіркеу туралы ұсынымды жолдайды.

2. Сот орындаушысы кепілге берілген мүлікке тыйым салынғандығы туралы кепіл ұстаушыға хабарлайды.

64-бап. Тыйым салынған мүлікті пайдалануды айқындау тәртібі

1. Қажет жағдайда сот орындаушысы тыйым салынған мүлікті алып қоюды жүргізуге немесе тыйым салынған мүлікті пайдалану жөнінде борышкердің құқықтарын шектеуге құқылы. Шектеудің түрлерін, көлемдері мен мерзімдерін сот орындаушысы әрбір нақты жағдайда осы мүлікке тыйым салудың мақсаттарын, мүліктің қасиеттерін, оның меншік иесі немесе қожасы үшін шаруашылық, тұрмыстық немесе өзге де пайдаланудағы маңызын және басқа да факторларды ескере отырып, айқындайды.

2. Сот орындаушысының тыйым салынған мүлікке билік етуге тыйымын бұзу немесе борышкердің тыйым салынған мүлкін пайдалану құқықтарын шектеуді сақтамау осы заңда көзделген сол сияқты атқару құжатындағы бар талаптарды орындамағаны үшін салдарларға әкеп соғады.

3. Борышкерге ақша сомасын төлеу міндеттемелері бар вексельдерге, түбіртектерге, жинақ кітапшаларын ұсынушыға, депозиттік және жинақ сертификаттарына, облигациялар мен өзге де мүлікке тыйым салу кезінде сот орындаушысы аталған мүлікті алып қою туралы хаттама толтыра отырып, алып қояды.

65-бап. Бағалы қағаздарға тыйым салу

1. Құжатты бағалы қағаздарға тыйым салу олардың тұрған жері бойынша жүргізіледі. Құжатсыз бағалы қағаздарға тыйым салу осы қағаздардың иелерінің құқықтарын есепке алған жер бойынша жүргізіледі.

2. Сот орындаушысы бағалы қағаздарға тыйым салу туралы қаулы шығарады. Сот орындаушысы құжатты бағалы қағаздарға тыйым салу туралы актіні де осы Заңның 71-бабында белгіленген тәртіппен жасайды.

3. Бағалы қағаздарға тыйым салу туралы қаулыда немесе актіде тыйым салынған бағалы қағаздардың жалпы мөлшері, олардың түрлері, сәйкестендіру нөмірі, осы бағалы қағаздардың эмитенті туралы мәліметтер, бағалы қағаздарды сәйкестендіруге, сондай-ақ бағалы қағаздардың борышкерге тиесілілігін белгілеуге мүмкіндік беретін басқа да деректер көрсетіледі.

4. Борышкерге тиесілі бағалы қағаздарға тыйым салу борышкер үшін оларға билік етуге (өз міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде сатуға, беруге, өзге де түрде ауыртпалық түсіруге) тыйым салуды білдіреді. Өзге де шектеулерді, оның ішінде борышкердің кіріс алуға құқықтарын және бағалы қағаздармен бекітілген басқа да құқықтарын шектеу кезінде сот орындаушысы белгіленген шектеулерді бағалы қағаздарға тыйым салу туралы актіде санамалауға міндетті.

5. Бағалы қағаздарға тыйым салу эмитенттің (басқарушы компанияның) оларды өтеу, олар бойынша кірістерді төлеу, оларды бағалы қағаздарға айырбастау немесе алмастыру жөніндегі әрекеттер жасауына, егер мұндай әрекеттер тыйым салынған бағалы қағаздарды шығару шарттарымен (пайлық инвестициялық қордың ережелерімен) көзделсе және бағалы қағаздарға тыйым салу туралы қаулымен тыйым салынбаса, кедергі келтірмейді. Аталған әрекеттердің жасалуы туралы эмитент (компания басқарушысы, басқарушы) сот орындаушысына дереу хабарлайды.

6. Осының нәтижесінде алынған бағалы қағаздарды айырбастау немесе алмастыру тыйым салу туралы қаулы бойынша тыйым салынған бағалы қағаздар, егер бұл тыйым салу туралы қаулының мазмұнына қайшы келмесе, сол шарттармен тыйым салуда болған болып есептеледі. Сот орындаушысы бұрын шығарылған қаулыға қосымша осы Заңның 56-бабының 5-тармағына сәйкес айқындалған берешектің мөлшерін ескере отырып, айырбастау немесе алмастыру нәтижесінде алынған бағалы қағаздарды тыйым салу туралы қаулыны енгізуге міндетті.

7. Егер атқару құжатында борышкердің бағалы қағаздар бойынша кіріс алуға құқықтарын шектеу белгіленсе, онда осы бағалы қағаздар бойынша барлық кірістер аумақтық органның ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына есепке алынуға тиіс.

8. Тыйым салынған құжатты бағалы қағаздарды сот орындаушысы алып қояды және бағалы қағаздарға тыйым салу туралы актіге осы актінің көшірмесін сақтаушыға тапсыра отырып қол қойып, сақтауға береді. Сот орындаушы осы бағалы қағаздарды кастодианға сақтауға беру туралы шешімді қабылдай алады.

9. Тыйым салынған құжатсыз бағалы қағаздар алып қойылмайды және басқа тіркеушіге (номиналды ұстаушыға) құқықтарды есепке алу үшін беріледі.

10. Тыйым салынған бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алуды жүзеге асыратын тіркеушінің (номиналды ұстаушының) тиесілі лицензиясының әрекеті тоқтата тұрған немесе тоқтатылған жағдайда тіркеуші (номиналды ұстаушы) ол туралы, лицензиясының әрекеті тоқтата тұрған немесе тоқтатылғандығы туралы хабарлама алған күннің келесі күнінен кешіктірілмей, сот орындаушысына хабарлайды.

11. Эмитент (басқарушы компания) тыйым салынған бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алуды жүзеге асыратын тіркеушімен (номиналды ұстаушымен) келісім шартты бұзған жағдайда тіркеуші (номиналды ұстаушы) ол туралы, келісім шарт бұзылған күннің келесі күнінен кешіктірілмей, сот орындаушысына хабарлайды.

12. Эмитент (компанияның басқарушысы, басқарушы) борышкерге тиесілі тыйым салынған бағалы қағаздар төлемінің немесе оны өтеудің мерзімі басталған жағдайда аталған бағалы қағаздар бойынша төлем сомасы болатын ақша аумақтық органның ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына аударады.

13. Тыйым салынған бағалы қағаздарды мүліктің және (немесе) мүліктік құқықтардың иесіне беру нысанында өтеген жағдайда сот орындаушысы осы Заңда белгіленген тәртіппен мұндай мүлікті және (немесе) мүліктік құқықтарды өндіріп алады.

14. Бағалы қағаздарға тыйым салынғаны туралы қаулының және (немесе) тыйым салу туралы актінің көшірмесін сот орындаушы атқарушылық іс жүргізушілік тараптарына оны шығарған (жасаған) күннің келесі күнінен кешіктермей, сондай-ақ:

1) бағалы қағаздар берілген тұлғаларға (эмиссиялық бағалы қағаздарды, қоспағанда);

2) тыйым салынған бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алуды жүзеге асыратын тіркеушіге (номиналды ұстаушыға);

3) егер бағалы қағаздарға тыйым салу осы бағалы қағаздарға бекітілген құқықтарды шектеуден тұратын болса, эмитентке (компанияның басқарушысына, басқарушыға) жібереді.

15. Бағалы қағаздарға тыйым салу туралы қаулының және (немесе) актінің көшірмесін алған күннен бастап, осы баптың 14-тармағында аталған тұлғалардың:

1) борышкер аталған қаулымен және (немесе) актімен шектелген құқықтарын іске асыруға бағытталған борышкердің талаптарын орындауға құқығы жоқ;

2) борышкердің бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының арнаулы шотындағы ақшамен және сот орындаушысының аталған қаулысындағы ақшаларының мөлшерін негізге ала отырып, жеке шоттарындағы және депо шоттарындағы бағалы қағаздармен операцияларды дереу тоқтата тұруға міндетті.

16. Номиналды ұстаушының міндеттемелері бойынша тыйым номиналды ұстаушы клиенттерінің иелігіндегі ақшаны есепке алу үшін ашылған номиналды ұстаушының банктік шоттарына салына алмайды.

66-бап. Борышкер мүлкінің тізімдемесі

1. Сот орындаушысы өндіріп алушыға берілетін соманы және орындау жөніндегі шығындарды және жеке сот орындаушысының қызметтеріне шығындарды өтеуге қажетті мөлшерде борышкердің мүлкін тізімдейді. Осы Заңның 56-бабының 5-тармағында көзделген жағдайда, тізімделетін мүліктің құны атқару құжаты бойынша өндіріп алудың мөлшерінен асып түсуі мүмкін. Сот орындаушысы тізімдеуге түскен заттарға сүргі салуы мүмкін.

2. Мүлікті тізімдеу борышкердің және куәгерлердің қатысуымен жүргізілуге тиіс. Атқарушылық әрекеттер жасалатындығы туралы алдын ала хабарланған борышкер болып табылатын жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі болмаған жағдайда, тізімдеу куәгерлердің қатысуымен жасалады.

3. Мүліктер тізімдемесіне әр заттың атауы, оның ерекше белгілері (салмағы, метражы, тозу дәрежесі, бұйымның таңбасы және өзге де көрсеткіштері), әр заттың жеке-жеке бағасы және барлық мүліктің құны енгізіледі.

Тізімдемеге оны жасау кезінде қатысқан тұлғалар қол қояды.

4. Сот орындаушысы, жылжымайтын мүлікті, егер оны сатуға болмайтын болса немесе оны сатудан түскен сома орындау жөніндегі шығыстардан аз болатын болса, тізімдеуге құқылы емес.

67-бап. Мүлікті тізімдеу және тыйым салу актісінің мазмұны

1. Мүлікті тізімдеу және тыйым салу актісінде мыналар көрсетілуге тиіс:

1) актінің жасалған уақыты мен орны;

2) акт жасаған сот орындаушысының, сондай-ақ акт жасау кезінде қатысқан тұлғалардың тегі, аты мен әкесінің аты;

3) атқару құжаты орындалатын соттың немесе басқа органның (лауазымды тұлғаның) атауы;

4) өндіріп алушының және борышкердің аты мен әкесінің аты;

5) мүлікті тізімдеу туралы нұсқау (тізімдеуді кім жүргізді, оны жасау кезінде қатысқан тұлғалар, тізімделген мүліктің жалпы құны);

6) егер заттарға сүргі салынса, оны көрсету;

7) егер мүлікті сақтау борышкердің өзіне жүктелмесе, мүлік сақтауға берілген жеке тұлғаның аты мен әкесінің аты, заңды тұлғаның атауы, олардың мекен-жайы;

8) борышкер мен басқа тұлғаларға сот орындаушысының әрекеттеріне шағым жасау тәртібі мен мерзімінің түсіндірілгендігі туралы, сондай-ақ борышкерге немесе мүлікті сақтаушыға олардың сақтауға берілген мүлікті сақтау жөніндегі міндеттері және талан-таражға салғаны, иеліктен айырғаны немесе жасырғаны үшін жауапкершілігі түсіндірілгендігі туралы белгі;

9) өндіріп алушының, борышкердің, тізімдеу кезінде қатысқан тұлғалардың ескертпелері мен өтініштері және сот орындаушысының олар жөніндегі өкімдері.

2. Мүлікті тізімдеу және тыйым салу актісіне сот орындаушысы мен оны жасау кезінде қатысқан тұлғалар қол қояды.

3. Егер өндіріп алушы, борышкер және мүлікті тізімдеу кезінде қатысқан олардың өкілдері мүлікті тізімдеу және тыйым салу актісіне қол қоюдан бас тартса, онда сот орындаушысы бұл туралы актіге белгі жасайды. Актіге қол қоюдан бас тарту оны заңды күшінен айырмайды.

4. Егер өндіріп алушы, борышкер және мүлікті тізімдеу кезінде қатысқан олардың өкілдері мүлікті тізімдеу және тыйым салу актісіне қандай бір ескертпелерсіз қол қоятын болса, онда олар бұдан әрі мұндай ескертпелерді мәлімдеуге құқылы емес.

§ 3. Борышкер мүлкін бағалау және сақтау

68-бап. Борышкер мүлкін бағалау

1. Борышкер мүлкін бағалауды сот орындаушысы оның нарықтық бағасы мен нақты тозуын ескере отырып, жүргізеді. Бұл орайда өндіріп алушы мен борышкер арасында бағалау туралы қол жеткізілген келісім ескерілуі мүмкін.

Егер жекелеген заттарды бағалау қиын болса не борышкер немесе өндіріп алушы сот орындаушысы жасаған бағалауға қарсы болса, сот орындаушысы мүлік құнын анықтау үшін маман тағайындайды. Жүргізілген бағалаумен келіспеген жағдайда қайта бағалау бойынша маманның төлемін атқарушылық іс жүргізудің бағалаумен келіспеген тарабы төлейді.

Валюта құндылықтары, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да тұрмыстық заттар, антиквариат, кескіндеме және мүсін өнері туындылары, бағалы қағаздар, жылжымайтын мүлік мамандардың міндетті түрде қатысуымен бағаланады.

2. Мүлікті бағалау туралы сот орындаушысы қаулысының көшірмесі қаулы шығарылған күннің келесі күнінен кешіктірілмей атқарушылық іс жүргізу тараптарына жіберіледі.

69-бап. Мүлікті сақтау

1. Сот орындаушысы сақтаушыдан сақтауға қолхат алу арқылы сақтау шарты негізінде тыйым салынған мүлікті сақтауға беруді жүзеге асырады.

2. Тыйым салынған мүлікті сақтаудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

3. Егер мүлікті пайдалану оның қасиеттері бойынша мүліктің жойылуына немесе оның бағасының кемуіне әкеп соқпаса, сақтаушы бұл мүлікті сот орындаушысының рұқсатымен пайдалана алады.

4. Егер борышкер немесе оның отбасының мүшесі сақтаушы болмаса, сақтаушы сақтағаны үшін сыйақы алады.

5. Мүлікті пайдаланудан іс жүзінде алынған пайда шегеріліп тастала отырып, сақтаушыға бұл мүлікті сақтау жөнінде ол жасаған қажетті шығыстар өтеледі.

6. Мүлікті сақтауға байланысты жасалған шығыстар атқарушылық жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылады.

70-бап. Мүлікті сақтаушының жауапкершілігі

Тыйым салынып сақтауға берілген мүлік талан-тараж етілген, иеліктен алынған немесе жасырылған жағдайда сақтаушы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

71-бап. Борышкерден алынған құнды заттарды сақтау

1. Ақша сомаларын, құнды қағаздарды, валюта құндылықтарын, бағалы металдардан, асыл тастардан және інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ мұндай бұйымдардың сынақтарын борышкерден алған кезде сот орындаушысы екі данада алу актісін жасайды.

2. Борышкерден алынған құнды қағаздарды, валюта құндылықтарын, бағалы металдардан, асыл тастардан және інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ мұндай бұйымдардың сынақтарын сот орындаушысы банктерге және банкілік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сақтауға өткізеді, бұл шарт негізінде жүзеге асырылады.

3. Өндіріп алушыға ұйғарылған сомаларды және атқару жөніндегі шығыстарды өтеу үшін қажетті, борышкерден алынған ақша сомаларын сот орындаушысы 24 сағат ішінде аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізеді. Ақшаның тиісті бақылау шоттағы және ағымдағы шоттағы ақша сомасын есепке алу, сақтау және оны беру тәртібі нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

4. Борышкерден ақша алып қойылған жағдайда борышкерге алу актісінен бөлек түбіртек беріледі, ал алынған ақша аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізіледі.

9-тарау. Борышкердің мүлкін сатудың тәртібі

§ 1. Сатудың жалпы ережесі

72-бап. Борышкердің мүлкін сатудың кезектілігі

Борышкердің мүлкінен өндіріп алу кезінде бұл мүлікті сату мынадай кезекпен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезекте борышкердің өндіріске тікелей қатыспайтын мүлкі: бағалы қағаздар, валюта құндылықтары, бағалы металдар мен асыл тастар, зергерлік бұйымдар, жеңіл автокөлік және басқалар сатылады;

2) екінші кезекте - дайын өнім (тауарлар), сондай-ақ өндіріске тікелей қатыспайтын және өндіріске тікелей қатысуға арналмаған өзге де материалдық құндылықтар;

3) үшінші кезекте - жылжымайтын мүлік объектілері, сондай-ақ шикізат пен материалдар, станоктар, құрал-жабдықтар, өндіріске тікелей қатысуға арналған басқа да негізгі құрал-жабдықтар;

4) төртінші кезекте - жалға беру (мүлікті жалдау), заем, прокат шарты немесе өзге де шарттар бойынша басқа адамдарға берілген мүлік.

73-бап. Борышкердің жылжымайтын мүлкіне кейіннен аукционда сату үшін құқықтарды тіркеу ерекшеліктері

1. Жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы құқықтық актілерге сәйкес меншік құқығы (шаруашылық жүргізу құқығы, жедел басқару құқығы) ресімделмеген борышкердің жылжымайтын мүлкінен өндіріп алған жағдайда, сондай-ақ, егер жылжымайтын объектісі болмаса немесе кадастрлық және техникалық есепке алу (түгендеу) бойынша жұмысы аяқталмаса, сот орындаушысы тиісті органдар мен ұйымдарды аталған әрекеттерді

жүргізуге және жылжымайтын мүлікке кадастрлық және техникалық есепке алу мен мемлекеттік тіркеу жөнінде құжаттарды табыс етуге міндеттейтін қаулы шығарады.

2. Кадастрлық және техникалық есепке алу мен мемлекеттік тіркеу жөніндегі шығыстар аукцион өткізгеннен кейін өтеледі.

74-бап. Тыйым салынған мүлікті сату

1. Тыйым салынған мүлікті сатуды, заң бойынша айналымынан алып тасталған мүлікті қоспағанда, тыйым салу негіздері мен мүлік түрлеріне қарамастан, мемлекеттік сот орындаушысы комиссиялық бастамалармен сауда ұйымдарында және өзге де мамандандырылған ұйымдар арқылы осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен аукциондар нысанында сауда-саттықта жүргізеді.

Тыйым салынған мүлікті сатуды, заң бойынша айналымынан алып тасталған мүлікті қоспағанда, тыйым салу негіздері мен мүлік түрлеріне қарамастан, жеке сот орындаушысы комиссиялық бастамалармен сауда ұйымдарында арқылы және осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен аукциондар нысанында сауда-саттықта дербес жүргізеді.

2. Мүлікті сату нысанын таңдауды сот орындаушысы мүлік түрін және өндіріп алушы мен борышкердің пікірлерін ескере отырып белгілейді.

3. Борышкер мүлкінен өндіріп алу кезінде, егер өндіріп алынатын мүлікті сату туралы шешім қабылданған кезде борышкердің дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс қозғалса, борышкердің дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы мәселе мәні бойынша қаралғанға дейін мүлікті сату тоқтатыла тұрады.

4. Тыйым салынған мүлікті сатудың осы Заңмен реттелмеген мәселелері уәкілетті органмен бекітілетін ережемен анықталады.

75-бап. Мемлекетке берілетін мүлікті сату

Мүлікті тәркілеу бөлігіндегі қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлік Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін ережелерге сәйкес сатылады немесе пайдаланылады.

76-бап. Құндылықтарды сату

Борышкерден алынған және банктерге және банкілік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сақтауға берілген бағалы қағаздар, валюта құндылықтары, бағалы металдардан, асыл тастар мен інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдар, сондай-ақ осындай бұйымдардың сынықтары мен антиквариат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін ережелерге сәйкес сатылады.

77-бап. Тыйым салынған мүлікті сату тәртібі

1. Борышкердің мүлкін сатуға беру туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

2. Борышкердің тыйым салынған мүлкін сату, осы Заңның 75 және 76-баптарында аталғандарды қоспағанда, аукцион нысанында сауда-саттықта сату арқылы жүзеге асырылады.

3. Өндіріп алушы мен борышкер келіскен жағдайда мүлік комиссия шартының негізінде сауда кәсіпорындары арқылы сату жолымен іске асырылуы мүмкін. Тез бұзылатын мүлікті сот орындаушысы оған тыйым салу және тізімдеу жүргізілгеннен кейін және атқарушылық ісін жүргізу тараптарының ерік білдіруіне қарамастан, комиссия шарты бойынша дереу сатуға тапсырылады.

4. Борышкердің мүлкін мамандандырылған ұйымға сатуға беруді сот орындаушысы қабылдау-беру актісі бойынша жүзеге асырады.

5. Егер маман, тыйым салынған мүлік сату кезінде құнды болып табылмайды және өтімді емес болып табылады деп қорытынды шығарса, бұл мүлік сатуға тапсырылмайды, ал бұрын оған салынған тыйым алып тасталады.

6. Құрамы жағынан бір тектес мүлікті сату кезінде ол бірыңғай лотпен сатылуы мүмкін.

7. Сот орындаушысы оның атқарушылық округіндегі (атқарушылық учаскесіндегі) мүлікті сатуға құқылы.

78-бап. Мүлікті комиссиялық сату ерекшеліктері

1. Тыйым салынған жылжымайтын мүлікті мамандандырылған дүкенде (сауда алаңында) мүлікті ашық сатуға қою арқылы комиссиялық бастамалармен сату және оны адамдардың белгісіз тобына сату мүмкіндігін қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

2. Борышкердің мүлкін сатуға беруді мемлекеттік сот орындаушысы комиссиялық сауданы жүзеге асыратын ұйымдармен аумақтық бөлім арасында жасалған шарт негізінде қабылдау-тапсыру актісі бойынша жүзеге асырады. Жеке сот орындаушысы комиссиялық сауданы жүзеге асыратын ұйымдармен шартты дербес жасайды.

3. Егер борышкердің мүлкі осы баптың 2-тармағында аталған ұйымдарға оны сатуға тапсырған күннен бастап бір айлық мерзімде сатылмаса, сот орындаушысы комиссиянердің өкілімен бірлесіп бұл мүлікке қайта бағалауды, бірақ бастапқы бағасынан елу проценттен темен емес бағамен жүргізеді.

Борышкердің мүлкін қайта бағалау туралы сот орындаушысы қаулы шығарады, оның көшірмесі қаулы шығарылған күннің келесі күнінен кешіктірілмей атқарушылық іс жүргізу тараптары мен аталған мүлікті сататын ұйымдарға жіберіледі.

4. Борышкердің мүлкі мүлікті қайта бағалау жүргізілген күннің келесі күнінен бастап сатылмаса, сот орындаушысы өндіріп алушыға борышкердің сатылмаған мүлкін оның құны бойынша соңғы бағаға сәйкес өзінде қалдыруды ұсынады. Өзінің шешімі туралы өндіріп алушы сот орындаушысына аталған ұсынысты алған кезден бастап 5 күндік мерзімде жазбаша хабарлауға міндетті.

Борышкердің мүлкін өндіріп алушыға беру туралы сот орындаушысы қаулы шығарады. Борышкердің мүлкін өндіріп алушыға беру қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді. Мүлікті беру туралы қаулының көшірмесі қаулы шығарылған күннің келесі күнінен кешіктірілмей атқарушылық іс жүргізу тараптарына жіберіледі.

5. Өндіріп алушы аталған мүлікті алудан бас тартқан жағдайда (оның ішінде өндіріп алушыдан жауап ала алмағанда) ол борышкерге қайтарылады.

6. Осы баптың 4-тармағына сәйкес өндіріп алушыға берілген борышкердің мүлкінің құны мүлікті қайта бағалау кезінде айқындалған баға бойынша атқару құжатын орындау шотына есептеледі, бұл туралы сот орындаушысы атқару құжатында тиісті белгі қояды.

7. Сауда ұйымдарының тауарларды сатудан алған бағасының сомасы тиісті аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына үш күндік мерзімде сақтауға тапсырылады.

§ 2. Аукцион өткізудің ерекшеліктері

79-бап. Алдағы аукцион туралы хабарлау

1. Борышкердің мүлкі аукционда сатылатын жағдайда сот орындаушысы алдағы аукцион туралы ресми хабарларды жариялауға құқығы бар мерзімді баспасөз басылымдарында аукцион өткізілгенге дейін он күннен кешіктірмей мемлекеттік тілде және орыс тілінде хабарлайды. Кепілге берілген мүліктің аукционда сауда-саттықта сатылатын уақыты мен орны туралы сот орындаушысы кепіл ұстаушыға хабарлайды.

2. Борышкердің мүлкі аукционда сатылатын жағдайда сот орындаушысы мүліктің тізімін Уәкілетті органың интернет сайтында жариялайды.

3. Мүдделі адам аукцион өткізу туралы хабарландыруды басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында өз есебінен жариялауға құқылы.

80-бап. Аукционды өткізудің жалпы шарттары

1. Аукционға қатысуға тілек білдіруші адамдар аукционға қатысуға өтінім беруге және оларға қатысуға бөгет жоқ деп қол қоюға, аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына мүліктің бастапқы құнын бағалаудың бес проценті мөлшерінде кепіл ақша енгізуге міндетті. Аукционды ұйымдастырушының не жеке сот орындаушысының аукционға қатысуға өтінімді қабылдауы аукцион басталғанға дейін бір тәулік бұрын аяқталады.

Аукционды ұтқан адам енгізген сома сатып алу бағасының шотына есептеледі. Аукционның қалған қатысушыларына олар енгізген кепіл ақша аукцион аяқталғаннан кейін бес күн ішінде қайтарылады.

2. Аукционға сот орындаушылары мен осы атқарушылық іс жүргізушілік бойынша шешім шығарған судья, тыйым салынған мүлікті бағалаған бағалаушы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстары, борышкер мен мүлікті тізімдеу және тыйым салу кезінде қатысқан адамдар қатыса алмайды.

81-бап. Аукционды өткізу тәртібі

1. Аукцион басталар алдында қатысушылар аукционды ұйымдастырушыға немесе жеке сот орындаушысына жеке тұлға үшін жекебасын куәландыратын құжатты не

заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлікті және өкілдің сенімхатын ұсынады. Бұл құжаттардың көшірмелері атқарушылық іс жүргізу материалдарына тігіп қойылады.

2. Аукцион басталарда аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысы сатылатын мүліктің атауын, бастапқы бағасын және мүліктің бастапқы құнының бір процентінен кем болмайтын бағаны өзгеруге кадамды жариялайды.

Бұдан кейін аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысы мүліктің бастапқы бағасына қарағанда үлкен құнды кімнің төлеуге дайын екендігі туралы аукционға қатысушылардан айқындайды.

3. Аукцион мүліктің бағалау құнына тыйым салу туралы көрсетілген актіден басталады. Сатып алу бағасын ұлғайту қатысушының оған берілген тіркеу нөмірі бар көртішкені көтеру арқылы жүзеге асырылады.

4. Мүліктің құнын ұлғайтқаннан кейін аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысы мүліктің құнының ұлғаюы туралы хабарлайды және аукционды өткізу туралы хаттамаға бағаны көтерген қатысушының деректерін көрсете отырып, тиісті жазба енгізеді.

5. Қатысушылардың бірі ұсынған соңғы баға бойынша сатылған және аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысы үш рет қатарынан жариялаған баға аукционның нысанасы болып есептеледі. Аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысы үш рет қатарынан жариялағаннан кейінгі ең жоғары баға ұсынған қатысушы бағаны көтеруге аукционға басқа қатысушылардан ұсыныс түспесе, аукцион жеңімпазы болады.

6. Мүлік аукционда ең жоғары бағаны ұсынған адамға сатылған болып есептеледі. Сатып алушы аукцион аяқталғаннан кейін он бес күн ішінде аукцион басталар алдында енгізілген кепіл ақшаны шегере отырып, өзі сатып алған мүлік үшін толық соманы енгізуге міндетті. Сатып алушы белгіленген мерзімде өзіне тиісті бүкіл соманы енгізбеген жағдайда аукцион басталар алдында енгізілген кепіл ақша оған қайтарылмайды және мемлекет кірісіне түседі. Егер сатып алушының аукционға қатысуға құқығы болмағаны белгілі болған жағдайда да кепіл ақша мемлекет кірісіне түседі.

7. Егер аукционда мүлікті сатып алушы осы баптың 6-тармағында аталған мерзім ішінде сатып алу бағасын енгізбесе, аукционға екінші қатысушыны аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысы өзінің аукционда жариялаған бағасы бойынша оның мүлікті сатып алуға өтініш беруге құқығы болатыны туралы хабарлайды. Мұндай мәлімдемені аукционға екінші қатысушы аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысына хабарламаны алған күннен бастап он күн ішінде беруге құқылы. Сатып алу бағасын аукционға екінші қатысушы аукционды ұйымдастырушының немесе жеке сот орындаушысының хабарламасын алғаннан кейін он күн ішінде енгізеді.

8. Егер сатылған мүлік үшін түсім өндіріп алушының талаптары қанағаттандыру, мәжбүрлі орындау, атқару санкциясы жөніндегі шығыстарды төлеу және жеке сот орындаушысының қызметіне төлеу үшін жеткілікті сомаға жететін болса, аукционды ұйымдастырушы немесе жеке сот орындаушысы аукционды тоқтатады.

82-бап. Аукцион нәтижелерін бекіту

1. Сот орындаушысы мынадай мәліметтерді:

1) аукционның күнін және орнын;

2) жеке сот орындаушысы үшін атқарушылық округті көрсете отырып, сот орындаушысының атын, өсімін және әкесінің атын;

3) олардың негізінде мүлікке тыйым салынған атқару құжатын және мүлікті тізімдеу мен тыйым салу актісін;

4) борышкердің тегін және тұрғылықты жерін немесе қажеттілігіне орай атауы мен тұрған жерін;

5) аукционға қатысушылардың өкілдерінің өкілеттігін растайтын құжаттарды көрсете отырып, тегін, атын және тұрғылықты жерін немесе қажеттілігіне орай атауы мен тұрған жерін;

6) мүліктің бастапқы бағасын;

7) әрбір қатысушы ұсынатын соманы;

8) аукционнан сатылған мүліктің тізімдемесін және сатып алушы ұсынған оның сатылу бағасын;

9) аукционды ұйымдастырушының, сот орындаушысының, мүлікті сатып алушының, сатып алушыдан кейін екінші бағаны ұсынған аукционға қатысушының, сондай-ақ егер олар қатысқан болса, өндіріп алушы мен борышкердің қойылған қолдарын қамтитын аукционның өткізілгендігіне хаттама жасайды.

2. Хаттаманың бір данасы ол сатып алған мүліктің құнын төлегеннен кейін сатып алушыға тапсырылады. Хаттаманың басқа данасы атқару құжаты іс жүргізуінде болған сот орындаушысында қалады.

83-бап. Аукцион нәтижелері бойынша меншік иесі құқығының борышкердің мүлкіне ауысуы

Аукцион нәтижелері бойынша сатып алған мүліктің құнын төлегеннен кейін аукционды мүлікті сатып алушымен сатып алу-сату шарты жасалады.

Аталған шарт сатып алушының алған мүлкіне оның меншік құқықтарын (меншік құқықтарының ауысуын) мемлекеттік органдарда тіркеу үшін негіз болып табылады.

84-бап. Аукционды өткізілмеген деп жариялау

1. Сот орындаушысы егер:

1) аукционға екіден кем сатып алушы келсе;

2) келгендердің ешқайсысы мүліктің бастапқы бағасына үстеме жасамаса;

3) сатып алушы өзінің мүлікті сатып алған сомасын он бес күн ішінде толық енгізбесе;

4) бірінші сатып алушы осы заңның 81-бабының 7-тармағында белгіленген сатып алу бағасын енгізбесе, ал екінші қатысушы өзі жариялаған сатып алу бағасын он күндік мерзімде енгізбесе, аукцион өткізілмеген деп жариялайды.

Сот орындаушысы аукционды өткізілмеген деп тану туралы қаулы шығарады.

2. Егер аукцион өткізілмесе, кепіл ақша оны салған адамдарға қайтарылады, бұған осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайлар кірмейді.

85-бап. Аукционды өткізілмеді деп жариялау салдары

1. Аукцион өткізілмеді деп жарияланған жағдайда өндіріп алушыға бастапқы бағасы жиырма процентке төмендетілген бағамен мүлікті өзінде қалдыру құқығы беріледі.

2. Аукцион өткізілмеді деп танылған және өндіріп алушы мүлікті өзінде қалдырудан бас тартқан жағдайда сот орындаушысы осы Заңда белгіленген ережелерді сақтай отырып, қайтадан аукцион өткізуді тағайындайды. Бұл орайда қайталама аукцион үшін белгіленген баға қатысушылардың біреуі аукционға шығарылған мүлік құнының алғашқы бағасының елу процентінен төмен болмауға тиіс жарияланған бағамен мүлікті сатып алуға келіскен кезге дейін хабарланған ретпен төмендетіле береді.

3. Қайтадан аукцион өткізілмеді деп жарияланған жағдайда мүлік өндіріп алушыға соңғы жарияланған бағамен ұсынылады. Өндіріп алушы сатылатын мүлікті өзінде қалдырудан бас тартқан жағдайда бұл мүліктен тыйым алып тасталады.

§ 3. Дебиторлық берешекті және мүліктік құқықтарды іске асырудың ерекшеліктері

86-бап. Дебиторлық берешекті өндіріп алу

1. Дебиторлық берешекті өндіріп алу осы Заңның 56-бабының 5-тармағына сәйкес айқындалатын берешек мөлшерінде, бірақ өндіріп алынатын күні болатын дебиторлық берешек көлемінен аспайтындай және сол шарттармен дебиторлық берешекті алуға борышкер құқығының өндіріп алушыға ауысуынан тұрады.

2. Дебиторлық берешекті өндіріп алу:

1) өндіріп алушының келісімі болған кезде - дебитордың дебиторлық берешекті аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізуі (аударуы) арқылы;

2) өндіріп алушының келісімі болмаған немесе дебитор дебиторлық берешекті аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізбеген (аудармаған) кезде - дебиторлық берешекті сауда-саттықтарда сату арқылы жүргізіледі.

3. Дебиторлық берешек:

1) оны өндіріп алу үшін талап қою мерзімі өтіп кеткен;

2) дебитор Қазақстан Республикасы құқықтық көмек туралы шарт жасаспаған шетелдік мемлекетте тұратын;

3) дебитор таратылу процесінде тұрған;

4) дебитор заңды тұлға ретінде өз қызметін тоқтатқан және заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінен шығарып тасталған;

5) дебиторға қатысты банкроттық рәсімі енгізілген жағдайларда өндіріп алынбайды.

4. Дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы сот орындаушысы қаулы шығарады, онда ақша дебитордың аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізу (аудару) тәртібі көрсетіледі. Аталған қаулы ол шығарылған күннің келесі күнінен кешіктірілмей дебиторға және атқарушылық іс жүргізушілік тараптарына жіберіледі.

5. Сот орындаушысы өз қаулысымен дебиторды қаулыда аталған ақша аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізу (аудару) арқылы тиісті міндеттемелерді орындауға міндеттейді, сондай-ақ борышкерге дебиторлық берешек туындаған негіздерде құқықтық қатынасты өзгертуге тыйым салады.

6. Дебитор дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулысын алған күннен бастап дебитордың тиісті міндеттемені орындауы қаулыда аталған ақша аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізу (аудару) арқылы жүзеге асырылады. Дебитордың міндеттемелерді мұндай орындауы кредиторға тиісті орындау болып есептеледі. Борышкерге қатысты дебитордың құқығы бұл ретте өзгермейді.

7. Дебитор сот орындаушысына және борышкерге ақша аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізгені (аударғаны) туралы дереу хабарлауға міндетті.

87-бап. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың дебиторлық берешегін айқындау

1. Заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың дебиторлық берешегін айқындау үшін сот орындаушысы заңды тұлғалардан және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардан қажетті бухгалтерлік құжаттаманы талап етуге құқылы.

2. Сот орындаушысы борышкердің дебиторлық берешегі туралы салық органдарына ақпарат алу үшін жүгінуге құқылы.

3. Салық органдары, заңды тұлғалар және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар сот орындаушысына үш күндік мерзімде қажетті құжаттар мен ақпаратты табыс етуге міндетті.

4. Дебиторлық берешекті айқындауды маман жүргізеді. Маманның қызметіне төленетін шығыстар атқарушылық әрекеттер жасау кезіндегі шығыстарға қосылады.

5. Осы Заңның 98-бабында аталған сомаларды төлеу туралы талаптарды өндіріп алуға болмайды.

88-бап. Ақшалай талаптарды өндіріп алу туралы ережелерді алып тастау немесе шектеу туралы келісімдер

1. Осы заңның 87-бабында белгіленген ережелерді борышкер мен өндіріп алушының арасындағы келісім бойынша алып тастауға немесе шектеуге болмайды.

2. Ақшалай талаптар, тіпті егер атқарушылық іс жүргізудегі борышкер және азаматтық-құқықтық міндеттемелеріне байланысты (борышкердің дебиторы) оған ақшалай қаражатты төлеуге міндетті адам арасында бұл талаптарға тыйым салу немесе шектеу туралы келісім болатын болса да, өндіріп алынуы мүмкін.

3. Аталған ереже атқарушылық іс жүргізудегі борышкерді зиян үшін өзінің контрагентінің алдындағы жауапкершіліктен босатпайды.

89-бап. Ақшалай талаптарға тыйым салу тәртібі

1. Ақшалай талаптарға тыйым салу кезінде сот орындаушысы борышкердің дебиторына және борышкерге тыйым салу туралы хабарлайды және борышкердің дебиторына борышкерге төлеуге, ал борышкерге - талаптарға билік етуге және оның кепілзат ақшасын қамтамасыз ететін, сондай-ақ, егер осы заңда өзгеше белгіленбесе, талаптар бойынша төлем қабылдауға тыйым салады.

Борышкер дебиторы оған сот орындаушысы жіберетін тыйым салу туралы актіні алған кезден бастап, тыйым салынған болып танылады.

2. Егер міндеттемелерді орындау үшін төлем үшінші тұлғаға жүктелсе, онда тыйым салу туралы акті осы тұлғаға да жіберіледі.

Борышкер дебиторы сот орындаушысының тыйым салу және борышкерге төлеуге тыйым салу туралы актісін алған кезден бастап, тыйым салынған болып есептеледі.

90-бап. Ақшалай талаптарға тыйым салу кезіндегі өндіріп алушы құқықтарының көлемі

Сот орындаушысы өндіріп алушының және борышкердің келісімімен борышкердің дебиторын өндіріп алушының алдындағы міндеттемелерді атқару құжатында аталған сома шегінде орындауға міндеттеуге құқылы. Бұл ретте өндіріп алушыға борышкердің аталған шектерде борышкер дебиторының алдында болған құқықтары ауысады.

91-бап. Дебитордың ақпарат берудегі міндеті

1. Сот орындаушысы өндіріп алушының талап етуі бойынша немесе өзінің бастамасы бойынша қаулыда ақшалай талаптарға тыйым салынған кезде борышкердің дебиторына тыйым салынған талаптардың сипаты мен мазмұнына байланысты ақпарат беруді ұсына алады.

Борышкердің дебиторы сот орындаушысына қаулыны алған кезден бастап үш күн ішінде жазбаша жауап беруге міндетті. Борышкердің дебиторының ақпарат беру жөніндегі шығыстарын борышкер өтейді.

2. Борышкердің дебиторы өндірушінің алдында ақпарат беруден бас тарту, көрінеу дұрыс емес немесе толық емес ақпарат беруі салдарынан оған келтірілген залал үшін

жауап береді. Борышкер дебиторының жауапкершілікте болуы туралы тыйым салу туралы немесе ақпаратты сұрату туралы қаулыда ескертіледі.

3. Сот орындаушысы борышкердің дебиторынан алынған ақпарат туралы өндіріп алушыға хабарлауға міндетті.

4. Сот орындаушысы алынған ақпаратты ескере отырып, борышкердің дебиторына тыйым салынған талаптар бойынша төлеу туралы қаулыны жібереді.

5. Төлеу туралы қаулыға сәйкес төлеген борышкердің дебиторы міндеттемесін тиісті түрде орындаған болып есептеледі.

92-бап. Борышкердің борышкер - үшінші тұлға алдындағы өз міндеттемесін орындауды қамтамасыз етуі

1. Егер борышкердің дебиторының міндеттемелерді орындауына оған заттарды беру себепші болса, ал заттар борышкерде болатын болса, онда ол сот орындаушысы мен өндіріп алушының талап етуі бойынша затты борышкердің дебиторына беру үшін оны беруге міндетті.

2. Өндіріп алушы, егер борышкердің затты борышкер дебиторының міндеттемелерін орындауына айырбасқа беру міндеті болуын растайтын сот шешімі болса не егер мұндай міндеттің болуын мүдделі тұлғалар дәлелдеген болса, борышкерден бұл заттарды алып қою туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы. Өндіріп алушының немесе уәкілетті адамның талаптарын қанағаттандыру туралы мәселені борышкердің қатысуымен сот шешеді.

10-тарау. Борышкердің ақшалай қаражаттарынан өндіріп алу

§ 1. Азаматтардың ақшалай қаражаттарынан және басқа да табыс түрлерінен өндіріп алу

93-бап. Борышкердің жалақысынан және өзге де табыс түрлерінен өндіріп алу

1. Мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы шешімдерді орындау кезінде, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінен аспайтын соманы өндіріп алу кезінде, сондай-ақ басқа да өндіріп алулар бойынша өндіріп алынатын соманы толық өтеу үшін борышкердің мүлкі болмаған немесе мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда борышкердің жалақысы мен өзге де табыс түрлерінен өндіріліп алынады.

2. Борышкердің жалақысынан және өзге де табыс түрлерінен өндіріп алынған кезде сот орындаушысы осы Заңның талаптарын ескере отырып қаулы шығарады, онда берілген сома толық өндіріп алынғанға дейін ай сайын қандай мөлшерде ақша ұсталуға тиіс екендігі көрсетіледі және оны орындау үшін борышкер еңбек қатынастарында тұрған немесе сыйақы алатын жұмыс берушіге жеке сот орындаушысының не аумақтық бөлімнің мөрімен расталған атқару құжатының көшірмесімен бірге жібереді.

3. Сот орындаушысы борышкердің жалақысынан және басқа да табыстарынан ақшаның дұрыс және уақтылы ұсталуына, сондай-ақ ұсталған соманың өндіріп алушыға уақытында жіберілуіне ұдайы бақылау жасап отыруды жүзеге асыруға міндетті.

4. Борышкер жұмыстан босатылған жағдайда онымен еңбек қатынастарында тұрған жұмыс беруші бұл жөнінде сот орындаушысына үш күндік мерзімде хабарлама жіберуге міндетті.

Тұрғылықты жері өзгерген жағдайда борышкер сот орындаушысына өзінің жаңа мекен-жайын хабарлауға міндетті.

94-бап. Борышкердің жалақысынан және табысының өзге де түрлерінен ұстап қалу мөлшерін есептеу

Ұсталып қалу мөлшері - борышкердің алуына тиесілі жалақы (табыс) сомасынан есептеледі.

95-бап. Борышкердің жалақысынан және табысының өзге де түрлерінен ұстап қалу мөлшері

Бір немесе бірнеше атқару құжаттары бойынша борышкердің жалақысынан немесе табысының өзге де түрлерінен өндіріліп алынған жағдайда борышкер жалақысының немесе өзге де табысының кемінде елу проценті сақталуға тиіс.

96-бап. Жазасын өтеп жүрген борышкердің жалақысынан өндіріп алу

1. Түзеу жұмыстарын өтеп жүрген адамдардан атқару құжаттары бойынша өндіріп алу соттың үкімі немесе қаулысы бойынша жүргізілген ұстап қалу сомасы есепке алынбай, жалақының толық сомасынан жүргізілуге тиіс.

2. Денсаулық сақтайтын емдеу-профилактикалық мекемелерде емделіп жатқан, маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдардан өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Сотталушы негізгі жаза түрінде тағайындалған айыппұл төлеуден қасақана жалтарса, сот орындаушысы үкім шығарған сотқа Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес төленбеген айыппұл сомасын басқа жазаға ауыстыру туралы ұсыныс жіберуге құқылы.

97-бап. Әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақйдан өндіріп алу

Еңбекке уақытша жарамсыздығы кезінде төленетін әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақйдан, баланы күтуіне байланысты ішінара ақы төленетін демалыс кезеңінде әйелге берілетін жәрдемақйдан, сондай-ақ оқушылардың стипендиялары мен жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақйдан өндіріп алу соттың, алимент төлету туралы және мертіктірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы шешімі бойынша ғана жүргізілуі мүмкін.

98-бап. Өндіріліп алуға болмайтын ақша сомасы

Мыналардан:

1) мертіктірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуы салдарынан келтірілген залалды өтеу үшін борышкер алған сомалардан;

2) асыраушысынан айрылуына байланысты балаларға берілетін жәрдемақы түрінде борышкер алатын сомалардан;

3) мүгедек балаларға берілетін жәрдемақы түрінде борышкер алатын сомалардан;

4) адамдарға қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде мертіккен (жарақаттанған, зақымданған, контузия алған) кезде оларға төленетін және олардың қаза табуына (қайтыс болуына) байланысты отбасы мүшелеріне төленетін сақтандыру сомалары мен бір жолғы жәрдемақыдан;

5) бала тууға байланысты, көп балалы және жалғыз басты аналарға, кәмелетке толмаған балалардың ата-анасын іздеу кезеңінде оларды асырауға, зейнеткерлер мен 1-топтағы мүгедектерді күтіп-бағуға төленетін жәрдемақыдан;

6) жәбірленушілердің қосымша тағамына, санаториялық-курорттық емдеу мен протездеуге және мертіктірумен не денсаулығын өзгедей зақымдаумен залал келтірілген жағдайларда оларды күтіп-бағу жөніндегі шығыстарға төленетін сомалардан;

7) зиянды немесе қысылтаяң жағдайлардағы жұмысқа төленетін өтемақылардан, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде экологиялық апаттан немесе радиациялық әсерден зардап шеккен азаматтарға төленетін ақша сомасынан;

8) төлем көзіне қарамастан, бір жолғы сипаттағы материалдық көмектен;

9) жерлеуге берілген жәрдемақыдан;

10) арнайы мемлекеттік жәрдемақылардан өндіріп алуға болмайды.

§ 2. Алименттерді өндіріп алу кезінде атқару құжаттарының орындалу ерекшеліктері

99-бап. Борышкердің жалақысы болмаған жағдайда алимент өндіріп алу тәртібі

1. Алимент төлемдерін жалақыдан немесе өзге де табыстардан үш ай бойы қатарынан өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда борышкердің мүлкінен өндіріп алынады, бұған осы Заңның 61-бабына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлік кірмейді.

Мүліктен өндіріп алу туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

2. Алименттер жөніндегі берешек мөлшерін сот орындаушысы өндіріп алушының қалауы бойынша борышкердің өндіріп алу жүргізілмеген уақыт ішінде алған не оның берешекті анықтау кезіне қарай алған нақты жалақысын (табысын) негізге ала отырып шешім орындалатын жерде белгілейді.

3. Егер борышкер бұл кезеңде жұмыс істемеген немесе оның табысын және өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынбаған жағдайда, алимент бойынша берешек берешекті

өндіріп алу кезіндегі тұрған өңірдің (облыстың, астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың) орташа айлық жалақы мөлшерін негізге ала отырып айқындалады

4. Борышкердің алимент төлеуден жалтару салдарынан ол бойынша берешегі құралған жағдайда берешек сомасына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес айыппұл есептеледі.

100-бап. Борышкердің жұмыс орны мен табысы туралы мәліметтер

Борышкермен еңбек қатынасында тұрған немесе ол табыс алатын азаматтар және ұйымдардың лауазымды адамдары сот орындаушысы тағайындаған мерзімде борышкердің жұмыс орны мен оның табыстары, атқару құжатына сәйкес ұстап қалу жүргізілгендігі және өндіріп алған соманың өндіріп алушыға жіберілгендігі туралы, борышкердің ақша сомалары мен мүлкінен өндіріп алу жөнінде, сондай-ақ борышкердің жұмыстан босатылғаны туралы, егер өздеріне белгілі болса, оның жаңа жұмыс орны немесе тұратын жері туралы дұрыс мәліметтер беруге міндетті. Сот орындаушысының бұл талаптарын орындамау әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

101-бап. Алимент төлеу жөніндегі берешекті өндіріп алу тәртібі

1. Барлық алимент төлеу жөніндегі берешек алимент төлеушінің жалақысынан, басқа да табыстарынан өндіріліп алынады.

2. Берешектің мөлшерін сот орындаушысы шешімнің (қаулының) орындалған жері бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен айқындайды

3. Сот орындаушысының берешекті анықтау туралы қаулысына заңда белгіленген тәртіппен шағым берілуі немесе наразылық білдірілуі мүмкін.

102-бап. Жалақыдан ұстап қалудың дұрыстығын бақылау

Сот орындаушысы борышкердің жалақысы мен басқа табыстарынан ұстап қалу мен ұсталған сомаларды өндіріп алушыға жіберудің дұрыстығы мен уақытылы жүргізілуін ұдайы бақылап отыруды жүзеге асырады.

103-бап. Борышкер шетелге тұрақты тұруға немесе жұмысқа және әскери қызметті өтеуге кеткен жағдайда алименттерді өндіріп алу

Борышкер шетелге тұрақты тұруға немесе жұмысқа және әскери қызметті өтеуге кеткен жағдайда алименттерді өндіріп алу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және халықаралық шарттармен белгіленеді.

2.3-бөлімше. Мүліктік емес сипаттағы атқару құжаттарын орындау

11-тарау. Борышкерді белгілі бір әрекетті жасауға немесе оларды жасаудан тартынуға міндеттейтін атқару құжаттарын орындау тәртібі

104-бап. Борышкерді белгілі бір әрекетті жасауға немесе оларды жасаудан тартынуға міндеттейтін атқару құжаттарын орындау

1. Борышкерді тек өзі ғана жасай алатын әрекетті жасауға немесе оларды жасаудан тартынуға міндеттейтін атқару құжатын орындау кезінде сот орындаушысы борышкерге мерзім белгілей отырып, осындай әрекет жасау туралы хабарлама немесе оларды жасаудан тартыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

2. Борышкер сот орындаушысының талаптарын белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда сот орындаушысы борышкерден мемлекет кірісіне сот орындаушысының талаптарын орындамаған мерзімі өткен әрбір күн үшін жеке тұлғалардан бес айлық есептік көрсеткіш және заңды тұлғалардан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлын өндіріп алу туралы сотқа ұсыныс жасайды.

3. Борышкер сот орындаушысының талаптарын белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда және егер борышкерді белгілі бір әрекеттерді жасауға міндеттейтін атқару құжатын орындау үшін борышкердің қатысуы міндетті болмаса және бұл әрекеттерді өндіріп алушы жасай алатын болса, сот орындаушысы осы заңмен өзіне берілген құқықтарға сәйкес борышкерден мемлекет кірісіне атқарушылық санкцияны және орындау жөніндегі шығыстарды үш еселенген мөлшерде өндіріп ала отырып, атқару құжатын орындауды ұйымдастырады.

105-бап. Жұмысқа қайта қабылдау туралы атқару құжатының орындалуы

1. Ұйымның басшысы (жұмыс беруші) жұмысқа қайта қабылдау туралы атқару құжатын орындамаған жағдайда сот орындаушысы қызметкерге орташа жалақысын төлеу немесе қызметкерді жұмысқа қайта қабылдау туралы шешім шығарылған күннен бастап оны орындаған күнге дейінгі жалақысының айырмасын төлеу туралы, сондай-ақ ұйым басшысынан (жұмыс беруші) мемлекет кірісіне сот орындаушысының талаптарын орындамаған мерзімі өткен әрбір күн үшін жеке тұлғалардан бес айлық есептік көрсеткіш және заңды тұлғалардан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлын өндіріп алу туралы қаулы шығарылғаны жөнінде сотқа ұсыныс жасайды.

2. Жұмысқа қайта қабылдау туралы шешімнің орындалуы әкімшіліктің жұмыстан босату немесе ауыстыру туралы өзінің заңсыз өкімінің күшін жою туралы бұйрық шығарғаннан кейін болған, жұмыстан заңсыз босатылған немесе ауыстырылған қызметкер бұрынғы міндеттерін атқаруға іс жүзінде жіберілген кезден бастап аяқталған болып есептеледі.

106-бап. Борышкерді қоныс аударту туралы атқару құжатын орындау

1. Борышкерді қоныс аударту туралы атқару құжаты сот орындаушысы белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда қоныс аударту куәгерлердің қатысуымен мәжбүрлі түрде жүзеге асырылады.

2. Сот орындаушысы борышкерді қоныс аударту уақыты туралы ресми түрде хабардар етеді. Қоныс аударту уақыты туралы тиісінше хабардар етілген борышкердің болмауы атқару құжатын орындауға кедергі болмайды.

Қоныс аударту атқару құжатында көрсетілген үй-жайды қоныс аударушыдан (аударушылардан), оның (олардың) мүліктерінен, үй жануарларынан босатудан және қоныс аударушының (аударушылардың) босатылған үй-жайды пайдалануына тыйым салудан тұрады.

3. Қоныс аударту кезінде босатылатын үй-жайдан шығарылатын мүліктердің тізімдемесі жасалады және қажет болған жағдайларда шыққан шығын борышкерге жүктеліп, оны сақтау қамтамасыз етіледі. Борышкердің мүлкін сақтау екі айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады, оның аяқталуына қарай аталған мүлік осы Заңда белгіленген тәртіппен сатылады.

4. Борышкердің мүлігін сатқаннан кейін түскен сома, орындау жөніндегі шығыстар, атқару санкциясы және жеке сот орындаушысы қызметінің төлеуі өтелгеннен кейін борышкерге қайтарылады. Борышкермен талап етілмеген ақша аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотында немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотында сақталады. Үш жыл өткеннен кейін, аталған ақшалар республикалық бюджетке аударылады.

5. Мүлік сатылмаған жағдайда ол куәгерлердің қатысуымен жойылуға жатады. Сот орындаушысы мүлікті жою актісін толтырып, оған өзі және куәгерлер қол қояды. Мемлекеттік сот орындаушысы толтырған акті аумақтық органың басшысымен бекітілуге жатады.

107-бап. Өндіріп алушыны қоныстандыру туралы атқару құжатын орындау

1. Сот орындаушысы өндіріп алушыны атқару құжатында көрсетілген үй-жайға қоныстандыруды қамтамасыз етеді.

Сот орындаушысы өндіріп алушыны және борышкерді қоныстандыру уақыты туралы ресми түрде хабардар етеді. Қоныстандыру уақыты туралы тиісінше хабардар етілген борышкердің болмауы атқару құжатының орындалуына кедергі болмайды.

2. Өндіріп алушыны қоныстандыру актімен ресімделеді және куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

2.4-бөлімше. Өндіріп алынған ақша сомаларын өндіріп алушылар арасында бөлу

12-тарау. Өндіріп алынған ақша сомаларын өндіріп алушылар арасында бөлу

108-бап. Өндіріп алынған ақша сомаларын бөлу

1. Сот орындаушысы борышкерден өндіріп алған сомадан ең алдымен атқару құжатын орындау процесінде борышкерге салынған айыппұл шығыстары өтеледі, содан кейін орындау жөніндегі шығыстар өтеледі, қалған сома өндіріп алушылардың талаптарын қанағаттандыруға беріледі.

Жеке сот орындаушысы борышкерден өндіріп алған сомадан ең алдымен жеке сот орындаушысының қызметіне төлеу жөніндегі шығыстар, орындау жөніндегі шығыстар,

атқару құжатын орындау процесінде борышкерге салынған айыппұлдар өтеледі, одан соң орындау жөніндегі шығыстар жабылады, қалған сома өндірушілердің талаптарын қанағаттандыруға түседі.

Барлық талаптарды қанағаттандырылғаннан кейін қалған сома борышкерге қайтарылады.

2. Борышкерден өндіріп алынған және өндіріп алушыларға берілуге тиіс сомаларды сот орындаушысы аумақтық органың ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына қосады, содан кейін белгіленген тәртіппен береді немесе аударады.

109-бап. Өндіріп алуға қосылу

Өндіріп алуды жүргізу кезінде басқа істер бойынша атқару құжаттары бар адамдар өндіріп алуға қосыла алады.

110-бап. Өндіріп алушылардың талаптарын қанағаттандыру кезегі

1. Атқару құжаттары бойынша барлық талаптарды қанағаттандыру үшін борышкерден өндіріп алынған сома жеткіліксіз болған жағдайда бұл сома өндіріп алушылар арасында осы Заңда белгіленген кезек тәртібімен бөлінеді.

2. Әрбір келесі кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық өтелгеннен кейін қанағаттандырылады. Өндіріп алынған сома бір кезектің барлық талаптарын толық қанағаттандыруға жеткіліксіз болған жағдайда бұл талаптар әрбір өндіріп алушыға тиесілі сомаға барабар қанағаттандырылады.

111-бап. Бірінші кезекте өндіріп алу

Бірінші кезекте алименттерді өндіріп алу туралы талаптар; мертігу немесе денсаулыққа өзге де зақым жасау арқылы келтірілген, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу жөніндегі талаптар; қызметкерлердің еңбектегі құқық қатынастарынан туындайтын талаптары қанағаттандырылады.

112-бап. Келесі кезектегі өндіріп алу

1. Екінші кезекте патенттер берілген туындыны, өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдаланғаны үшін авторларға тиесілі сыйақы төлеу туралы талаптар; азаматтардың мүлкіне қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық арқылы келтірілген зиянды өтеу жөніндегі талаптарды қанағаттандырылады.

2. Үшінші кезекте несие кредиторлардың кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер жөніндегі талаптары қамтамасыз ету сомаларының шегінде қанағаттандырылады.

3. Төртінші кезекте бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер жөніндегі талаптар; қылмыс жасау немесе әкімшілік құқық бұзушылық арқылы келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды тұлғалардың талаптары қанағаттандырылады.

4. Бесінші кезекте қалған талаптардың бәрі қанағаттандырылады.

2.5-бөлімше. Атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстар және борышкердің атқару құжаттарын орындамағандығы үшін жауапкершілігі

13-тарау. Атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстар және оларды өтеу тәртібі

§ 1. Жалпы ережелер

113-бап. Атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстар

1. Атқарушылық әрекеттерді ұйымдастыру мен оларды өткізуге жұмсалған бюджет қаражаттары, атқарушылық іс жүргізуге тараптардың және сот орындаушысы орындау процесіне тартқан өзге де адамдардың қаражаттары атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстар болып табылады.

2. Атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға:

- 1) борышкердің мүлкін анықтауға, қарауға, бағалауға;
- 2) борышкер мүлкін тізімдеу мен оны пайдалануға тыйым салуды ұйымдастыру мен өткізуге, мұндай мүлікті тасымалдау мен сақтауды ұйымдастыруға;
- 3) тыйым салынған мүлікті сатуды ұйымдастыруға;
- 4) аудармашыларға, мамандарға және белгіленген тәртіппен атқарушылық әрекеттер жасауға тартылған басқа да адамдарға ақы төлеуге;
- 5) өндіріп алынған сомаларды почта арқылы өндіріп алушыға аударуға (жіберуге);
- 6) өндіріп алынған соманы ақшаның тиісті бақылау шоттан және ағымдағы шоттан беруге байланысты банк шығынына;
- 7) борышкерді іздестіруге;
- 8) өндіріп алушының аванстық жарнасына;
- 9) атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде сот орындаушысының қоғамдық көліктің барлық түрлеріндегі - қалалық, қала маңындағы және жергілікті қатынастағы (таксиден басқа) жол жүруіне, оның ішінде жеке сот орындаушысының іссапар шығыстарын төлеуге;
- 10) атқару құжатын орындау процесіндегі басқа да қажетті әрекеттерге;
- 11) сот орындаушысы орындау процесіне тартқан адамдарға өзге де сыйақыларға жұмсалған қаражаттар жатады.

114-бап. Атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарды өтеу тәртібі

1. Атқарушылық әрекеттер жасау кезінде жасалған шығыстар

борышкерден шығын шеккен тұлғалар пайдасына өндіріп алынады.

2. Атқарушылық құжат берілгенде негізге алынған қаулының күші жойылуына байланысты атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайда атқарушылық әрекеттердің жасалуы кезінде жасалған шығыстар республикалық бюджет есебіне жатқызылады.

3. Борышкерден алынған заттарды өндіріп алушыға беру туралы атқару құжатын орындау кезінде өндіріп алушының олардан негізсіз бас тартуы, егер ол өзінің

әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен орындауға кедергі жасаса, атқару құжатын өндіріп алушыға қайтару үшін атқару ісін тоқтатқан кезде атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде жасалған шығыстар өндіріп алушыдан алынады.

4. Атқарушылық әрекеттер жасау кезінде шығыстарды өндіріп алу және оларды шығыстар келтірілген органға немесе адамға өтеу аумақтық бөлімнің басшысы бекіткен мемлекеттік сот орындаушысының қаулысы және шыққан шығындарды растайтын құжаттардың негізінде жүргізіледі.

5. Борышкер атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарды өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулысын дауға салу туралы өтінішпен, оны өндіріп алудың мерзімін кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы, оның көлемін азайту немесе атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарды өндіріп алудан босату туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

115-бап. Өндіріп алушының шығыстарға аванс беруі

Атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында өндіріп алушы атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылатын тиісті шығыстарды жасау үшін жеткілікті мөлшерде аумақтық органның ақшаның тиісті бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына аванс жарнасын төлеуге құқылы.

§ 2. Жеке сот орындаушылары үшін шығыстарды айқындау және өтеу тәртібі

116-бап. Жеке сот орындаушысының атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметін қаржыландыру

1. Жеке сот орындаушысы өз қызметін дербес қаржыландырады.

2. Жеке сот орындаушысы өзінің іс-әрекеті үшін төлем ретінде алынған ақша қаражаттарынан кеңсені сатып алу (жалдау), оны ұстау, жабдықтар, жөндеу және күзету жөніндегі, жұмыс орындарын құру және қызметкерлерге жалақы төлеу, кеңсе жұмысы үшін қажетті жабдықтарды сатып алу, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру, салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу, кеңсе мұрағатының сақталуын қамтамасыз ету, Жеке сот орындаушылардың республикалық алқасын және жеке сот орындаушылардың өңірлік алқасын ұстауға, жеке атқарушылық қызметті дамытудың нысаналы бағдарламаларына шығыстарды жүргізеді, сондай-ақ өз қызметін ұйымдастырушылық-шаруашылық жағынан, көлікпен және техникалық қамтамасыз етуге байланысты басқа да шығыстарды өтейді. Қалған қаражаттар жекеше сот орындаушысының билігінде қалады және оның қалауы бойынша жұмсалады.

3. Жеке сот орындаушысы қызметінің төлемі оның қызметін өзін-өзі қаржыландыруын ескеруі тиіс.

117-бап. Жеке сот орындаушысының қызметіне төлеу

1. Жеке сот орындаушысының қызметіне төлеу жасалған әрекеттердің сипатына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілетін тарифтер бойынша төленетін сомадан және атқару құжатын толық немесе ішінара орындаған жағдайда атқарушылық іс жүргізудің аяқталуы бойынша төленетін сомадан қалыптасады.

2. Заңнамада көзделген өндіріп алушы - жеке және заңды тұлғалар үшін жеңілдіктер бұл адамдарға міндетті мемлекеттік тарифтеуге жататын атқарушылық әрекеттер жасау кезінде қолданылады.

118-бап. Жеке сот орындаушысының қызметіне төлем мөлшерлерін айқындау ережесі

1. Жеке сот орындаушысының атқарушылық әрекеттер жасағаны үшін тарифтер мөлшері айлық есептік көрсеткіштермен (бұдан әрі - АЕК) белгіленеді.

2. Атқарушылық іс жүргізу аяқталғаннан кейін төленетін жеке сот орындаушысының қызметі үшін төлем сомасы өндірілген соманың немесе мүлік бағасының он пайызы немесе мүлдіктік емес сипаттағы атқару құжаттары бойынша жеке тұлғалардан он айлық есептік көрсеткіш және заңды тұлғалардан жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

Бұл сома атқару құжатын толық немесе ішінара орындалған жағдайда ғана төленеді. Егер ақшалай сипаттағы атқару құжаты ішінара орындалса, онда жеке сот орындаушысы өндіріп алынған сомаға барабар сыйақы бөлігін ғана өндіріп алады.

3. Жеке сот орындаушысы өзінің көрсеткен қызметтеріне төлемді осы Заңда және осының негізінде шығарылған нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мөлшер мен тәртіпте ғана алуға құқылы. Жеке сот орындаушысына өз қызметіне төлем сомасының белгіленген мөлшерін өзгертуге тыйым салынады.

4. Жеке сот орындаушысының қызметіне төлемнің тарифтері Жеке сот орындаушылардың республикалық алқасымен келісілген уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

119-бап. Жеке сот орындаушысының шығыстарына аванс беру

1. Атқарушылық іс жүргізу қозғалғанға дейін өндіріп алушы жеке сот орындаушысының нұсқауы бойынша ағымдағы шотқа белгіленген тарифтерге сәйкес айқындалған атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы енгізуге міндетті. Атқарушылық іс жүргізу қозғалған кезде жеке сот орындаушысы өндіріп алушы үшін осы соманы енгізудің неғұрлым кеш мерзімін тағайындай алады.

Егер жеке сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаған болса және атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті соманы алдын ала енгізу үшін неғұрлым кеш мерзімді тағайындаса, онда оны тағайындалған мерзімде енгізбеген жағдайда ол атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұра алады.

Егер атқарушылық іс жүргізудің барысында ағымдағы шотқа енгізілген қаражат атқарушылық әрекеттерді одан әрі жүргізу үшін жеткіліксіз болып шықса, онда өндіріп алушы жеке сот орындаушысының нұсқауы бойынша ағымдағы шотқа қосымша соманы енгізуге міндетті.

2. Атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін аванстық соманы енгізуден өндіріп алушылар:

1) адамға мемлекеттік заң көмегі берілсе немесе ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне сәйкес мемлекеттік алым төлеуден босатылған болса, іс бойынша сот шешімі негізінде берілген атқару құжатын орындауға келтірген жеке тұлғалар;

2) қылмыс арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы талап қанағаттандырылған болса, қылмыстық сот ісін жүргізудегі шығарылған шешім бойынша берілген атқару құжатын орындауға келтірген жеке тұлғалар;

3) алименттерді өндіріп алу туралы сот актілері негізінде берілген атқару құжаты бойынша босатылады.

3. Жеке сот орындаушысы өндіріп алушыға атқарушылық әрекеттерді жүзеге асыру үшін алдын ала енгізілген соманы, егер ол борышкерден өндіріп алынған болса, қайтарады.

120-бап. Жеке сот орындаушысының қызметіне төлем сомасын борышкерден өндіріп алу тәртібі

1. Жеке сот орындаушысының қызметіне төлем борышкерден өндіріп алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Жеке сот орындаушысы өзі жасаған атқарушылық әрекеттерді төлеу үшін соманы және атқарушылық іс жүргізу аяқталған бойда төленетін соманы, сондай-ақ енгізілген және өндіріп алушыға қайтарылуға тиісті соманы бекіту туралы қаулы шығарады. Қаулы борышкерге және өндіріп алушыға жіберіледі, қаулыға он күндік мерзімде сотқа шағым берілуі мүмкін.

3. Атқару құжатын оны мәжбүрлеп орындау қойылғаннан кейін ерікті түрде орындау борышкерді орындау және жеке сот орындаушысының қызметін төлеу жөніндегі нақты келтірілген шығыстарды төлеуден босатпайды.

Атқарушылық іс жүргізу аяқталған бойда төленетін жеке сот орындаушысының қызметіне төлем сомасының мөлшері атқару құжатын ерікті түрде орындаған жағдайда сыйақының толық сомасының отыз пайызын құрайды.

4. Борышкердің жеке сот орындаушысына соқпастан атқару құжатын орындауы оны орындау жөніндегі нақты келтірілген шығыстарды төлеуінен және жеке сот орындаушысының қызметіне төлемнен босатпайды.

Егер борышкер аталған қаулыдағы жүргізілген есептерге сәйкес соманы ерікті түрде төлемеген жағдайда жеке сот орындаушысы берешекті борышкерден сот тәртібімен өндіріп алады.

121-бап. Жеке сот орындаушысы қызметіне төлем сомасын қайтару

Жеке сот орындаушысының өндіріп алу немесе қызметіне мөлшерін айқындау кезіндегі әрекеттерін сот заңсыз деп таныған жағдайда жеке сот орындаушысы сот

актісі заңды күшіне енгізілген күннен бастап, он күн ішінде негізсіз алынған соманы ол өндіріп алынған немесе төленген адамға қайтарады.

§ 3. Аумақтық органның ақшаның тиісті бақылау шоты және жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты

122-бап. Аумақтық органның ақшаның тиісті бақылау шоты және жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты

1. Борышкерлерден өндіріп алынған соманы және мүдделі адамдар үшін арналған басқа да сомаларды, оның ішінде орындау бойынша шығыстарды өтеу жөніндегі аванстық сомаларды уақытша сақтау үшін:

1) аумақтық орган ақшаның тиісті бақылау шоты және шетел валютасындағы шоты болуы тиіс,

2) жеке сот орындаушысының ұлттық және шетел валютасындағы ағымдағы шоты болуы тиіс.

2. Жеке сот орындаушылары ағымдағы шоттарын ашатын банктердің тізбесін жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасымен бірлесе отырып аумақтық орган айқындайды.

Банктер жеке сот орындаушысының рұқсатынсыз ағымдағы шоттардағы қаражаттармен қандай да бір операцияларды жүргізуге құқылы емес.

3. Ақшаның тиісті бақылау шоттардағы және ағымдағы шоттардағы ақша аумақтық органның қаражаттары және жеке сот орындаушысының кірісі болып табылмайды. Жеке сот орындаушысы қайтыс болған жағдайда ағымдағы шоттардағы ақша мұрагерлік массаға енгізілмейді.

4. Жеке сот орындаушысы кеңсені ұстау, кеңсе қызметкерлеріне жалақы төлеу және ағымдағы шотта қамтылмаған басқа да операциялар бойынша есептерді жүргізу үшін банктерде және банкілік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда салық органында Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен тіркелген шаруашылық қызметі үшін өз атына шот ашуға тиіс.

123-бап. Ақшаның тиісті бақылау шотта немесе ағымдағы шотта сомаларды есепке алу кітабы

1. Аумақтық органы және жеке сот орындаушысы ақшаның тиісті бақылау шотта немесе ағымдағы шотта сомаларды есепке алу кітабын (бұдан әрі — депозиттік кітап) жүргізеді.

2. Депозиттік кітап жіппен байланған, нөмірленген және аумақтық органның мөрі басылған болуға тиіс.

3. Депозиттік кітап күнтізбелік әрбір жылға жүргізіледі. Жыл аяғында депозиттік шоттағы сомалар қалдық ретінде келесі жылы жүргізілетін депозиттік кітапқа қайта

жазып қойылады. Бұл ретте әрбір сома өткен жылғы депозиттік кітаптағы сияқты жеке көрсетіледі.

124-бап. Депозиттік кітабын жүргізу тәртібі

1. Депозиттік кітаптағы жазба мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) жазбаның реттік нөмірі;
- 2) ақша сомасының депозиттік шотқа түскен күні;
- 3) атқарушылық іс жүргізудің нөмірі. Егер борышкер бірнеше атқарушылық іс жүргізу бойынша сомаларды аударған болса, онда барлық атқарушылық іс жүргізудің нөмірі көрсетіледі;
- 4) төлем құжатының атауы мен нөмірі;
- 5) борышкердің деректері (жеке тұлғаның тегі, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы), сондай-ақ борышкер үшін соманы аударған адамның деректері (жеке тұлғаның тегі, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы);
- 6) өндіріп алушының деректері (жеке тұлғаның тегі, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы), сондай-ақ өндіріп алушы өкілінің деректері;
- 7) түскен соманың мөлшері;
- 8) төлем құжатының нөмірі мен күні және өндіріп алушыға соманы төлеу күні;
- 9) төленген соманың мөлшері (егер бірнеше өндіріп алушы болса, әрбір өндіріп алушыға төленген сома және оның деректері (жеке тұлғаның тегі, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы) көрсетіледі);
- 10) күнтізбелік жылдың соңында депозиттік сома қалдығының сомасы көрсетіледі.

2. Аумақтық органның басшысы және жеке сот орындаушысы депозиттік кітапқа енгізілген жазбалардың уақтылы және дұрыстығы, олардың банк көшірмелеріне сәйкестігі туралы жауапкершілікте болады.

3. Депозиттік кітаптағы жазбаларды түзету "Түзетілгенге сену" деген белгі соғу арқылы және жеке сот орындаушысының қолы қойылып жүзеге асырылады.

125-бап. Ақшаның тиісті бақылау шоттан және ағымдағы шоттан сомаларды аудару тәртібі

1. Ақшаның тиісті бақылау шоттан және ағымдағы шоттан сомаларды аударуды мынадай тәртіппен:

- 1) жеке тұлғаға не оның өкіліне - банк шотына аудару арқылы;
- 2) заңды тұлғаға - банк шотына аудару жүзеге асырады.

2. Қаржылық құжаттардың барлық көшірмелері атқарушылық іс жүргізу материалдарына тігіп қойылады және жеке сот орындаушысы кеңсесінің мұрағатында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзім ішінде сақталады.

3. Ақшаның тиісті бақылау шоттарда және ағымдағы шоттарда депозиттік сомалардың сақтау мерзімі үш жылды құрайды. Осы тармақта көрсетілген мерзімдер,

аттарына депозиттік сомалар енгізілген жеке немесе заңды тұлғаларға, олардың аттарына ақшаның тиісті бақылау шотқа немесе ағымдағы шотқа тиесілі сомалардың енгізілгендігі туралы хабарлама жолданған күннен есептеледі.

Мемлекеттік мекемелерге берілуі тиіс депозиттік сомалар олар енгізілген жылдың 31 желтоқсанына дейін сақталады. Оны қарастыру үшін сот шешімі қажет, депозиттік шотқа енгізілген сомаларды сақтау мерзімі, осындай шешім шыққан күннен бастап есептеледі.

4. Қажет етілмеген депозиттік сомалар оларды сақтау мерзімі өткен соң республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

14-тарау. Атқарушылық санкциясы. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік

126-бап. Атқарушылық санкциясы

1. Мемлекеттік сот орындаушысы атқару құжаты толық орындалғаннан кейін борышкерге өндіріп алынған соманың немесе мүлік құнының он проценті мөлшерінде немесе атқару құжаттары бойынша мүліктік емес сипаттағы он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жеке тұлғалардан және жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде заңды тұлғалардан мемлекет кірісіне атқарушылық санкцияны ерікті түрде төлеуді ұсынады.

Борышкер бас тартқан жағдайда мемлекеттік сот орындаушысы борышкерден атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы шығарылған қаулы негізінде атқарушылық санкцияны өндіріп алады.

Атқарушылық санкция өндірілмейді егер:

- 1) борышкер атқару құжатын толық мөлшерде оған сот орындаушысы осы Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес бекіткен уақыт ішінде орындаса;
- 2) атқару құжаты бойынша өндірілген сомадан он пайыз мөлшерінде өндірілуге тиіс атқарушылық санкция бір айлық есептік көрсеткіштен аз болса;
- 3) борышкер мемлекет болса.

2. Атқарушылық санкциясы республикалық бюджетке аударылады.

3. Борышкер атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы сот орындаушысының қаулысын дауға салу туралы өтінішпен, оны өндіріп алудың мерзімін кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы, оның көлемін азайту немесе атқарушылық санкцияны өндіріп алудан босату туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

127-бап. Борышкердің атқару құжаттарын орындамағандығы үшін жауапкершілігі

1. Борышкер атқару құжатын орындамағаны үшін әкімшілік не қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

2. Жауапқа тарту борышкерді атқару құжатында көзделген әрекеттерді орындау міндетінен босатпайды.

3 бөлім. Сот орындаушыларының құқықтық жағдайы

3.1-бөлімше. Жалпы ережелер

15-тарау. Қазақстан Республикасындағы сот орындаушылары құқықтық мәртебесінің негіздері

128-бап. Жалпы ережелер

1. Сот орындаушысының сот актілері мен басқа да органдардың актілерін орындау жөніндегі қоятын талаптары барлық органдар, ұйымдар, лауазымдық адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

2. Сот орындаушысының заңды талаптарын орындамау, сот орындаушысын борышкердің ақшалай сомасының немесе мүлкінің бар екенін тексеруге жіберуден бас тарту, сұрау салынған мәліметтерді бермеу, қорқыту, күш көрсету немесе оның қызметтік әрекетіне байланысты сот орындаушысының немесе оның отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына, мүлкіне қол сұғу, сот орындаушысының қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін басқа да әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Сот орындаушысының мемлекеттік органның, меншік нысанына қарамастан, ұйымның ғимаратына, үй-жайына немесе аумағына қызметтік куәлігін көрсету бойына кедергісіз кіруіне бас тартудан білінетін заңды қызметіне кедергі келтіру кезінде сот орындаушысы бұл туралы акт жасайды, ал кінәлілерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін орындалатын жер бойынша материалды сотқа береді.

129-бап. Сот орындаушысының атқарушылық әрекеттер жасау кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Сот орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен:

1) орындауға қатысты мәселелер бойынша қаулылар шығаруға;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға (жеке сот орындаушысынан басқа);

3) атқарушылық әрекеттер жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, қажетті ақпарат, түсініктемелер мен анықтамалар өтеусіз алуға құқылы. Бұл орайда органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар оларды дереу, ал арнайы құжаттарды өңдеуді, дайындауды талап ететін жағдайларда үш күннен кешіктірмей сот орындаушысына беруге міндетті.

4) атқарушылық әрекеттер жасағанда негізге алынған атқару құжаттары түсініксіз болған жағдайда түсінік алу үшін сотқа немесе атқару құжатын берген басқа да органдарға жүгінуге;

5) атқарушылық әрекеттер жасау кезінде пайда болған мәселелер бойынша, оның ішінде орындау мерзімін кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ борышкерді атқару құжаттары бойынша іздестіру мәселелері бойынша сотқа ұсыныстар енгізуге;

6) іс жүргізіліп жатқан атқару құжаттары бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыртуға;

7) кез келген меншік нысанындағы ұйымдарда атқару құжаттарының орындалуын және олар бойынша қаржы құжаттамасының жүргізілуін тексеруге;

8) нақты атқарушылық әрекеттер жасау мәселелері бойынша тапсырмалар беруге;

9) борышкерлер, сондай-ақ өздерінде борышкерге тиесілі мүліктің бар екенін растайтын деректер болған жағдайда басқа адамдар орналасқан немесе соларға тиесілі үй-жайлар мен қоймаларға кіруге құқылы. Қажет болған жағдайда борышкердің қатысуынсыз үй-жайлар мен қоймаларды мәжбүрлеп ашып қарауға, куәгерлердің адамдардың қатысуымен тексерулер жүргізуге;

10) атқару құжаттарын орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, ұйымдардың басшыларының және басқа да лауазымды тұлғаларының қабылдауына кідіріссіз кіруге;

11) борышкерлердің банктердегі ақшасы мен бағалы қағаздарына осы Заңда көзделген тәртіппен тыйым салуға;

12) мүлікке оның кімге тиесілі екенін анықтағанға дейін осы Заңның 63-бабының 1-тармағында көзделген ережелерді сақтай отырып уақытша тыйым салуды қолдануға;

13) тыйым салынған мүлікті алуға, сақтау үшін беруге және сатуға;

14) алынған мүлікті сақтау үшін ұйымдардың үй-жайын, сол мүлікті тасу үшін өндіріп алушы мен борышкердің көлігін заңнамада белгіленген тәртіппен пайдалануға;

15) қажет болған жағдайларда атқару құжаттарының бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету үшін ішкі істер органдарының қызметкерлерін немесе бөлімшелерін тартуға құқылы;

16) қылмыстық қудалау органына сот актілерін орындаудан қасақана бұлтартқан адамдарды қылмыстық жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізуге;

17) егер атқару құжатын орындау барысында осындай қажеттілік туындаса, басқа қаланың немесе ауданның сот орындаушыларына жекелеген атқарушылық әрекеттер жасауды тапсыруға құқылы;

18) атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамада көзделген өзге де әрекеттер жасауға.

2. Сот орындаушысы:

1) сот актілерін, оның ішінде талапты қамтамасыз ету, бітімгершілік келісімін бекіту жөніндегі сот ұйғарымдарын, сондай-ақ өзге органдардың актілерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қаралған жағдайларда орындауға;

2) тараптарға немесе олардың өкілдеріне атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға, көшірмелер түсіруге мүмкіндік беруге;

3) атқарушылық іс жүргізу жөніндегі арыздар мен тараптардың өтініштерін қарауға және солар бойынша қаулы шығаруға, оларға шағым немесе наразылық беру мерзімдері мен тәртіптерін түсіндіруге, егер оның өзі атқарушылық іс жүргізудің аяқталуына тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе оның әділдігіне күмән туғызатын өзге де мән-жайлар бар болса, істі қараудан бас тартуға;

4) атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда көзделген өзге де әрекеттер жасауға міндетті.

130-бап. Сот орындаушысының шешіміне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

Өндіріп алушы немесе борышкер сот орындаушысының атқару құжатын орындау жөніндегі шешіміне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе осындай әрекеттер жасаудан бас тартуына сотқа шағым жасауы мүмкін. Шағым Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде сотқа беріледі.

3.2-бөлімше. Мемлекеттік сот орындаушыларының құқықтық жағдайы

16-тарау. Жалпы ережелер

131-бап. Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік жүйесі

1. Атқарушылық іс жүргізу органдарының жүйесін:

1) уәкілетті мемлекеттік орган;

2) уәкілетті органның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары (аумақтық органдар) құрады. Аумақтық органдардың ақшаның тиісті бақылау шоттары және шетел валютасындағы шоттары болуы мүмкін;

3) аумақтық органдардың аудандардағы, қалалардағы және қалалардағы аудандардағы бөлімдері (аумақтық бөлімдер) құрады. Аумақтық бөлімдердің мөрлері және мөртабандары болуы мүмкін.

2. Уәкілетті органның өкілеттігі және қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережемен айқындалады.

Уәкілетті органның аумақтық органдары мен аумақтық бөлімдерінің өкілеттігі және қызметінің тәртібі уәкілетті орган бекітетін ережемен айқындалады.

132-бап. Мемлекеттік сот орындаушысы лауазымына тағайындау тәртібі

1. Мемлекеттік сот орындаушысы мемлекеттік қызметші болып табылады.

2. Мемлекеттік сот орындаушысын мемлекеттік қызметшінің босаған орнына орналасуға жарияланған конкурс нәтижелері бойынша аумақтық органның басшысы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

3. Мемлекеттік сот орындаушыларының сан құрамы Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамаға сәйкес бекітіледі.

133-бап. Мемлекеттік сот орындаушысына қойылатын талаптар

1. Сотталмаған, жоғары заң білімі бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін, өзінің іскерлік және жеке басының қасиетімен, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік сот орындаушысы болып тағайындалуы мүмкін.

2. Мемлекеттік сот орындаушысы өзіне берілген құқықтарды Заңға қатаң сәйкес пайдалануға және өз қызметінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға жол бермеуге міндетті.

3. Мемлекеттік сот орындаушыларына қызметтік куәліктер беріледі, олар үлгілерін уәкілетті орган бекітетін нысанды киіммен, жетонмен және эмблемамен қамтамасыз етіледі.

134-бап. Мемлекеттік сот орындаушысының жауапкершілігі

Мемлекеттік сот орындаушысының өзіне жүктелген міндеттерді және лауазымдық өкілеттіктерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

17-тарау. Мемлекеттік сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру жөніндегі өкілеттіктер

135-бап. Мемлекеттік сот орындаушысының қызметін бақылау

Мемлекеттік сот орындаушысының қызметін бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

136-бап. Аумақтық бөлімнің басшысы

Аумақтық бөлімнің басшысы:

1) өзі басқарып отырған аумақтық бөлімнің жұмысын ұйымдастырып, бақылайды және мемлекеттік сот орындаушыларына және сот приставтарына жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;

2) уәкілетті және аумақтық органдардың бұйрықтарының, әдістемелік ұсынымдарының, нұсқауларының және өкімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) сот орындаушыларының және сот приставтарының әрекеттеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін шешуді жүзеге асырады, оларды қабылдауды жүргізеді;

4) аумақтық бөлімнің қызметі туралы статистикалық есептілік жасайды және іс жүргізу мен мұрағат жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

5) осы Заңда көзделген атқарушылық әрекеттерді жасайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасайды.

137-бап. Сот орындаушыларының қызметін қамтамасыз өту

Мемлекеттік сот орындаушыларының қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

138-бап. Атқарушылық іс жүргізу органдары қызметкерлерін әлеуметтік қорғау шаралары

Атқарушылық іс жүргізу органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда, қаза тапқан адамдардың отбасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын-жай алуға құқылы.

3.3-бөлімше. Жеке сот орындаушыларының құқықтық жағдайы

18-тарау. Жалпы ережелер

139-бап. Атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызмет

1. Жеке сот орындаушыларының сот актілерін және өзге де органдардың актілерін орындау жөніндегі қызметі - бұл осы Заңда аталған атқару құжаттарын орындаудың балама әдісі.

2. Жеке сот орындаушыларының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға және атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамаға сәйкес заңнамада көзделген атқарушылық және өзге әрекеттерді жасау арқылы азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

3. Жеке сот орындаушыларының тізілімін уәкілетті орган жүргізеді.

140-бап. Жеке сот орындаушысы қызметінің негіздері

1. Жеке сот орындаушысының орындауына тараптардың бірі ретінде мемлекет болып табылатын атқару құжаттарын қоспағанда атқарушылық іс жүргізу туралы қолданыстағы заңнамада көзделген барлық атқару құжаттарының қабылдануы мүмкін.

2. Жеке сот орындаушысы атқарушылық әрекеттерді өтемсіз негізде жүргізеді. Жеке сот орындаушысы жасаған атқарушылық әрекеттерге төлеу осы Заңда көзделген тәртіппен айқындалатын тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жеке сот орындаушыларына атқарушылық іс жүргізу туралы қолданыстағы заңнаманың борышкерден атқару санкциясын өндіріп алу бөлігіндегі ережелері қолданылмайды.

141-бап. Атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметке кепілдік

1. Жеке сот орындаушысы өз қызметінде адал және тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясын, осы Заңды және Қазақстан Республикасында атқарушылық іс жүргізуді реттейтін басқа заңдарды, өзге де заңнаманы, сондай-ақ халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

2. Жеке сот орындаушысына қызметтік міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ оның кеңсесінде жұмыс істейтін адамдарға атқарушылық әрекеттер жасауына байланысты оның ішінде өкілеттігін тоқтатқаннан кейін немесе жұмысынан босатылғаннан кейін, заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға, құжаттарды жария етуге тыйым салынады.

3. Жасалған атқарушылық әрекеттер туралы мәліметтер (құжаттар) олардың атынан тапсырмасы болған немесе соларға қатысты осы әрекеттер жасалған адамдарға ғана берілуі мүмкін.

Жасалған атқарушылық әрекеттер туралы анықтамалар өздерінің іс жүргізуінде болған қылмыстық немесе азаматтық істерге байланысты сот, прокуратура, тергеу органдарының талап етуі бойынша беріледі.

19-тарау. Жеке сот орындаушыларын лауазымға тағайындау

142-бап. Қазақстан Республикасындағы жеке сот орындаушысы

1. Жеке сот орындаушысы лауазымына жиырма бес жасқа жасқа толған, жоғары заң білімі бар, жеке сот орындаушысында кемінде екі жыл мерзімде үздіксіз тағылымдамадан өткен, біліктілік емтиханын тапсырған, атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия алған (бұдан әрі - сот орындаушысының лицензиясы), осы Заңда белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушысы лауазымын атқаруға конкурстан өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалады.

2. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар, заңмен белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе әрекеті шектеулі, сот актісі бойынша борышкер болып табылатын адам жеке сот орындаушысы бола алмайды.

Сонымен қатар өзіне қатысты ақтауға болмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған, атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол бергені үшін сот орындаушысының лицензиясын қайтарып алуға байланысты атқарушылық қызметін тоқтатқан адам жеке сот орындаушысы бола алмайды.

3. Жеке сот орындаушысы зейнетақы жасына жеткенге дейін өз қызметін жүзеге асыруға құқылы. Жеке сот орындаушысы зейнетақы жасына жету бойынша өз міндетін Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының өтініші бойынша қабылданған уәкілетті органның өтінішімен ғана, бірақ зейнетақы жасына жеткеннен кейін бес жылдан аспайтын мерзімге орындауға құқылы.

4. Тағылымдамадан өту тәртібін Уәкілетті орган Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы келісуімен айқындайды.

5. Жеке сот орындаушысы өзінің лауазымдық міндеттерін өз атынан және өзінің жауапкершілігімен орындайды. Жеке сот орындаушысы қызметінің төлем сомасына салық салу дара кәсіпкерлер үшін белгіленген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік және жеке сот орындаушылары атқарушылық әрекеттерді орындау кезінде, осы заңмен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, бірдей құқықтар мен міндеттерге ие болады. Олар ресімдеген құжаттар мен атқарушылық әрекеттердің бірдей заңдық күші болады және бірдей құқықтық салдарларға әкеп соғады.

7. Заңмен белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындалмаған адамдардың атқарушылық әрекеттерді жасауы не атқарушылық іс жүргізу туралы заңнама талаптарын бұза отырып жасауы және осы әрекеттерден ақша қаражатын табуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

143-бап. Біліктілік комиссиясы

1. Біліктілік комиссиясы:

1) атқару құжаттарын орындау жөніндегі тағылымдамадан өткен және қызметпен айналысуды қалайтын адамдардан емтихан алады;

2) жеке сот орындаушысының бос тұрған орнын атқаруға конкурс өткізеді;

3) жеке сот орындаушыларын кезекті аттестаттауды өткізеді.

2. Біліктілік комиссиясы уәкілетті органның жанынан кемінде құрамында жеті адамнан құрылады және уәкілетті органның басшысы бекітеді. Біліктілік комиссиясының құрамына уәкілетті органның өкілдері, судьялар, жеке сот орындаушылары, жоғары оқу орындарының және Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының өкілдері кіреді. Біліктілік комиссиясының төрағасы мүшелерінің арасынан бір жыл мерзімге сайланады. Біліктілік комиссия мүшелерінің өкілеттік мерзімі - екі жыл.

Біліктілік комиссиясының қызметін ұйымдастырушылық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы жүзеге асырады.

3. Емтиханға осы Заңның 142-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келетін және Уәкілетті органның шотына біліктілік емтиханын тапсырғаны үшін төлем енгізген адамдар жіберіледі.

Біліктілік емтиханын тапсыра алмаған жағдайда енгізілген төлем сомасы қайтарылмайды.

4. Уәкілетті орган емтиханды өткізу рәсімін, емтихан сұрақтарын, сондай-ақ біліктілік емтиханын тапсыру үшін төлемнің мөлшерін бекітеді.

5. Емтиханның өткізілетін күні республикалық баспа басылымында емтихан өткізілерден бір ай бұрын мемлекеттік тілде және орыс тілінде жарияланады.

6. Біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға уәкілетті орган сот орындаушысының лицензиясын тапсырады.

7. Біліктілік емтиханын тапсыра алмаған адамдар оны қайтадан тапсыруға біліктілік комиссиясы шешім қабылдағаннан кейін кемінде бір жыл өткеннен кейін жіберіледі.

8. Біліктілік комиссиясының шешіміне оның көшірмесі сотқа мүдделі адамға тапсырылғаннан күннен бастап бір айлық мерзімде шағымдануға болады.

9. Біліктілік комиссиясы туралы ережені Уәкілетті орган Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы келісуімен бекітеді.

144-бап. Атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметпен айналысуға құқық беретін лицензия

1. Сот орындаушысының лицензиясын алған жеке сот орындаушысы осы заңға сәйкес атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметпен айналысуға құқылы.

2. Сот орындаушысының лицензиясын уәкілетті орган біліктілік комиссиясы шешімінің негізінде береді. Уәкілетті орган Атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметпен айналысуға құқық беретін лицензияның мемлекеттік тізілімін жүргізеді.

Уәкілетті органның лицензия беруден бас тартуына оның шешімін алған күннен бастап он бес күн ішінде шағым берілуі мүмкін.

3. Біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат үшін қажет құжаттардың тізімі Уәкілетті орган Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы келісуімен бекіткен біліктілік емтиханы туралы ережесімен белгіленеді. Сот орындаушысының лицензиясын берудің мерзімі мен тәртібі лицензиялау туралы заңнамамен белгіленеді.

4. Сот орындаушысының лицензиясы берілгені үшін алым алынады, оны төлеудің мөлшері мен тәртібі салық заңдарымен айқындалады.

5. Сот орындаушысының лицензиясы шектеусіз мерзімге берілген бас лицензия болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

6. Лицензия алған, бірақ сот орындаушысының лауазымы жұмысына үш жыл бойы кіріспеген азамат біліктілік емтиханын қайтадан тапсырғаннан кейін ғана сот орындаушысының лауазымына жіберіледі. Біліктілік емтиханын қайта тапсырғанға төлем алынбайды.

Жеке сот орындаушысының көмекшісі емтиханды қайта тапсырмайды.

7. Тұрақты судья болып жұмыс істеген тұрақты судьялар, ақаулы теріс қылықтары және өз міндетін орындау кезінде заңдылықтарды бұзғаны үшін лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, не уәкілетті органда және оның аумақтық органдарында атқарушылық іс жүргізу саласында кемінде бес жыл жұмыс істеген адамдар, теріс себептер бойынша босатылғандарды қоспағанда, прокуратура органдарындағы еңбек өтілі он жылдан кем емес прокурорлар, тағылымдамадан және біліктілік емтиханынан өтпей-ақ сот орындаушысы лицензиясын алуға құқылы.

145-бап. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру

1. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру тәртіптік комиссия шешімінің негізінде шығарылған уәкілеті органның талап арызы бойынша сот шешімімен жүзеге асырылады.

2. Сот орындаушысы лицензиясының қолданылуы мынадай жағдайларда:

1) жеке сот орындаушысы қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде тартылғанда;

2) жеке сот орындаушысы атқарушылық әрекеттер жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел бұзғанда;

3) жеке сот орындаушысы езіне осы Заңмен айқындалған атқарушылық округ аумағынан тыс атқарушылық әрекеттер жасағанда тоқтатыла тұруы мүмкін.

3. Сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы сот шешімінде лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдері көрсетілуі тиіс. Лицензияның қолданылуы лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап тоқтата тұрылады. Тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылған кезде уәкілетті орган лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім шығарады.

4. Сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы сот шешімі қабылданған күннен бастап, жеке сот орындаушысы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға және атқарушылық әрекеттерді жасауға тыйым салуға әкеп соғады.

5. Жеке сот орындаушысының өкілеттігі Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттардың депутаты болып сайланған жағдайда оның өтініші бойынша тоқтата тұрылуы мүмкін. Депутаттың өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін осы тұлға жеке сот орындаушысының өкілеттігін қайта жаңғыртады.

146-бап. Жеке сот орындаушысының лицензиясынан айыру

1. Жеке сот орындаушысының лицензиясынан айыру уәкілетті органның шағымы бойынша сот шешімімен:

1) жеке сот орындаушысы атқарушылық әрекеттер жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын әлденеше рет бұзған не мемлекеттің, жеке сот орындаушыларының кәсіби ар-ождан кодексін, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне залал келтіре отырып Қазақстан Республикасының заңнамасын бір рет өрескел бұзған;

2) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылмаған;

3) жеке сот орындаушысы сот орындаушысы лицензиясын беру үшін негіз болып табылатын құжаттарда дұрыс емес немесе қасақана бұрмаланған ақпаратты беру фактісі анықталған;

4) біліктілік комиссиясы жеке сот орындаушысын қайта аттестаттау қорытындылары бойынша атқаратын қызметіне сай келмейді деп таныған жағдайларда жүзеге асырады.

147-бап. Жеке сот орындаушысының лицензиясын тоқтату

1. Жеке сот орындаушысының лицензиясын тоқтату лицензиясынан айыру жағдайда, сондай-ақ уәкілетті органның шешімі бойынша:

1) жеке сот орындаушысы өз қалауы бойынша арыз берген жағдайда тоқтатылады. Егер сот орындаушысына қатысты тәртіптік іс жүргізу қозғалған болса, онда ол өз қалауы бойынша тәртіптік іс жүргізудің қозғалуынан ерте емес лауазымынан босатылуы мүмкін;

2) жеке сот орындаушысының азаматтығы өзгерген немесе Қазақстан Республикасынан тысқары тұруға кеткен;

3) жеке сот орындаушысы қылмыс жасағаны үшін - үкім заңды күшіне енгізілгеннен кейін сотталған;

4) жеке сот орындаушысы атқарушылық қызметін дәлелді себептерсіз үш күннен астам жүзеге асырмаған;

5) жеке сот орындаушысын хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған;

6) денсаулық жағдайына байланысты кәсіби міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған (медициналық қорытынды болған кезде);

7) жеке сот орындаушысы қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

2. Жеке сот орындаушысының лицензиясын тоқтату туралы ұсынысты уәкілетті органға прокуратура, сот орындаушыларының тиісті өңірлік алқасы немесе аумақтық орган енгізеді.

3. Сот орындаушыларының өңірлік алқасы уәкілетті органның тапсырмасы бойынша лицензиясының қолданылуы тоқтатылған жеке сот орындаушысының іс жүргізуін, мұрағатын, ағымдағы шотының қаражатын басқа жеке сот орындаушысына тапсыру жөнінде, сондай-ақ сот орындаушысының лицензиясын уәкілетті органға тапсыру және жеке сот орындаушысының мөрін жою үшін алып қою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Банк немесе банкілік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар уәкілетті орган басшысының бұйрығы негізінде қызметін тоқтатқан жеке сот орындаушысының орнын басқа жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына билік етушіні алмастыруды жүргізеді.

4. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтату Уәкілетті орган лицензияны қайтарып алуға әкеліп соқтырады.

5. Сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органның шешіміне сотқа шағым берілуі мүмкін.

148-бап. Жеке сот орындаушысын лауазымға тағайындау

1. Жеке сот орындаушысының лауазымын мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының атқару округіндегі жалпы санының шегінде уәкілетті орган құрады және таратады. Сот орындаушылардың сандық құрамы Уәкілетті органмен олардың жүктемесіне қарай анықталады.

2. Жеке сот орындаушысының өкілеттіктер иеленуін уәкілетті орган Жеке сот орындаушылары республикалық алқасымен бірлесе отырып, лицензиясы бар адамдар

ішінен конкурстық негізде жүргізеді. Конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібін уәкілетті орган Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы келісуімен бекітеді.

3. Жеке сот орындаушысы уәкілетті органның басшысы лауазымға тағайындау туралы бұйрық шығарғаннан күннен бастап бір ай ішінде жұмысқа кірісуге тиіс.

4. Жеке сот орындаушысы уәкілетті органның және жеке сот орындаушылары республикалық алқасының басшыларына мынадай:

"Мен Қазақстан Республикасына адал болуға салтанатты түрде ант беремін. Жеке сот орындаушысының міндеттерін заңға және ар-ожданымға сәйкес орындайтын, кәсіби құпияны сақтайтын, өзімнің жүріс-тұрысымда ізгілік және адамға құрметпен қарау принциптерін басшылыққа алатын боламын" деп ант бергеннен жеке сот орындаушыларының тізіліміне енгізіледі.

5. Жеке сот орындаушысы лауазымға кіріскеннен кейін тиісті аумақтық органға және жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасына кеңсенің мекенжайы мен жұмыс режимін хабарлайды. Осындай хабарламаны ол республикалық баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға тиіс.

6. Жеке сот орындаушысы кеңсесінің атқарушылық округ аумағында орналасуы өзгерген кезде ол осы баптың 5-тармағында көрсетілген органға үш күндік мерзімде хабарлауға, сондай-ақ сол баспасөз басылымдарында жариялауға міндетті.

7. Жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындалған адамдар басқа атқарушылық округте жеке сот орындаушысының босаған лауазымына конкурсқа қатысуға құқылы.

20-тарау. Жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру

149-бап. Жалпы ережелер

1. Жеке сот орындаушысы келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету үшін ол төмендегідей шарттарға сәйкес келетін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісім шартына отыруға міндетті:

1) сақтандырушы Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметіне лицензиясы бар заңды тұлға болып табылатын болса;

2) шарт жеке сот орындаушысы өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде келтірілген зиянды, сондай-ақ жеке сот орындаушысы оның қызметі үшін заң бойынша жауапкершілікте болатын адам келтірген зиянды қамтыса, моральдық шығынды, ала алмаған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда;

3) сақтандыру сомасының ең төменгі мөлшері бір сақтандыру оқиғасының есебімен кемінде алты мың айлық есептік көрсеткіш болатын болса, кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шартын жасауға міндетті. Лауазымдық міндеттерін қасақана бұзушылыққа байланысты жауапкершілік міндетті сақтандыруға жатпайды;

4) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының талаптарында айқындалған сақтандыру сомасының төрттен бес процентінен көп болмауға тиіс.

2. Сот орындаушыларының республикалық алқасы Қазақстан Республикасы жеке сот орындаушыларының төлемдері жеке сот орындаушысының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жеке сақтандыру шарты бойынша төленетін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда жүргізілетін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың жалпы шартын жасауға міндетті.

Сақтандыру сомасы жалпы шартының ең төменгі мөлшері бір сақтандыру жағдайында кемінде жүз он бес мың айлық есептік көрсеткіш болады.

Жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың жалпы шарты бойынша төленетін сақтандыру сыйлығының сомасы Қазақстан Республикасы жеке сот орындаушыларының жарнасынан қалыптастырылады.

Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ жалпы сақтандыру шартының талаптарында айқындалған сақтандыру сомасының төрттен бес процентінен көп болмауға тиіс.

3. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жеке сақтандыру шартының көшірмесін жеке сот орындаушысы уәкілетті органға дереу табыс етеді.

4. Жеке сот орындаушысының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты болмаса, өз міндеттерін орындауға құқылы емес.

5. Жеке сот орындаушысы, егер өндіріп алу сомасы өзі сақтандырған азаматтық-құқықтық жауапкершілік мөлшерінен асатын болса, атқарушылық әрекеттерді жасауға құқылы емес.

Егер жеке сот орындаушысы тиісті атқарушылық әрекеттер жасауды қаласа, бірақ оның сақтандыру сомасының мөлшері өндіріп алатын сомадан аз болатын болса, ол жетіспейтін сомаға азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың шартын жасауға құқылы.

6. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды өтеу сомасы жетімсіз болған кезде, жеке сот орындаушысы өзіне жеке тиесілі мүлікпен және ақша қаражатымен келтірілген залал үшін жауап береді.

150-бап. Жеке сот орындаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылуы

1. Егер жеке сот орындаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны мерзімін ұзартып төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Жеке сот орындаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылуы күшіне енгізілген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

Сақтандырушылық қорғаудың қолданылу кезеңі жеке сот орындаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылуы мерзімімен сәйкес келеді.

3. Егер жеке сот орындаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, жеке сот орындаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

21-тарау. Жеке сот орындаушыларының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

151-бап. Жеке сот орындаушысының құқықтары

1. Жеке сот орындаушысы:

1) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен көзделген атқарушылық әрекеттерді өзіне өтініш жасаған жеке және заңды тұлғалардың мүдделері үшін жасауға;

2) кез келген банкте банктік шоттарының, оның ішінде валюталық шотының болуына, мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен міндеттерінің болуына, кеңсенің қызметкерлерін жалдауға және жұмыстан босатуға, түскен кірістерге билік етуіне, сотта өз атынан сөйлеуіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да әрекеттер жасауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, медициналық және әлеуметтік сақтандыру жүйелерінің қызмет көрсетулерін пайдалануға;

4) ғылыми, педагогтік және шығармашалық қызметпен, оның ішінде жалдау шарты бойынша қызметпен айналысуға;

5) мемлекеттік тіркейтін органдар деректерінің электрондық базасына және тіркейтін органдардың тізіліміне қол жеткізуге құқылы;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Жеке сот орындаушысы жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындалғаннан кейін үш күн ішінде салық органдарында тіркелуге міндетті.

152-бап. Жеке сот орындаушысының міндеттері

1. Жеке сот орындаушысы:

1) осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес сот орындаушысының қызметін реттейтін атқарушылық әрекеттерді жасауға;

2) өзінің кәсіби міндеттерін адал орындауға, жеке тұлғалардың жеке өмірінің мән-жайларына қатысты құпияны сақтауға, өз қызметінің нәтижесінде өзіне белгілі болған коммерциялық және өзге де заңмен айқындалған құпияны сақтауға міндетті.

Аталған міндет жеке сот орындаушысының екілеттігін тоқтатқаннан кейін де күшінде қалады. Құпияны сақтау туралы талапты жеке сот орындаушысы кеңсесінің қызметкерлері мен аталған мәліметтерге қол жеткізетін басқа адамдар да сақтауға міндетті;

3) барлық қозғалған атқарушылық іс жүргізу туралы ол қозғалған күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасына хабарлауға;

4) кәсіби әдепті сақтауға;

5) кеңсесінің болуына;

6) заңмен көзделген жағдайларда жасалған атқарылған әрекеттер туралы мәліметтерді, құжаттардың өзге де көшірмелерін, қажет жағдайда жеке түсініктерді, оның ішінде кәсіби әдеп талаптарын сақтамау мәселелері бойынша беруге;

7) өзінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруға;

8) осы заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен және заңнамасымен көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

2. Жеке сот орындаушысы нысаны мен мерзімін уәкілетті оған бекітетін өз қызметі туралы ақпаратты жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасына беріп отырады.

153-бап. Жеке сот орындаушысының қызметін шектеу

1. Жеке сот орындаушысы:

1) дербес кәсіпкерліктен және атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметтен, ғылыми, оқытушылық немесе шығармашылық қызметтен басқа, өзге ешқандай өзге қызметпен айналысуға;

2) өкілді органның депутаты болып сайланған жағдайда жеке сот орындаушысы міндеттерін орындауға;

3) мемлекеттік қызметте болуға құқылы емес.

2. Жеке сот орындаушысы осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген қызметті қоспағанда, жалдамалы қызметкер ретінде еңбек қатынастарында тұруға құқылы емес.

154-бап. Жеке сот орындаушысының жауапкершілігі

1. Жеке сот орындаушысы өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңға сыйымсыз әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қылмыстық, әкімшілік, материалдық, тәртіптік және өзге де жауапкершілікте болады.

2. Жеке сот орындаушысы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін атқарушылық әрекеттерді жасау салдарынан туындаған атқарушылық іс жүргізуге қатысушыларға және басқа да адамдарға келтірілген залалды өтеуге міндетті.

155-бап. Жеке сот орындаушысын кезекті аттестаттау

1. Жеке сот орындаушысы үш жылда бір рет аттестатталуға тиіс. Аттестаттау жеке сот орындаушысының кәсіби білімдерін және оларды атқарушылық әрекеттер жасаған кезінде қолдана білуін бағалау мақсатында оның атқаратын қызметіне сай келуін, осы Заңмен жеке сот орындаушысына қойылатын талаптарға сай келуін айқындау үшін жүргізіледі.

2. Жеке сот орындаушыларын кезекті аттестаттауды біліктілік комиссиясы уәкілетті орган бекіткен Біліктілік комиссиясы туралы ережеде көзделген тәртіппен өткізеді.

3. Аттестаттауды өткізудің нақты мерзімдерін және біліктілік комиссиясының отырысын уәкілетті орган айқындайды және жеке сот орындаушысының назарына оны кезекті аттестаттаудан бұрын екі айдан кешіктірмей жеткізеді.

4. Кезекті аттестаттаудың қорытындысы бойынша теріс шешім қабылданған жағдайда жеке сот орындаушысы алты айдан кешіктірмей қайта аттестаттаудан етеді. Біліктілік комиссиясының жеке сот орындаушысын қайта аттестаттау қорытындысы бойынша атқаратын қызметіне сай келмейді деп тануы жеке сот орындаушысының лицензиясын кері қайтарып алу үшін негіз болып табылады.

22-тарау. Жеке сот орындаушысының қызметін ұйымдастыру

156-бап. Атқарушылық округ және учаске (жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы)

1. Атқарушылық округ және учаске (жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне сәйкес белгіленеді.

2. Жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы, сондай-ақ атқарушылық округтің шегіндегі жеке сот орындаушыларының санын уәкілетті орган жеке сот орындаушыларының республикалық алқасымен бірлесіп айқындайды.

Облыс орталығының және Астана мен Алматы қалаларының шектеріндегі жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы облыс орталығының және Астана мен Алматы қалаларының бүкіл аумағында қолданылады. Атқарушы округтер болып табылатын облыс аудандарының шектеріндегі жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы облыс аудандарының бүкіл аумағында қолданылады.

3. Кез келген жеке немесе заңды тұлға атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындауды жүзеге асыру үшін атқарылатын жері бойынша атқарушылық округтің аумағындағы кез келген жеке сот орындаушысына, егер оның қызметінің аумағында борышкер тұратын болса (заңды тұлғалар үшін - заңды мекенжайы), оның мүлкі тұрса не жұмыс орны болса, өтініш жасауға құқылы.

157-бап. Жеке сот орындаушысының кеңсесі

1. Жеке сот орындаушысының жұмыс орны жеке сот орындаушысының кеңсесі болып табылады.

2. Жеке сот орындаушысының кеңсесі оның қызметі үшін аумақтық орган жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасымен бірлесіп айқындаған еркін кіру үшін ашық және азаматтарды қабылдау үшін жарамды жердегі атқарушылық округте тұруға тиіс. Жеке сот орындаушысы кеңсесінің тұрған жері мен жабдықтарына қойылатын талаптарды уәкілетті орган жеке сот орындаушыларының республикалық алқасымен бірлесіп белгілейді.

3. Сол бір атқарушылық округке жұмысқа тағайындалған жеке сот орындаушыларының аумақтық органның рұқсатымен бір ортақ кеңсесі болуы мүмкін. Ортақ кеңсені ұстаған жағдайда әрбір жеке сот орындаушысы өз өкілеттігін өз атынан жүзеге асырады және оларды жасағаны үшін жеке жауапкершілікте болады.

4. Жеке сот орындаушылары жұмыс күндері ұзақтығы төрт сағаттан аптасына екі реттен сирек емес жеке қабылдау уақытын белгілеуге тиіс. Жекеше сот орындаушысы кеңсесінің жұмыс уақыты мен қабылдау сағаттары жалпы жұрттың назарына жеткізілуіне тиіс.

5. Жеке сот орындаушысы дара кәсіпкерлер үшін белгіленген нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді.

158-бап. Жеке сот орындаушысының жеке мөрі, лауазымдық белгісі, мөртабаны және бланкілері

1. Жеке сот орындаушысы өзінің тегі, аты мен әкесінің аты, жекеше сот орындаушылары өңірлік алқасының, атқарушылық округтің атаулары, лицензиясының нөмірі көрсетілген жеке елтаңбалық мөрі, сондай-ақ мөртабаны мен жеке бланкілері болады.

Жеке сот орындаушысының жеке мөрінің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

2. Жеке сот орындаушысының лауазымдық жетоны болады, оның сипаттамасын және пайдалану тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

159-бап. Атқарушылық іс жүргізудегі іс жүргізу

1. Жеке сот орындаушысының кеңсесіндегі іс жүргізуді жеке сот орындаушылары уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес жүргізеді.

2. Жеке сот орындаушыларының іс жүргізу ережелерін орындауын бақылауды жеке сот орындаушылары өңірлік алқасымен бірлесе отырып аумақтық органдар жүзеге асырады.

160-бап. Жеке сот орындаушысының көмекшілері мен тағылымдамашылары

1. Жеке сот орындаушысы көмекшілері мен тағылымдамашыларының болуына құқылы.

2. Жеке сот орындаушысының көмекшілері жеке сот орындаушысының лицензиясы бар Қазақстан Республикасының азаматы болуы мүмкін.

3. Жеке сот орындаушысының тағылымдамашылары жоғары заңгерлік білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы болуы мүмкін. Тағылымдамашылар сот орындаушысы жұмысының кемінде үш жыл, оның ішінде кемінде бір жыл жеке сот

орындаушысы лауазымының жұмыс стажы бар жеке сот орындаушысынан тағылымдамадан өтеді. Жеке сот орындаушысы бір мезгілде екі тағылымдамашыдан аспайтын тағылымдамашыларды алуға құқылы.

4. Жеке сот орындаушылары тағылымдамашыларының тағылымдамадан өтуінің тәртібі, мерзімдері мен шарттары Жеке сот орындаушылары республикалық алқасымен келісу арқылы уәкілетті орган бекітетін Жеке сот орындаушысынан тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережемен айқындалады.

5. Жеке сот орындаушысының тағылымдамашысы мен көмекшісінің құқықтары және міндеттері еңбек шартымен айқындалады.

23-тарау. Жеке сот орындаушысын ауыстыру тәртібі

161-бап. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған, лицензиясынан айырылған немесе қызметі тоқтатылған жағдайда жеке сот орындаушысын ауыстыру тәртібі

Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған, лицензиясынан айырылған немесе қызметі тоқтатылған жағдайда жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының басшымен келісілген аумақтық орган басшысының шешімімен оның міндетін уақытша атқарушы болып басқа жеке сот орындаушысы тағайындалады.

162-бап. Уақытша болмаған жеке сот орындаушысын басқа жеке сот орындаушысымен ауыстыру тәртібі

1. Жеке сот орындаушысы өкілеттіктерін еңбек демалысы, ауырып қалуы, біліктілігін арттыру, жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының, Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының сайланбалы органдарында жұмыс істеу себебімен және басқа да дәлелді себептермен үш күннен асатын мерзімде атқаруы уақытша мүмкін болмаған жағдайда бұл туралы тиісті аумақтық органды хабардар етеді. Жеке сот орындаушысы ауыстыру туралы ұсынысты, әдетте, өз өкілеттіктерін атқару уақытша мүмкін болмауға әкеп соғатын мән-жайлар басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын енгізуге тиіс.

2. Сонымен бір мезгілде жеке сот орындаушысы аумақтық органға осы алқаның мүшесі болып табылатын, уақытша жұмыста болмаған кезінде өзін ауыстыруға келісім берген басқа жеке сот орындаушысының кандидатурасын аумақтық органға ұсынады.

3. Аумақтық орган уақытша болмаған жеке сот орындаушысын оның болмаған кезеңде ауыстыратын жеке сот орындаушысын тағайындайды.

163-бап. Жеке сот орындаушысын уақытша ауыстыратын адамға өкілеттіктер беру

1. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының басшымен келісілген аумақтық органның басшысының бұйрығымен жеке сот орындаушысының міндеттерін уақытша болмаған жеке сот орындаушысын ауыстыратын адамға өкілеттіктер береді.

2. Өкілеттіктер беру күнтізбелік жыл ішінде туындауы мүмкін жеке сот орындаушысының қызметтік міндеттерін атқаруының мүмкін болмауы негіздері (еңбек демалысы, ауырып қалуы, біліктілігін арттыру, жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының, Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының сайланбалы органдарында жұмыс істеу және басқа да дәлелді себептер) айқындала отырып күні бұрын жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Уақытша болмаған жеке сот орындаушысын ауыстыратын адамдарға өкілеттіктер беру жеке сот орындаушысының және жеке сот орындаушысының міндетін атқаруға тілек білдірген адамның арасында жасалған келісімнің негізінде жүргізіледі.

4. Уақытша болмаған жеке сот орындаушысын ауыстыратын адамның әкілеттіктері оған атқарушылық әрекеттерді және жеке сот орындаушысының қызметтік міндеттерін тікелей атқару құқығы берілгеннен кейін туындайды және өкілеттіктерді жеке сот орындаушысына тапсырған кезде аяқталады.

5. Жеке сот орындаушысы өзінің лауазымдық міндеттерін оны уақытша ауыстыратын адам атқарған кезеңде атқаруға құқылы емес.

164-бап. Жеке сот орындаушысын ауыстыратын адамдардың еңбегіне ақы төлеу және олардың жауапкершілігі

1. Оны уақытша ауыстыратын адам жеке сот орындаушысының міндеттерін атқарғаны үшін келісімде келісілген ақшалай сыйақы алады.

2. Уақытша болмаған жеке сот орындаушысын ауыстыратын адамның келтірген залалдары үшін жеке сот орындаушысы жауапкершілікте болады. Бұл ретте жеке сот орындаушысы не жеке сот орындаушысының жауапкершілігін сақтандырған сақтандыру компаниясы оның міндеттерін атқаратын адамға келтірілген залал үшін төленген өтем мөлшерінде кері талап қоюға құқылы.

24-тарау. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы.

Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы

165-бап. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы

1. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы, жеке сот орындаушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ олардың атқарушылық әрекеттер жасауы кезінде атқарушылық заңнаманы сақтауын бақылауды жүзеге асыру үшін құрылған кәсіптік одақ болып табылатын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Жеке сот орындаушысы сонымен бір мезгілде жеке сот орындаушыларының бір өңірлік алқасында ғана бола алады.

3. Сонымен қатар сот орындаушысының лицензиясын алған немесе алуға тілек білдірген адамдар кеңесші дауыс құқығымен жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының мүшелері болуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының әрбір облысының, республикалық маңызы бар қаласының және астанасының аумағында жеке сот орындаушыларының бір өңірлік алқасы құрылады.

5. Жеке сот орындаушыларының қызметі осы Заңмен және жарғымен реттеледі. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы заңды тұлға болып табылады және белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы өз қызметін өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру принциптерімен ұйымдастырады.

6. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы қауымдастық (одақ) нысанындағы Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасына бірігеді.

166-бап. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының өкілеттіктері

1. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы:

1) мемлекеттік органдарда жеке сот орындаушылары атынан өкіл болады және олардың мүдделерін қорғайды;

2) оларға атқару құжаттарын орындау жөнінде көмек көрсетеді және қызметін дамытуға жәрдемдеседі;

3) жеке сот орындаушыларының атқарушылық әрекеттерді жасауы кезінде атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың сақталуына кәсіптік бақылауды жүзеге асырады;

4) жеке сот орындаушысы лауазымына үміткер адамдардың тағылымдамасын және жеке сот орындаушыларының біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5) заңда белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушыларына қатысты тәртіптік өкілеттіктерді жүзеге асырады;

6) кәсіби әдеп мәселелері бойынша комиссияны құрады және оның жұмысын ұйымдастырады;

7) жеке сот орындаушыларының қызметіне байланысты іс бойынша сот тағайындаған сараптамаға шығындарды өтейді;

8) жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды ұйымдастырады;

9) жеке сот орындаушылары өздерінің атқарушылық округінде (учаскесінде) жүргізген атқарушылық іс жүргізулердің тізілімін жүргізеді;

10) жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;

11) аумақтық органдар жеке сот орындаушыларының міндеттерін тиісінше жүзеге асыра алмау оқиғалары, атап айтқанда, жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын бұзушылықтар туралы хабарландырып отырады;

12) атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы қолдану практикасын жинақтайды және оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады;

13) талдамалық және ғылыми жұмысты жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасына және аумақтық органға өз қызметі туралы ақпарат беріп отырады. Ақпарат берудің нысаны мен мерзімін уәкілетті орган бекітеді.

167-бап. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының жарғысы

1. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының жарғысында:

1) атауы, мақсаты және қызметінің негізгі түрлері;

2) алқаның құқықтары мен міндеттері;

3) мүшелікті иеленудің, тоқтата тұрудың және одан айырудың шарттары мен тәртібі

;

4) мүшелердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;

5) басшы органдардың өкілеттіктерін қалыптастырудың тәртібі, функциялары мен мерзімдері;

6) мүліктердің пайда болуының көздері және мүліктер мен кірістерді пайдаланудың тәртібі;

7) жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

8) алқаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін, тарату кезіндегі мүліктің тағдыры көзделуге тиіс.

2. Жеке сот орындаушыларының жарғысында сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге ережелер болуға тиіс.

168-бап. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының органдары

1. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының жоғары органы жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы мүшелерінің жиналысы болып табылады. Жеке сот орындаушылары болып табылатын жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының мүшелері дауыс берген кезде шешуші дауыс құқығына, ал жекеше сот орындаушыларының көмекшілері мен тағылымдамашылары - кеңесші дауыс құқығына ие болады.

2. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының ағымдағы қызметіне өңірлік алқа мүшелерінің жиналысында құпия дауыс беру арқылы сайланған басқарма және президент басшылық етеді.

3. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы органдарының өкілеттіктері осы Заңмен және оның жарғысымен регламенттеледі.

169-бап. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы мүшелерінің мүшелік жарналары мен басқа да төлемдері

1. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы мүшелерінің функцияларын орындау үшін қажетті мүшелік жарналары мен басқа да төлемдерінің мөлшерін Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы мүшелерінің жиналысы айқындайды.

2. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасына жеке сот орындаушылары төлейтін жарналардың жиырма бес процентін аударады.

170-бап. Жеке сот орындаушыларының жеке сот орындаушылары өңірлік алқасына мәліметтер беру міндеті

1. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы мүдделі адамдардан түскен шағымдарға және өзге де өтініштерге байланысты жеке сот орындаушысынан (болмаған жекеше сот орындаушысының орнын басатын адамнан) жасалған атқарушылық әрекеттері туралы мәліметтерді, оның

қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты өзге де құжаттарды, ал қажет жағдайларда - жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасына жеке түсініктерді, оның ішінде кәсіби әдеп талаптарын сақтамау мәселелері бойынша сұратып ала алады.

2. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы алынған ақпаратты жеке сот орындаушыларының сақтандыру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға беріп отыруға құқылы.

3. Жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының лауазымды адамдары атқарушылық әрекеттердің жасалу құпиясын сақтауға міндетті. Жеке сот орындаушысының құпиясын жария еткені және оған келтірілген залал үшін, оның ішінде бұл өзге адамдарға жеке сот орындаушысы тарапынан келтірілген залалға өтем жасау қажеттігіне әкеп соқтырса, кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

171-бап. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы

1. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы жекеше сот орындаушыларының өңірлік алқасының кәсіптік бірлестігі болып табылатын, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы заңды тұлға болып табылады және өз қызметін өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру принциптерімен ұйымдастырады.

3. Жеке сот орындаушыларының әрбір өңірлік алқасы Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының Жарғысында көзделген тәртіппен Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының құрамына екі өкілін сайлайды.

4. Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының Жарғысын жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының өкілдер жиналысы қабылдайды.

5. Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының қызметі осы Заңмен және жарғымен реттеледі. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады.

172-бап. Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының органдары

Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасының жоғарғы органы жеке сот орындаушыларының өңірлік алқалары өкілдерінің жиналысы болып табылады. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасының күнделікті қызметін басқаруды, жеке сот орындаушыларының өңірлік алқалары өкілдерінің жиналысында құпия дауыс беру арқылы сайланған басқарма және президент жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы органдарының өкілеттіктері осы Заңмен және Жарғысымен регламенттеледі.

173-бап. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасының қызметін қаржыландыру

Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасының қызметін қаржыландыру осы Заңның 169-бабының 2-тармағына сәйкес жеке сот орындаушылардың өңірлік алқаларымен аударылатын міндетті төлемдердің есебінен жүзеге асырылады.

174-бап. Жеке сот орындаушылары республикалық алқасының өкілеттіктері

1. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы:

- 1) жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- 2) жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының және жеке сот орындаушыларының мүдделерін мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда білдіреді;
- 3) Сот орындаушылары мен қызметшілері халықаралық одағының, жеке атқарушылық қызмет ұйымдарының мәселелері бойынша басқа да халықаралық және шетелдік ұйымдардың жұмысына қатысады;
- 4) уәкілетті органның заң жобалау және сарапшылық қызметіне, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша және жеке атқарушылық қызметке байланысты басқа да мемлекеттік органдардың қызметіне қатысады;
- 5) жеке сот орындаушыларын оқытуды, олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
- 6) нормативтік құқықтық актіні әзірлеуге қатысады және жеке сот орындаушыларының атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік материалдарын әзірлейді;
- 7) жеке сот орындаушысының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 8) жеке практикамен айналысатын сот орындаушыларының әлеуметтік және кәсіби құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;
- 9) жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы қызметін мерзімдік тексеруді жүзеге асырады;

10) атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы қолданудың практикасын жинақтайды және оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады;

11) талдамалық және ғылыми жұмысты жүзеге асырады;

12) Жеке сот орындаушылары кәсіби ар-ожданының кодексін қабылдайды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасының жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы осы заңда және оның Жарғысында айқындалған өзінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін басқа коммерциялық емес ұйымдарды құруға құқылы.

3. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы уәкілетті органға жеке сот орындаушыларының атқару құжаттарын орындау жөніндегі ақпаратты жыл сайын беріп отырады.

25-тарау. Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылау және тәртіптік жауапкершілігі

175-бап. Жеке сот орындаушыларының атқарушылық әрекеттерді жасауына соттық бақылау

Атқарушылық әрекеттерді жасаудан бас тартуға немесе атқарушылық әрекеттерді дұрыс емес жасауға сот тәртібімен шағым беріледі.

176-бап. Жеке негізде сот актілерін орындау саласында уәкілетті органның өкілеттілігі

1. Уәкілетті орган:

1) Атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың Мемлекеттік тізілімі туралы ережені;

2) Жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу тәртібі туралы ережені;

3) Тәртіптік комиссияның жұмыс тәртібі туралы ережені әзірлейді және бекітеді.

2. Уәкілетті орган Жеке сот орындаушыларының Республикалық алқасымен біріге отырып:

1) Біліктілік емтихандары туралы ережені;

2) Біліктілік комиссиясы туралы ережені;

3) Жеке сот орындаушысының бос лауазымының орнын басуға конкурстан өту тәртібін;

4) Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру тәртібін;

5) Жеке сот орындаушысы кеңсесінің тұрғылықты жері мен жабдықтарына қойылатын талаптарды;

6) Жеке сот орындаушыларында тағылымдамадан өту тәртібін;

7) Жеке сот орындаушысы кеңсесіндегі іс жүргізу ережесін әзірлейді және бекітеді.

3. Уәкілетті орган:

1) осы Заңмен айқындалған өз құзыреті шегінде жеке сот орындаушыларының қызметін реттеуді және бақылауды жүзеге асырады;

2) жеке сот орындаушысының орнын басуға конкурс өткізеді;

3) конкурс қорытындысы бойынша жеке сот орындаушысы босаған лауазымына азаматтарды ұйымдастырады;

4) Республика және әрбір өңір бойынша жеке сот орындаушыларының сандық құрамын бекітеді;

5) атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқаулық және түсіндірмелік материалдарды әзірлейді;

6) жеке сот орындаушыларының қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;

7) осы Заңның 147-бабының 1-тармағымен қарастырылған негіздер бойынша жеке сот орындаушылары лицензияларының қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ жеке сот орындаушыларының лицензияларын тоқтата тұру туралы және айыру туралы сотқа талап арыздар береді;

8) мемлекеттік органдармен жеке сот орындаушыларын жария тізілімдерге және электрондық деректер базасына қосу туралы шарттар жасайды;

9) осы заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Уәкілетті орган Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасымен бірлесе отырып:

1) тиісті аумақтық органның ұсынысы бойынша атқарушылық округтердің өңір бойынша бекуін бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жеке сот орындаушысының тарифтері мен сыйақыларының ставкаларын әзірлейді және ұсынады.

5. Уәкілетті органның өкілдері Жеке сот орындаушылары республикалық алқасы жалпы жиналысының, басқармасы мен басқа да органдарының отырыстарына қатысуға құқылы.

177-бап. Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылау жөніндегі аумақтық органның құзыреті

1. Аумақтық орган:

1) жеке сот орындаушыларының осы заңды сақтауын және өздерінің міндеттерін тиісінше орындауын бақылауды ұйымдастырады;

2) жеке сот орындаушының лицензиясының әрекетін тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;

3) тәртіптік комиссияға жеке сот орындаушысын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізеді;

4) жеке сот орындаушыларын есептік тіркеуге алуды жүргізеді;

5) осы заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аумақтық орган жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасының келісімі бойынша:

1) уәкілетті органға жеке сот орындаушыларын атқарушылық округтер бойынша бекіту жөнінде ұсыныс енгізеді;

2) жеке сот орындаушысы уақытша болмаған кезде орнын басатын жеке сот орындаушысын тағайындайды;

3) жеке сот орындаушысының лицензиясына ие тұлғалар қатарынан жеке сот орындаушысының міндеттерін уақытша атқарушыны тағайындайды;

3. Аумақтық орган жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасымен бірлесе отырып:

1) уәкілетті органға өңірдегі сот орындаушыларының жалпы саны туралы ұсынысты бекіту үшін енгізеді;

2) жеке сот орындаушысының лицензиясын алған адамдардың резервін қалыптастырады;

3) жеке сот орындаушыларына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) жеке сот орындаушыларының жұмыс практикасын жинақтайды;

5) жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне азаматтардың және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

6) жеке сот орындаушылары жасайтын атқарушылық әрекеттердің заңдылығын және іс жүргізу ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) атқарушылық әрекетті жүзеге асыратын жеке сот орындаушыларының біліктілігін арттыруды жүргізеді.

4. Аумақтық орган өкілі жеке сот орындаушылары өңірлік алқасы жалпы жиналыстарының, басқармасының және басқа да органдарының отырыстарына қатысуға құқылы.

178-бап. Жеке сот орындаушысының қызметін бақылау

1. Жеке сот орындаушысы жасайтын атқарушылық әрекеттердің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақталуын бақылауды уәкілетті орган, жеке сот орындаушыларының Республикалық және өңірлік алқалары жүзеге асырады. Бақылауды жүзеге асыру тәртібін Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасымен бірлесе отырып уәкілетті орган белгілейді.

2. Жеке сот орындаушысының салық заңнамасын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының салық қызметі жүзеге асырады.

3. Жеке сот орындаушылары аумақтық органы мен өңірлік алқасының лауазымды адамдары жекеше сот орындаушысының қызметін тексеру кезінде белгілі болған атқарушылық әрекеттердің жасалу құпиясын сақтауға міндетті. Құпияны жариялағаны және келтірілген залалдар үшін бұл адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

4. Жеке сот орындаушысының жұмысын тексеру оның атқарушылық әрекеттерді бастағанынан кейін алты айдан ерте емес және бір жылдан кем емес жүргізіледі. Бұдан әрі жылына бір рет жоспарлы тексеру жүргізіледі.

Жеке сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар түскен жағдайда не оның өз міндеттерін жосықсыз орындауын куәландыратын басқа да ақпарат болған кезде жеке сот орындаушысының қызметіне жоспардан тыс тексеру жүргізілуі мүмкін.

5. Жеке сот орындаушылары тексеру жүргізуге уәкілетті лауазымды адамдарға жеке және заңды тұлғалармен есеп айырысуға қатысты мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ тексеру жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты тексеру жүргізуге уәкілетті лауазымды адамдарға беруге міндетті.

6. Осы баптың ережелері жеке сот орындаушыларын ауыстыратын адамдарға да қолданылады.

179-бап. Жеке сот орындаушыларының тәртіптік теріс қылықтары

Сот орындаушыларының тәртіптік теріс қылықтары:

1) лауазымдық міндеттерін кінәмен орындамауы немесе тиісінше орындамауы, оның ішінде жеке сот орындаушысы үшін белгіленген ставкаларға сай келмейтін тарифтер мен сыйақыларды алуы;

2) жеке сот орындаушыларының кәсіби ар-ождан кодексін бұзуы болып табылады.

180-бап. Тәртіптік жаза қолдану құқығы

1. Жеке сот орындаушыларына тәртіптік жазалар қолдануға құрамында кемінде 5 адам мүшелерінің тақ санынан тұратын тәртіптік теріс қылықтарды қарау үшін тәртіптік комиссия құратын уәкілетті орган мен аумақтық органның құқығы бар.

2. Тәртіптік комиссияның құрамына жеке сот орындаушылардың тиісті өңірлік алқасының өкілі міндетті тәртіппен кіреді.

181-бап. Тәртіптік іс жүргізуді қозғау

1. Уәкілетті орган немесе аумақтық орган, егер жеке сот орындаушысының қызметтік әрекетін бақылау нәтижесінде адамдардың шағымдарын қарау не өзгедей құжат немесе хабар жеке сот орындаушысының тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы ұйғарым жасауға мүмкіндік беретін жағдайларда тәртіптік іс жүргізуді қозғайды. Уәкілетті орган немесе аумақтық орган жеке сот орындаушысынан тәртіптік іс жүргізуді қозғау үшін негіз болатын мән-жайлар туралы жазбаша түсіндірмені талап етеді.

2. Тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы уәкілетті орган немесе аумақтық орган бұйрық шығарады, ол шығарылғаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей, жеке сот орындаушысының назарына жеткізіледі.

182-бап. Тәртіптік комиссияның тәртіптік теріс қылықты қарауы

1. Тәртіптік комиссияның отырысы оның құрамындағы санының кемінде үштен екі кворумы болған кезде заңды болып табылады. Комиссияның отырысына өзіне қатысты тәртіптік іс жүргізу қозғалған жеке сот орындаушысы шақырылады. Тәртіптік

комиссия отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған жеке сот орындаушысының келмей қалуы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

2. Тәртіптік комиссияның отырысын өткізу тәртібі уәкілетті орган бекіткен Ережеге сәйкес айқындалады.

183-бап. Тәртіптік іс жүргізу жөніндегі уәкілетті органның немесе аумақтық органның шешімі

Уәкілетті орган немесе аумақтық орган тәртіптік комиссияның қорытындысы негізінде тәртіптік теріс қылықтың жасалу фактісін анықтағаны туралы бұйрық шығарады және тәртіптік жаза қолданады не тәртіптік теріс қылықтың жасалу фактісінің болмағаны туралы бұйрық шығарады және тәртіптік іс жүргізуді тоқтатады.

184-бап. Тәртіптік жазалар

1. Жеке сот орындаушысына салынатын тәртіптік жазалар:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) уәкілетті органмен жеке сот орындаушыны лицензиясынан айыру туралы талап арызды сотқа жолдау.

2. Уәкілетті және аумақтық органның тәртіптік жазаны қолдану туралы бұйрығы оған қол қойылған күннен бастап үш күндік мерзімде тәртіптік жауапкершілікке тартылған жеке сот орындаушысына тапсырылады.

185-бап. Тәртіптік жазаларды қолдану мерзімдері

Тәртіптік теріс қылықтар үшін тәртіптік жазалар тәртіптік теріс қылық жасалғаннан кейін бір жыл ішінде және ол белгілі болған күннен бастап үш ай ішінде қолданылуы мүмкін.

186-бап. Бір теріс қылық үшін бірнеше тәртіптік жаза қолдануға тыйым салу

1. Әрбір теріс қылық үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

2. Тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін теріс қылық жасауды жалғастыру жаңа теріс қылық болып есептеледі және ол үшін жеке сот орындаушысына жаңа тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

187-бап. Тәртіптік жаза қолдануды әкімшілік, қылмыстық немесе материалдық жауапкершілікке тартумен араластыру

Жеке сот орындаушысын әкімшілік, қылмыстық немесе материалдық жауапкершілікке тарту тәртіптік жазаны сол іс-әрекет үшін қолдануға кедергі келтірмейді.

188-бап. Тәртіптік жазаны өтеу

Тәртіптік жаза, егер тәртіптік жаза қолданылғаннан күннен бастап алты ай ішінде жеке сот орындаушысы жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, өтелген болып есептеледі.

189-бап. Тәртіптік жазаны алып тастау

Аумақтық органның басшысы жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының ұсынысы бойынша тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауы мүмкін.

190-бап. Тәртіптік жазаға шағымдану

Жеке сот орындаушысы өзіне тәртіптік жаза қолдану туралы шешім тапсырылған күннен бастап, үш айлық мерзімде сотқа тәртіптік жазаға шағымдануға құқылы.

4-бөлім. Қорытынды ережелер

26-тарау. Қорытынды ережелер

191-бап. Осы Заңды әрекетке енгізу

1. Осы Заң бірінші ресми жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін әрекетке енгізіледі.

2. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы құрылғанға дейін оның нормативтік актілерді әзірлеу және қабылдау жөніндегі функцияларын уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 24, 153-құжат; 2006 ж., N 11, 55-құжат; 2007 ж., N 4, 28-құжат; N 5-6, 40-құжат; N 10, 69-құжат; N 20, 152-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті